

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Бөрібаева Сафура Болатовна

**Қазақ тілінде
дипломатиялық және мемлекеттік
құжаттарды рәсімдеу**

*Халықаралық қатынастар факультетінің студенттеріне
арналған оқу құралы*

Алматы 2011 жыл

Пікір жазғандар:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Н.Мақашева

Абай атындағы ҚазҰПУ

филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Қосымова

ҚР ҰҚК Академиясы

филология ғылымдарының докторы, доцент С.Б.Қоянбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты **Бөрібаева Сафура Болатовна**

Қазақ тілінде

дипломатиялық және мемлекеттік құжаттарды рәсімдеу

Оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2011. –321бет.

Оқу құралы жоғары оқу орындары халықаралық қатынастар факультетінің қазақ және орыс тілді аудиторияларында халықаралық құжат үлгілерін, сонымен қатар қазіргі таңда қоғамда өзектілік танытып отырған аса маңызды мәселелердің бірі – дипломатиялық және мемлекеттік құжаттарды қазақ тілінде рәсімдеуді теориялық және практикалық тұрғыдан жетік меңгертуге арналған.

Оқу құралын аталған факультеттің студенттері мен магистранттары және оқытушылары мемлекеттік тілдің қолданылу аясын дамыту мәселелерінде кеңінен жүйелі қолдана алады.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының Тіл саясаты Тұжырымдамасында мемлекеттік тілдің қолдану аясын дамыту мен кеңейту мәселелері нақты атап көрсетілген. Осы тұрғыдан алғанда, тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама жобасындағы басым бағыттардың бірі – мемлекеттік тілді оқытуды тиімді ұйымдастыру және тіл үйрету әдістемесін жетілдіру мәселесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің ең алдымен 1998 жылғы 5 қазандағы № 4106 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», сондай-ақ 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» белгілеп берді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамыздағы «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» қаулысында да қазақ тіліндегі ресми іс қағаздарын дамытуға айрықша мән берген. Тілді оқыту мен үйретудің озық әдістемелерін және жаңа технологияларды енгізу осы мемлекеттік бағдарламаның қағидаттарының бірі болып табылады.

«Қазақ тілінде дипломатиялық және мемлекеттік құжаттарды рәсімдеу» атты оқу құралы халықаралық қатынастар факультетінің халықаралық қатынастар және аймақтану бөлімдерінде «Мемлекеттік тілде халықаралық құжаттарды құрастыру», «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» пәндері бойынша өтілетін элективті курстарға арналған.

Оқу құралының басты мақсат-міндеті – мамандыққа қатысты ресми құжат үлгілерімен таныстырып, дайын трафаретті құжаттарды сауатты толтыруға бейімдеу, ресми құжаттарды қазақ тілінде жазуға дағдыландыру, бұқаралық ақпарат құралдарының құжаттары мен дипломатиялық құжат үлгілерін меңгерту, мемлекеттік тілдегі іскери қарым-қатынасты дамыту, келіссөздерді дипломатиялық деңгейде жүргізе білу, халықаралық құжаттарды мемлекеттік тілде құрастыруды, рәсімдеуді қалыптастыру және терминдер мен негізгі ұғымдардың мағынасын түсіндіру мақсатында кәсіби сөздік қорларын байыту көзделеді.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде әлемдік озық тәжірибелерді енгізуге байланысты, оқу үдерісінде кредиттік технологиялармен жұмыс істеуде. Бүгінгі күннің талабына айналып отырған мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу қажеттілігі қоғамда аса маңыздылық танытады. Болашақ дипломат мамандар қазақ тілін жетік меңгерген кәсіби тұлға ретінде қалыптасуы тиіс.

Осыған орай берілген тақырыптар негізінен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінде оқыту барысында тәжірибеден өткізілді.

Оқу құралында пайдаланылған құжат түрлері: іс жүргізу, құжаттарды тіркеу, іскерлік қарым-қатынас этикеті, дипломатиялық протокол, дипломатиялық этикет, сенім грамоталары, кері шақыру грамоталары, акт, еңбек келісімдері,

өмірбаян, резюме, өтініш, жеке іс парағы, сауалнама, ұсыным хат, пресс-релиз, лауазымдық нұсқаулық, жарғы, көптеген құжат үлгілері, анықтамалары және дипломатиялық терминдер орысшадан қазақшаға аударылып берілген. Әр тараудың соңында студенттердің білім деңгейін тексеруге арналған лексикалық-грамматикалық тест құрастырылған. Оқу құралында оқытудың кредиттік технология талаптары бойынша СОӨЖ сабақтары мен СӨЖ-ге арналған тапсырмалар жүйеленген. Оқу құралының соңында тақырыптық терминдер мен негізгі ұғымдардың қазақша-орысша сөздігі берілген.

Автор

I ТАРАУ ІС ЖҮРГІЗУ

Іс жүргізу – құжаттармен жұмыс істеуді үйрететін ғылым: іс қағаздарын дұрыс жасау, толтыру және рәсімдеу, сондай-ақ олардың қозғалысын, есепке алуды, орындауды, сақтауды ұйымдастыруды бақылау. Қазір бір де бір мекеме, ұйым іс жүргізусіз жұмыс істемейді. Іс жүргізуді дұрыс ұйымдастыру мекеменің үздіксіз жұмыс істеуіне ықпал етеді және табысқа жету жолында тиімді құрал болып саналады. Іс жүргізудің маңызды құрамдас бөлігі болып іс қағаздарын жасау және рәсімдеу үдерісі – құжаттау болып саналады.

Іс жүргізу – бұл басқару іс-қимылдары үдерісінде құжаттау және құжаттармен жұмысты ұйымдастыру мәселелерін қамтитын қызмет. Ол құжаттарды жасау және рәсімдеу бойынша барлық операциялардың да, құжаттармен жұмыстың барлық кешенін де құрайды (хат алмасуды жүргізу, орындау және орындауды бақылау, құжаттарды есепке алу, оларды жүйелендіру, сақтау, пайдалану, мұрағатқа тапсыру тәртібі және т.б.). Іс жүргізуді зерделеудегі негізгі объект құжат, сондай-ақ олармен жұмыс істеу үдерісі болып саналады. Құжат – уақыт және кеңістікте таратуға арналған адам бекіткен тәсілмен құрастырылған ақпараты бар материалдық объект. Белгіленген тәртіпте жасалған және рәсімделген құжат ресми (басқару) құжаты деп аталады. Әрбір құжаттың құрамына бірқатар элементтер (реквизиттер) кіреді: мәтін, құжат түрінің атауы, авторы, адресаты, күні, қолы және т.б. Құжаттың негізгі реквизиті болып оның мәтіні саналады. Барлық құжаттар әртүрлі белгілері бойынша жіктелуі мүмкін. Ең алдымен, құжаттарды шығу уақыты бойынша топтарға бөлуге болады. Өз кезегінде, әрбір тарихи кезеңнің құжаттамасы шығу тегі бойынша сыртқы және ішкі, қызметтік және жеке болып бөлінеді. Мазмұнының күрделілігі бойынша құжаттар жай және күрделі, шығарылымы бойынша – түпнұсқа және көшірме болып бөлінеді. Маңызды болып саналатыны құжаттарды түрлері және әртүрлілігі бойынша жіктеу. Түр – бір атауы бар (бұйрық, акт, жазба) құжаттар тобын білдіру үшін қолданылатын ұғым. Құжаттың әртүрлілігі «түр» ұғымын нақтылайды, осы түрмен (қызметтік хат, баянжазба, түсініктеме, түсініктеме жазба) құжатталған қызмет сипатын анықтайды. Кез келген басқару шешімі ақпараттың негізінде шығарылады, ал қабылданған шешімнің дұрыстығы берілген ақпараттың толықтығына, нақтылығына және уақытына байланысты. Құжат ақпаратты бекітуді, жинауды, өңдеуді, беруді, пайдалануды және сақтауды қамтамасыз етеді.

Басқару нысандары құжаттардың түрлерімен тығыз байланысты, мысалы, есепке алу – әртүрлі есептерді жазу арқылы; жоспарлау – жоспарларды жасау арқылы; нұсқау жүргізу – әдістемелерді, нұсқаулықтарды әзірлеу арқылы; басшылық – бұйрықтарды, өкімдерді шығару арқылы.

Құжат ақпараттың тұтынушысы, басқару шешімдерінің бекіту және беру құралы, белгілі бір нәрсені дәлелдеудің тәсілі, фактілердің көзі болуы мүмкін.

Құжаттардың функциялары:

- ақпараттық (құжаттау, ақпаратты сақтау және беру);
- басқару (басқару мәселелері құжаттардың көмегі арқылы шешіледі);
- коммуникативті (құжаттар ақпарат алмасудың құралы болып саналады);
- құқықтық (құжат сотта жазбаша дәлел және құқықтың көзі болуы мүмкін);
- ұйымдастырушылық (құжат іс-қимылды белгілейді немесе реттейді);
- ғылыми-тарихи (мұрағаттық құжаттардың көмегі арқылы тарихи, ғылыми және мәдени мұралар сақталады)

Құжаттарды тіркеу

Мекемеге келіп түсетін хат-хабарды (корреспонденция) қабылдау орталықтандыру экспедициясында – кеңсе бөлімшелері немесе хатшы арқылы жүзеге асырылады. Келіп түскен конверттердің барлығы ашылуы тиіс, тек «жеке» деген белгілері бар конверттерді ашуға болмайды. Конверт арқылы жөнелтушінің мекенжайы анықталғанда ғана конверттерді жоюға болады. Барлық келіп түскен құжаттамалар тіркелетін және тіркеуге жатпайтын болып іріктеледі.

Құжаттарды тіркеу дегеніміз – деректің шығуын бекіту немесе құжатқа бірегейлі тіркеу нөмірін (құжат индексін) тағайындау және тіркеу журналына ол туралы мәлімет жазу.

Іс қағаздары қызметінде тіркеуге жатпайтын құжаттар:

1. Жарнама материалдары.
2. Мәжілістер, конференциялар және олардың бағдарламалары туралы мәлімдемелер.
3. Прейскуранттар.
4. Басылымдар (кітаптар, журналдар, газеттер).
5. Жеделхаттар.
6. Тақырыптар бойынша ғылыми есептер.
7. Құттықтау хаттары мен шақыру билеттері.
8. Бухгалтерлік құжаттар.
9. Мәлімет үшін жіберілген хаттардың көшірмелері.

Құжаттарды тіркеу кезінде, мекемелерде келесі ережелерді орындай білу қажет:

1. Әрбір құжат тек бір рет тіркеледі.
2. Барлық құжаттар тек бір жерде тіркеледі.
3. Барлық құжаттар мекеме қабылдаған бірыңғай нысанда тіркеледі.

Құжаттың тіркеу нөмірі төмендегідей элементтерден тұрады:

1. Мекеме шифрының министрлікте немесе ведомствода болуы.
2. Іс нөмірінің ішіне құжат немесе оның көшірмесі тігіледі.
3. Тіркеу журналында құжаттың реттік нөмірі көрсетіледі.

Кіріс құжаттарын тіркеу

Кіріс құжаттарының бірінші бетінің оң жақ бұрышының төменгі жағына мөртабан (штемпель) арқылы тіркеу штампы қойылып, оның үстіне мерзімі және құжат индексі басылып, тіркеледі.

Шығыс құжаттарын тіркеу

Шығыс құжаттарының сол жақ бетінде арнайы орын қалдырылған бланктің тұрақты деректемелерінің үстіне мерзімі және құжат индексі қойылады.

(Орыс тілінен аударылып берілді)

Іскерлік қарым-қатынас этикеті

Іскерлік қарым-қатынас этикеті.

Этикет – белгілі бір мінез-құлықтың белгіленген тәртібі. Іскерлік этикет – іскерлік қарым-қатынас жүйесіндегі мінез-құлық тәртібі. Іскерлік этикет ережелерінің негізі мыналар:

- іскер әріптеске әдепті және сыпайы қатынас;
- әртүрлі қызметтік жағдайдағы қызметкерлер арасындағы белгілі бір ара-қашықтықты сақтау;
- шешім қабылдауды білу және оларды орындау қабілеті;
- іскерлік қарым-қатынастағы адалдық;
- әріптесті ренжітпей және оның арына тиіспей, «иә» және «жоқ» деп айта білу;
- сіздің пікіріңізге сәйкес келмейтін өзгенің пікіріне төзімділік;
- өз қателіктеріңді мойындай білу, өзіңе-өзің сынмен қарау;
- дауласу кезінде беделіңді емес, аргументіңді пайдалана білу.

Жазбаша іскерлік қарым-қатынаста іскерлік этикетті сақтау қажет: қарым-қатынас формуласында, өтініштерде, бас тартуларда, шағымдарда (претензия), аргументтеу тәсілдерінде, тапсырмаларды құрастыруда және т.б.

Үндеу – адресат тұлғасына апелляциясы. Үндеудің міндеті – адресатпен байланысты орнату, оның назарын аудару, қызықтыру. Үндеудің едәуір жалпы формулалары іскерлік қарым-қатынастың кез келген жағдайында пайдаланылуы мүмкін.

Құрметті (тегі)... мырза! (Уважаемый господин...!) Құрметті (тегі)... ханым! (Уважаемая госпожа...!) Немесе Құрметті мырзалар! (Уважаемые господа!)

Лауазымды тұлғаларға лауазымын көрсете отырып және тегін атамай (фамилиясыз) үндесуге болады:

Құрметті Президент мырза! (Уважаемый господин Президент!) Құрметті Төраға мырза! (Уважаемый господин председатель!) Құрметті әкім мырза!

(Уважаемый господин мэр!) Құрметті министр мырза! (Уважаемый господин министр!)

Шақыру хаттарында, құттықтауларда аты және әкесінің аты бойынша үндеуге жол беріледі:

Құрметті Асхат Қайратұлы! Құрметті Лаура Болатқызы!

Бір кәсіптік ортаға үндеу кезінде мынадай үндеулерге жол беріледі:

Құрметті әріптестер! (Уважаемые коллеги)

Этикет ережесіне сәйкес, егер құжат адресатқа жеке үндеу формуласымен басталатын болса, онда құжаттың соңында қолдың алдында *«Құрметпен...»*

(С Уважением...) деген сыпайылық қорытындылау формуласы болуы қажет. Іскерлік қарым-қатынас сипаты бойынша ресми болғандықтан, оның қатысушылары – ұйымның атынан әрекет ететін лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өтініштер, сұрау хаттар, ұсыныстар, пікірлер т.с.с. құрастыру кезінде көпше түрдің 1- жағында үндеу нысаны қабылданған:

Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан-Қытай мәдени-ынтымақтастық саласындағы» келісім жобасын ұсынамыз...

Сіздердің қарауларыңызға және бекітулеріңізге Бас сызба жобасын ұсынамыз...

10.10. 2010ж. №9-8/23 келісімшарттың орындалу мерзімінің аяқталып келе жатқанын Сіздердің естеріңізге саламыз...

Симпозиумға қатысу мүмкіндігіңіз туралы хабарлауыңызды өтінеміз...

Жекеше түрдің 1-жағы бойынша үндеу формуласы (*«өтінемін», «ұсынамын», «шақырамын»*) лауазымдық тұлғалардың бланкілерінде рәсімделген құжаттарда пайдаланылады. Хат алмасу кезінде іскерлік этикет нормаларын сақтаудың үлкен маңызы бар. Хат алмасудың бірінші және негізгі ережесі – жауап созбау, өз тілшісін күттірмеу. Белгіленген мерзімде жауап беру мүмкіндік болмаса, бұл туралы адресатқа қалай және қашан түпкілікті жауап берілетінін хабарлау қажет; осыған орай, кешіктіргенге кешірім сұралуы тиіс, оның объективтік себебін түсіндіру қажет. Іскер әріптеспен шынайы болуы және оған сену қажет. Керек емес хаттарды жазудың қажеті жоқ. Әрбір хат қандай мәселені қамтымасын, көп сөзді емес, барынша ақпаратты болу тиіс. Жауапты дайындау кезінде «адресат» реквизитін рәсімдеуге ұқыпты болған жөн: егер келген хатқа басшысы қол қойса, онда жауапты соның атына жіберу қажет, егер басшының орынбасары қол қойса – онда оған жауап беру қажет. Хат алмасу бойынша әріптестен жауап күтілген және ол маңызды болса, онда келесі хатта әріптестің жауабына алғыс айтқан жөн. Егер әріптес орындалуы мүмкін емес өтініш білдірсе, онда мүмкіндігінше оның орнына басқа бір ұсынысты немесе кейінірек хабарласуды өтіну немесе өзге мекемеге хабарласуды ұсыну, жауаптан бас тарту себебін түсіндіру қажет, өтірік сыпайылықтар алынып тасталуы тиіс. *«Жылы қабақ танытуыңызды өтінемін» (Будьте так любезны)* және *«Хабарлауға қарсы болмауыңызды өтінемін» (Не откажите в любезности сообщить)* сияқты іскерлік хаттардағы орынсыз үндеулер болмауы тиіс.

Қызметтік хаттардың мәтіндерінде «мен» және «ол» есімдіктері алып тасталсын, олардың орнына «біз» және «Сіз» есімдіктерімен алмастырылуы тиіс. «Біз орындаймыз» (*Мы выполним*) сөздері ырықсыз етістермен «бізбен орындалады» (*Нами будет выполнено*) ауыстырылуы жөн; «Сіз ұсынасыз» (*Вы предлагаете*) емес «Сізбен ұсынылды» (*Вами предложено*).

Егер әріптеске оның алған міндеттемесін орындау қажеттілігі туралы еске түсіру қажет болса, онда еске түсіру немесе претензия (уәж) ешқандай дәрежелісіз бірқалыпты және анық құрастырылуы тиіс.
(*Орыс тілінен аударылып берілді*)

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. *Іс жүргізу дегеніміз не?*
2. *Құжаттар қандай функция атқарады?*
3. *Іс қағаздары қызметінде қандай құжаттар тіркеуге жатпайды?*
4. *Кіріс және шығыс құжаттары қалай тіркеледі?*
5. *Іскерлік қарым-қатынасы этикетін қалай түсінесіз?*

СТИЛЬ. СТИЛИСТИКА

Тілдің көркемдегіш, бейнелегіш, мәнерлі, әсерлі мән беретін құралдарын зерттейтін тіл білімінің саласы стилистика ғылымы деп аталады.

Стилистикадағы негізгі ұғымдардың бірі – стиль. Оны осы күнге дейін әркім әр түрлі түсінеді. Себебі стиль терминінің мазмұны кең, оның жұмсалатын орны көп.

Стиль – латынша *stylos* (қазақша – жазу құралы) деген сөз. Латын тілінде кейіннен стиль сөзі «жазу мәнері» деген мағынада қолданылатын болған. Стиль көркемдеп сөйлеудің, ойды айтылу мақсатына қарай мәнерлі, әсерлі жеткізудің тілдік амал-тәсілдерінің жиынтығы, тілдік единицалардың (дыбыстардың, грамматикалық тұлғалардың, сөздердің, сөздер тіркесі мен сөйлемдердің қалыптасқан жүйесі деген ұғымды білдіреді.

Орта ғасырларда Грецияда, Римде стиль – сөзге сендіру, нандыру тәсілі, стилистика – риторика (шешендік) өнері болып саналған. Үнді оқымыстылары стильді мәнерлеп сөйлеу, ал стилистиканы мәнерлеу туралы ғылым деп есептеген. Кейін, ұлттық әдеби қалыптасу дәуірінде, кейбір елдерде стиль белгілі бір әдеби жанрға тән тілдік құрал деген ұғымда қолданылды. Бұл ұғым Ресейге де кең тараған болатын. Мысалы, Ломоносовтың үш стилі (жоғары, орташа, төмен) осы жанрлық принципке негізделген.

Стилистика – ең алдымен стиль туралы ғылым. «Стиль» деп белгілі бір тілдегі жалпыхалықаралық тілдің ауқымындағы тілдік қатынас құралдарының қолданылу, сұрыпталу және тіркесу тәсілдерінің қоғамдық айқындалған, қызмет жағынан сәйкестендірілген, іштей топтасқан жиынтығын айтамыз. Стиль деп белгілі бір тілдегі лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тәсілдердің қолданылу принциптерін айтамыз. Қазіргі қазақ әдеби тілі

қолданылуы тұрғысынан бес стиль саласына бөлінеді: ауызекі сөйлеу стилі, ғылыми, ресми іс қағаздар, публицистикалық және көркем стиль. Стильдің бұл тармақтары әуелі бір-біріне қарама-қарсы қойылатын ауызекі сөйлеу түрі мен кітаби түрі болып ажыратылады.

Күнделікті тұрмысқа байланысты сөйлеу ресми емес, шүйіркелесу жағдайында өтеді. Бұл – ауызекі сөйлеу стилін туғызады, демек, жеке адамдардың санасындағы жағдайды ресмилікті қажет ететін қоғамдық сана ауқымында кітаби стиль өмір сүреді.

Ауызекі сөйлеу стиліне тән нәрсе – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы болса, кітаби стильдерге тән нәрсе – хабарлау қызметі болады.

Ауызекі сөйлеу стилі мен кітаби стильдердің арасындағы айырмашылық ауызша және жазбаша түрімен де ажыратылады. Ауызекі сөйлеу стиліне – ауызша сөйлеу тән де, кітаби стильдер ауызша айтылғанымен, негізінде жазбаша түрдің жүйесін сақтайды.

Ауызекі сөйлеу стилі әдетте таныс адамдармен еркін әңгімеде қолданылады. Міндеті – қарым-қатынас. Сөздерді, сөйлемдерді таңдауда еркіндік беріледі.

Ресми іс қағаздар стиліне іс қағаздары, заң құжаттарының тілі жатады. Олардың атқаратын міндеті іс-тәжірибеде маңызды мәліметтерді хабарлау, нақты жөн көрсету. Тіл тәсілдері: кітаби, ресми сөздер мен сөйлемдер.

Іс қағаздар стиліне әртүрлі мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Іс қағаздары белгілі бір форма бойынша жазылады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Іс қағаздарының әрқайсысының бұрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Іс қағаздары көбінесе, сол үлгі бойынша жазылады. Мұндай іс қағаздарды жазу онша қиынға соқпайды, ол алдын ала танысып жаттығу, дағдылану арқылы меңгеріледі.

Ресми стильдің көлемі, мазмұны және жазылу формасы жағынан іс қағаздарынан біраз ерекшелігі бар. Ресми іс қағаздары белгілі бір қалыпқа (штампқа) түсіп отырады, онда сөз қолданысы ерекше болады. Ресми стильде көбінесе заң, жарғы, үкімет органдарының қаулылары, халықаралық шарт, келісім, дипломатиялық нота, үкімет хабарлары жазылады.

Ресми құжат стильдеріне тән белгілер:

- мазмұнының қысқа, тұжырымды баяндалуы;
- тұжырымдардың дәл, нақты болуы;
- сөздердің тура мағынасында пайдалануы;
- терминдер мен тұрақты орамдардың бірегейлігі;
- терминдердің қолданылу жиілігі жоғары, Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен нұсқасының пайдаланылуы.

Ғылыми стиль – ғылыми еңбектер, лекция, баяндамаларда жұмсалады. Сөйлеуде жалпылама – дерексіз, логикалық, дәлелдеу жағы басым. Тіл тәсілдері: жалпы және дерексіз мәндегі бейтарап, кітаби сөздер, ғылыми терминдер.

Көркем стиль көркем шығармаларда жұмсалады. Тілдік тәсілдері нақты, ауыспалы мағыналы сөздер болып, сөйлеу әдетте бейнелі, жанды, әсерлі, сезімді болады.

Публицистикалық стиль газет, журнал, митинг, жиналыстарда пайдаланылады. Сөйлеу қызу, ұранды болып, көпшілікке ықпал жасау, қоғамдық істерге адамдардың дұрыс қатынасын қалыптастыру міндетін атқарады.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әдеби тілдегі стиль деген ұғымды қалай түсінесіз?
2. Әдеби тілдің қандай стильдік тармақтары бар?
3. Ресми іс қағаздары стилі дегеніміз не?
4. Публицистикалық стиль дегеніміз не?
5. Ғылыми стиль дегеніміз не?
6. Көркем әдебиет стилі дегеніміз не?

Ресми құжаттардың кейбір стильдік ерекшеліктері
Некоторые стилистические особенности официальных документов

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару органдары, министрліктер, ведомстволар, мекемелер мен ұйымдар, оқу орындары атауларының алғашқы сөзі бас әріппен жазылады:

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі*

*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы
Қазақстан Жазушылар одағы*

*Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті*

Бейбітшілік қорғау комитеті Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«Сарай», «үй» сөздері мәдени мекеме атауы ретінде жекеше, көпше түрлерде бас әріппен жазылады: *Республика Сарайы, Еңбек Сарайы, Үкімет Үйі.*

2. Төмендегідей атауларда барлық сөз бас әріппен жазылады:

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

*Қазақстан Республикасы
Президентінің Жарлығы*

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі*

*Қазақстан Республикасының
Парламенті*

3. Дүниежүзілік қоғамдық ұйымдардың атаулары бас әріппен жазылады:

Біріккен Ұлттар Ұйымы

*Біріккен Ұлттар Ұйымының
Қауіпсіздік Кеңесі*

4. Шарттардағы, конвенциялардағы, келісімдердегі халықаралық терминді құрайтын барлық сөз бас әріппен жазылады:

Мәртебелі Вағдаласушы Тараптар, Үкімет Басшылары, Үкімет Басшысы, Екі Тарап, Төтенше және Өкілетті Елші, Уақытша Сенімді Өкіл.

5. Сыртқы байланыстарды жүзеге асыруға қатысты басқа дипломатиялық лауазымдар мен мекемелердің атауларындағы бірінші сөздер бас әріппен жазылады: *Елшілік, Миссия, Бас консулдық, Сауда өкілеттігі, Бас консул, Экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесші, Сауда өкілі, Сауда кеңесшісі.*

6. Халықаралық шарттардың, келісімдердің, конвенциялардың, сондай-ақ делегациялардың, комиссиялардың атауындағы бірінші сөз бен жалқы есімдер бас әріппен жазылады: *Декларация, Шарт, Консулдық шарт, Қазақстан-Иран келісімі, Қазақстан-Қытай хаттамасы.*

7. Халықаралық қатынастарға байланысты мына тіркестер кіші әріппен жазылады: *бекітілген грамота, қазақ-австрия келіссөздері, Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы.*

8. Мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар бас әріппен жазылады:

*«Халық қаһарманы»
жоғары дәрежелі
ерекшелік белгісі*

«Парасат» ордені

«Ерен ерлігі үшін» медалі

*Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген ғылым қайраткері*

*Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының
иегері*

*Қазақстан Республикасының халық
жазушысы*

9. Әскери және ғылыми атақтар, ғылыми дәрежелер кіші әріппен жазылады:

*авиация маршалы (бірақ:
авиацияның Бас маршалы)*

профессор

армия генералы

академик

генерал – майор

*филология ғылымдарының
докторы, доцент*

Қазақстан Республикасының

ҰҒА корреспондент мүшесі

10. Қазақстан Республикасы мемлекеттік өкімет және басқару органдары жүйесіндегі лауазым атаулары бас әріппен жазылады:

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

*Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігінің Басшысы*

*Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы*

*Қазақстан Республикасы
Премьер–Министрі Кеңесінің Басшысы*

*Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі*

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі*

11. Мерзімді баспасөз атаулары тырнақшаға алынып, бас әріппен жазылады:

«Ана тілі» газеті

«Дипломатия жаршысы» журналы

12. «Мемлекеттік» деген сөз мынадай ретте бас әріппен жазылады:

*Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік елтаңбасы*

*Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік туы*

*Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік әнұраны*

Ескерту: Төмендегідей жағдайларда «мемлекеттік» сөзі кіші әріппен жазылады:

*Қазақстан Республикасының
мемлекеттік шекарасы*

мемлекеттік орган

мемлекеттік ұйым

мемлекеттік басқару органдары

мемлекеттік меншік

мемлекеттік меншік нысандары

13. Ресми құжаттардың мәтінінде күрделі атаулардың шартты түрде ықшамдалған атауы алынады:

*Қазақстан Республикасы және
Ресей Федерациясы
(бұдан әрі қарай - Тараптар)*

*«Сұңқар» жабық акционерлік қоғамы
(бұдан әрі қарай - Қоғам)*

14. Ресми құжаттардың мәтінінде күрделі атаулардың қысқарған нұсқасы алынады:

(ЖАҚ) Жабық акционерлік қоғам

Закрывое акционерное общество

<i>(ААК) – Ашық акционерлік қоғам</i>	<i>(ЗАО) Открытое акционерное общество(ОАО)</i>
<i>(БАҚ) Бұқаралық ақпарат құралдары</i>	<i>Средство массовой информации-(СМИ)</i>
<i>(КО) Кеден Одағы</i>	<i>Таможенный Союз (ТС)</i>
<i>(ТМД) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы</i>	<i>Содружество Независимых Государств (СНГ)</i>
<i>(ЕҚЫҰ) Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы</i>	<i>Организация Безопасности и Сотрудничества в Европе (ОБСЕ)</i>
<i>(ІІМ) Ішкі істер министрлігі</i>	<i>Министерство внутренних дел (МВД)</i>
<i>(МАИ) Мемлекеттік автоинспекция</i>	<i>Государственная автоинспекция(ГАИ)</i>
<i>(ҰҚК) Ұлттық қауіпсіздік комитеті</i>	<i>Комитет национальной безопасности (КНБ)</i>
<i>(ЖШС) Жауапкершілігі шектеулі серіктестік</i>	<i>Товарищество с ограниченной ответственностью (ТОО)</i>
<i>(СІМ) Сыртқы істер министрлігі</i>	<i>Министерство иностранных дел (МИД)</i>
<i>(ҚазҰУ) Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті</i>	<i>Казахский национальный университет им.Аль-Фараби (КазНУ)</i>
<i>(ЕурАзЭҚ) Еуразиялық Экономикалық Қоғамдастық</i>	<i>Евразийское Экономическое Сообщество (ЕврАзЭС)</i>
<i>(РФ) Ресей Федерациясы</i>	<i>Российская Федерация(РФ)</i>
<i>(АӨСШК) Азиядағы өзара іс - қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңес</i>	<i>Совет по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА)</i>
<i>(ШЫҰ) Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы</i>	<i>Шанхайская Организация Сотрудничества (ШОС)</i>
<i>(АСЕАН) Оңтүстік-Шығыс Азия Мемлекеттері Қауымдастығы</i>	<i>Ассоциация государств Юго-Восточной Азии (АСЕАН)</i>
<i>(ИКҰ) Ислам Конференциясы Ұйымы</i>	<i>Организация Исламской Конференции (ОИК)</i>
<i>(ЭБҰ) Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымы</i>	<i>Организация Экономического Сотрудничества (ОЭС)</i>
<i>(ХЕҰ) Халықаралық Еңбек Ұйымы</i>	<i>Международная Организация Труда (МОТ)</i>
<i>(ХВҚ) Халықаралық Валюта Қоры</i>	<i>Международный Валютный Фонд (МВФ)</i>
<i>(ДБ) Дүниежүзілік Банк</i>	<i>Всемирный Банк (ВБ)</i>
<i>(ЕҚДБ) Еуропалық қайта құру және даму банкі</i>	<i>Европейский банк реорганизаций и развития (ЕБРР)</i>
<i>(МАГАТЭ) Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттік</i>	<i>Международное агентство атомной энергии (МАГАТЭ)</i>
<i>(ЕҚ) Еуропалық Қоғамдастық</i>	<i>Европейское Сообщество(ЕС)</i>

<i>(ОАЭК) Орталық Азия Экономикалық Қоғамдастығы</i>	<i>Центрально-Азиатское Экономическое Сообщество (ЦАЭС)</i>
<i>(БЭК) Біртұтас Экономикалық Кеңістік</i>	<i>Единое Экономическое Пространство (ЕЭП)</i>
<i>(ИДБ) Ислам Даму Банкі</i>	<i>Исламский Банк Развития (ИБР)</i>
<i>(БҰҰ) Біріккен Ұлттар Ұйымы</i>	<i>Организация Объединенных Наций (ООН)</i>
<i>(АДБ) Азиялық Даму Банкі</i>	<i>Азиатский Банк Развития (АБР)</i>
<i>(ЮНИСЕФ) БҰҰ-ның балалар қоры</i>	<i>Международный фонд детей (ЮНИСЕФ)</i>
<i>(ДДҰ) Дүниежүзілік денсаулық сақтау Ұйымы</i>	<i>Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ)</i>
<i>(НАТО) Халықаралық солтүстік Атлантикалық шарт одағы</i>	<i>Международный Североатлантический союз (НАТО)</i>
<i>(ДСҰ) Дүниежүзілік Сауда Ұйымы</i>	<i>Всемирная торговая организация (ВТО)</i>
<i>(ИНТЕРПОЛ) Халықаралық қылмыс полициясы ұйымы</i>	<i>Международная организация уголовной полиции (ИНТЕРПОЛ)</i>
<i>(ЮНЕСКО) Білім, ғылым мен мәдениет мәселелерімен айналысатын Біріккен Ұлттар ұйымы</i>	<i>ООН занимающаяся по вопросам образования, науки и культуры (ЮНЕСКО)</i>
<i>(АМҰ) Американдық Мемлекеттер Ұйымы</i>	<i>Организация американских государств (ОАГ)</i>
<i>(ТЮРКСОЙ) Түрік тілдес елдердің мәдениеті мен өнерін бірлесіп дамыту жөніндегі Халықаралық ұйым</i>	<i>Международная организация по совместному развитию культуры и искусства тюрко-язычных стран (ТЮРКСОЙ)</i>
<i>(ҰҚШҰ) Ұжымдық қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы</i>	<i>Организация Договора о коллективной безопасности (ОДКБ)</i>
<i>(ОАЖД) «Орталық Азия + Жапония» диалогы</i>	<i>Диалог «Центральная Азия+Япония» (ДЦАЯ)</i>

15. Қысқарған сөздерге қосымша жалғауда орфоэпиялық норма басшылыққа алынады:

ТМД – (айтылуы: ты-мы-ды), демек, ТМД-ның, ТМД-ға (ты-мы-ды-ға);
 ПМ (айтылуы: і-і-ім), демек, ПМ-ге, ПМ-нің;
 ЖШС (айтылуы: жы-шы-сы), демек, ЖШС – ға, ЖШС-ның;
 АҚШ (айтылуы: а-қы-ш), демек, АҚШ-тың, АҚШ-қа;
 ҚазҰУ (айтылуы: қаз-ұ-у), демек, ҚазҰУ-дың, ҚазҰУ-ға.

16. Халықаралық стандарт сипатындағы аббревиатуралар «қазақшаланбайды»:

Мысалы: ЮНЕСКО, ЮСАИД, НАТО, МАГАТЭ, ЮНИСЕФ; оларға қосымша дыбысталуына сәйкес жалғанады: ЮНЕСКО-ға, ЮСАИД-ке, НАТО-ға, МАГАТЭ-ге, ЮНИСЕФ-ке.

17. Қысқарған сөздерді тасымалдауға болмайды.

18. Ресми құжатта күрделі атаулар шартты түрде қысқартылып алынуы мүмкін:

Мысалы, Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің Ақпараттық – баспа орталығы – Қазақпарат.

19. Жалқы есімдердің жеке басты куәландыратын құжаттарда көрсетілген нұсқасы жазылады:

Тимур Сабырұлы Уәлиханов

Қамажай Ыдырыс

Диана Асылханқызы

Мәлік Ыбрайхантегі

Светлана Ошақбаева

Сейілхан Ыбрайханов

Асылхан Кеңесұлы

Балжан Мелісқызы

Қазақ аты-жөніндегі әкесінің атын білдіретін «ұлы», «қызы» сөздері бірге жазылады.

Қазақ тілінде кісінің аты-жөні тегінен (фамилиядан) бұрын келеді:
А.С.Әлжанов, Т.М.Шәкенова.

Туыстық қатынастарды, әлеуметтік жағдайды білдіретін түркі және араб халқы есімдерінің (*оглы, зада, заде, бей, паша, аш, бек, зул, шах, ед, хан,*) бөліктері кіші әріппен, дефис арқылы жазылады: *Тұрсын-заде, Оспан-паша, Омар аш-Шәріп.* *Әл, ал* бөліктері бар есімдер сөйлемнің басында бас әріппен, сөйлемнің ортасында кіші әріппен, дефис арқылы жазылады: *Әл-Фараби, әл-Бируни, ал-Баис.*

20. Реттік сан есімдер арқылы жасалатын күрделі тіркестердің дәстүрлі емле бойынша қалыптасқан бірнеше ерекшеліктері бар:

а) реттік санды білдіретін араб цифрына *-ншы/-нші, -ыншы/-інші* қосымшалары дефис арқылы жалғанып, анықталушы сөзбен тіркеседі, мыс., *5-ші бап (бесінші бап), Жарғының 5-ші тармағы (бесінші тармақ), 57-інші қатар (елу жетінші қатар).*

ә) араб цифры мен анықталушы сөздің арасында қойылған дефис реттік сан есімді танытады, мыс., *90-пәтер (тоқсаныншы пәтер), 82-үй (сексен екінші үй); бірақ 50 орындық (елу орындық), 40 бөлме (қырық бөлме), 35 адам (отыз бес адам);*

б) жыл, күн аттарын көрсететін реттік сан есімдердің жазылуы төмендегіше қалыптасқан: *2005 жыл (оқылуы: екі мың бесінші жыл); 1997 жыл (оқылуы:*

бір мың тоғыз жүз тоқсан жетінші жыл); 7 шілде (оқылуы: жетінші шілде); 18 тамыз (оқылуы: он сегізінші тамыз);

в) ресми құжаттардың тілінде ай-күн аттарының жазылуының төмендегідей үлгілері де қолданылады: *1995 жыл 11 қараша – 1995 жылғы қарашаның 11-і (оқылуы: қарашаның он бірі); 1990 жыл, 22 сәуір – 1990 жылғы сәуірдің 22-сі (оқылуы: сәуірдің жиырма екісі);*

г) рим цифрымен берілген сан есімдер дефиссіз жазылады: *I тарау (оқылуы: бірінші тарау); XXI ғасыр (оқылуы: жиырма бірінші ғасыр); III курс (оқылуы: үшінші курс); I дәрежелі диплом (оқылуы: бірінші дәрежелі диплом).*

д) егер атаудағы сан есім рим цифрымен жазылса, одан кейінгі сөз бас әріппен жазылады: *XVII Халықаралық конгресс, V Кинофестиваль, ТМД халықтарының III Спартакиадасы.*

21. Географиялық атаулар.

Егер өз мағынасында қолданылса, әлем бөліктерінің атаулары кіші әріппен жазылады: *солтүстік, оңтүстік, шығыс, батыс, оңтүстік-шығыс, солтүстік-батыс.*

Географиялық бөліктердің ресми емес атаулары бас әріппен жазылады: *Таяу Шығыс, Қиыр Солтүстік, Қиыр Шығыс, Оңтүстік пен Орталық мемлекеттері.*

«Шығыс», «батыс», «оңтүстік», «солтүстік» сөздерінен басталатын күрделі әкімшілік атауларындағы екі сөз де бас әріппен жазылады: *Шығыс Қазақстан облысы, Оңтүстік Осетин автономиялы облысы.*

22. Ресми құжаттарда қолданылатын шартты қысқартулар емлесі бірдей, біртектес жалпы түрде бекітілген болуы міндетті. Қабылданған шартты қысқартулар мыналар:

қ. – қала

обл. – облыс

ауд. – аудан

ж. – жыл

ж.ж. – жылдар

млрд – миллиард

т.ж. – темір жол

с. – село

даңғ. - даңғыл

көш. – көше

т.б. – тағы басқа, тағы басқалар

т.с.с. – тағы сол сияқты

млн. – миллион

тг – теңге

Ресми құжаттарды жазуда сонымен қатар сөздердің тасымалдануы, тыныс белгілерінің дұрыс қойылуы, сөздердің бірге немесе бөлек жазылуы сияқты жағдайларға қатысты емле ережелері, пунктуациялық қағидалар толық ескерілуге тиіс.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ НАГРАДЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

1. Ең жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгілері

«Алтын Қыран» («Золотой Орел»)
«Алтын жұлдыз» («Золотая звезда»)
«Халық қаһарманы» («Народный герой»)

2. Ордендер

«Барыс» («Барс»)
«Даңқ» («Слава»)
«Айбын» («Доблесть»)
«Парасат» («Благородство»)
«Достық» («Дружба»)
«Құрмет» («Почёт»)

3. Медальдар

«Ерлігі үшін» («За мужество»)
«Жауынгерлік ерлігі үшін» («За воинскую доблесть»)
«Ерен еңбегі үшін» («За трудовое отличие»)
«Шапағат» («Милосердие»)
Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін «Нәзір Төреқұлов» атындағы медаль

4. Құрметті атақтар

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» («Заслуженный деятель Казахстана»)
«Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» («Летчик-космонавт Казахстана»)
«Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері»

5. Көп балалы аналарға арналған наградалар

«Алтын алқа» («Золотая подвеска»)
«Күміс алқа» («Серебряная подвеска»)

6. Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасы

II ТАРАУ

АҚПАРАТТЫҚ-АНЫҚТАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАР ИНФОРМАЦИОННО-СПРАВОЧНЫЕ ДОКУМЕНТЫ

ӨМІРБАЯН

Өмірбаян – әрбір адамның жеке өмір жолын сипаттайтын құжаты.

Өмірбаян жазудың негізгі ережелері

Құжатқа ерекше дәл талаптар қойылмайды, сондықтан да өмірбаянды еркін нысанда құрастыруға болады. Жазылу нысаны – хабарлы түрде, жекеше түрде 1-жақта.

Өмірбаянды А4 форматты қағазда қолмен жазған жөн, құжатты арнайы бланкте рәсімдеуге болады. Барлық ақпарат, өмірлік жолындағы нақты суреттерді, автордың еңбек және қоғамдық саяси қызметін анық құрастыру үшін хронологиялық тізбекте беріледі. Өмірбаянды жазудың еркін нысанына және қатаң талаптарының болмауына қарамастан, ондағы кейбір реквизиттер мен мәліметтер міндетті түрде берілуі қажет:

- құжаттың атауы (**өмірбаян**);
- автордың тегі, аты, әкесінің аты;
- туған күні мен жері;
- білімі (оқу орны мен кезеңі, берілген біліктілігі және мамандығы);
- еңбек қызметінің түрі;
- соңғы жұмыс орны және атқарып отырған лауазымы;
- марапаттаулары, грамоталары;
- отбасылық жағдайы;
- ата-аналары және жақын туыстары туралы мәліметтері (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, жұмыс/оқу орны және тұрғылықты жері);
- өмірбаян жазған күні;
- жеке қолы.

(Орыс тілінен аударылып берілді)

АВТОБИОГРАФИЯ

Автобиография – это документ личного характера, который создается человеком самостоятельно.

Основные правила написания автобиографии

Особых четких требований к документу не существует, поэтому сочинять автобиографию можно в произвольной форме. Форма изложения – повествовательная, от первого лица единственного числа. Писать автобиографию желательно от руки на листе бумаги форматом А4, можно оформить автобиографию на специальном бланке. Вся информация предоставляется в хронологической последовательности, чтобы можно было составить четкую картину о жизненном пути, трудовой и общественно-

политической деятельности автора. Несмотря на произвольную форму и отсутствие жестких требований к написанию *автобиографии*, некоторые реквизиты и сведения должны присутствовать в ней обязательно:

- название документа (Автобиография);
- фамилия, имя, отчество автора;
- дата и место рождения;
- образование (место и период учебы, присвоенная квалификация и специальность);
- вид трудовой деятельности;
- последнее место работы и занимаемая должность;
- награды, грамоты;
- семейное положение;
- сведения о родителях и ближайших родственниках (фамилия, имя, отчество, дата рождения, место работы/учебы и адрес проживания);
- дата составления автобиографии;
- личная подпись.

1-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

Өмірбаян

Мен, Мұқашева Айгүл Жәнібекқызы, 1991 жылы қыркүйек айының 24 жұлдызында Ақтөбе облысы, Хромтау қаласында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ. Әкем – Мұқашев Жәнібек Өтегенұлы, 1961 жылы Ақтөбе облысы, Хромтау қаласында дүниеге келген, шахтада инженер. Анам – Мұқашева Гүлмараш Орынбасарқызы, 1962 жылы Ақтөбе облысы, Хромтау қаласында дүниеге келген. Ол – мектеп-гимназия директоры. Өзім, 1998 жылы №3 Хромтау орта мектебінің алғаш есігін аштым. 2009 жылы үздік аттестатпен мектепті бітірдім. Аудандық қазақ тілі, химия, ағылшын пәнінен өткен олимпиадалардың жеңімпазымын. «Ақбота» және «Кенгуру» марафондарына қатысып, жүлделі орындарға ие болдым.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетіне 2009 жылы оқуға түстім. Қазіргі таңда осы оқу орнында білімімді шыңдаудамын.

Қосымша мәліметтер: қазақ тілі – ана тілім, орыс, ағылшын тілдерін жетік білемін. Бос уақытымда кітап оқығанды және достарыммен кездескенді ұнатамын.

Мекенжайым: Алматы қаласы, Тастақ-2, 7-үй, 22-пәтер. Телефон нөмірім: 2406587.

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Өмірбаян

Мен, Садиева Динара Қадыржанқызы, 1990 жылы 28 тамызда Атырау облысы, Индер ауданында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ. Әкем – Садиев Қадіржан Ғұбайдоллаұлы, 1965 жылы Атырау қаласында дүниеге келген, жеке кәсіпкер. Анам – Мырзекеева Қарлығаш Жақсылыққызы, 1969 жылы Қостанай қаласында дүниеге келген. Ол география пәнінің мұғалімі.

Өзім, 1996 жылы Б.Нысанбаев атындағы орта мектепке алғаш қадам бастым. Облыстық география, биология пәндерінен бірнеше жүлделі орындарды жеңіп алдым. «Ақбота» марафонының жеңімпазымын. 9-шы сыныпты қызыл аттестатпен бітіріп, Ақтөбе политехникалық колледжінің техник бағдарламашы бөліміне түстім. Колледжде операциялық жүйе пәнінен олимпиадаға қатыстым. Сонымен қатар бірнеше жарыссөздерге қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Дене шынықтыру пәні бойынша жүгіруден, волейболдан құрама командаларға қатысып, Республикалық спорт жарыстарына бардым. Осы жылы колледжді қызыл дипломмен бітіріп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетінің халықаралық қатынастар мамандығы бойынша оқуға түстім. Қосымша мәліметтер: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлеймін, түрік тілін сөздік қолдану арқылы білемін. Мекенжайым: Алматы қаласы, Марков көшесі 45«а» үй, 9-пәтер.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1. Өмірбаянның жазылу ретін түсіндіріңіз.*
- 2. Өмірбаянның мазмұнына қандай мағлұматтар ену қажет?*
- 3. Өмірбаянның жазылған күні мен жазған адамның қолтаңбасы қай жерлерге қойылуы керек?*
- 4. Өзіңіздің өмірбаяныңызды жазыңыз.*
- 5. Өмірбаян – жеке адамның тарихы дегенді қалай түсінесіз?*

4-тапсырма. Сөз тіркестерін сәйкестендіріңіз.

Орта	маман
Білімді	мәліметтер
Қосымша	мектеп
Интернет	зейнеткер
Жетік	желісі
Құрметті	білу

СОӨЖ тапсырмасы. «Әйгілі адамдар өмірінен» реферат дайындау.

Резюме

Резюме – жұмыс іздеу кезінде ізденуші қолданатын құжат. Резюме адамның еңбек жолын, оның кәсіби дағдылары мен білімдерін (1-2 бетте)

қысқаша сипаттайды. Резюме – бұл ізденушінің визит карточкасы, жұмыс берушінің адамды әңгімелесуге шақыру туралы шешімі – оның осы құжатты құрастыруына байланысты болады. Сондықтан да оны жазуға үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Әңгімелесуге шақыруға ұмтылу үшін, өзін жақсы қырынан көрсете білуі қажет, кәсіби табыстары мен жетістіктерін, күшті жақтарын бөліп көрсетуі тиіс. Әрбір бөлек жағдай үшін мүмкіндігінше жаңа резюме жасаған жөн, оны белгілі бір вакансияның (бос орынның) біліктілік талаптарына мейлінше жақындатқан дұрыс. Резюме үшінші жақтан жазылады.

Резюменің мынадай негізгі түрлері бар:

1. Хронологиялық резюме

Хронологиялық резюме кері хронологиялық тәртіпте еңбек жолы фактілерін (жұмыс, оқу) сипаттаудан, яғни соңғы жұмыс, оқу орындарынан басталады. Жұмыс беруші үшін резюменің бұл түрінің артықшылығы, бұл жерде, ол адамның еңбек жолының ақиқат суретін көреді, ізденуші үшін – бұл қажетті қызмет саласында мансаптық және кәсіби өсуді көрсету мүмкіндігі. Ізденушінің соңғы лауазымының (немесе барлық лауазымдарының) қалаған лауазымына ешқандай қатысы жоқ болса немесе еңбек жолында көп «бос орын» болса, яғни адамның жұмыс істемеген кезеңдері көрсетілсе, онда резюменің бұл түрінен бас тартқан жөн.

2. Функционалды резюме

Функционалды резюменің хронологиялық резюмеден ерекшелігі еңбек жолын көрсетуді қажет етпейді. Бұл жерде, негізгі мән кәсіби дағдыларына және қызметінің әртүрлі саладағы жетістіктеріне беріледі. Функционалды резюме – бұл жерде, еңбек жолында «бос орындар» болса, тәжірибесіз осы салада жұмыс табу немесе ұзақ үзілістен соң осы қызмет бағытына оралу жағдайларында тиімді.

3. Құрамды (функционалды-хронологиялық) резюме

Резюменің бұл түрі функционалды және хронологиялық резюменің негізгі сәттерін біріктіреді. Онда әртүрлі қызмет саласындағы кәсіби дағдылары мен жетістіктері көрсетіледі, осыған орай, еңбек жолының негізгі деректері кері хронологиялық тәртіпте жазылады. Резюменің бұл түрінің артықшылығы – ізденушінің әртүрлі қызмет бағытындағы кәсібилігіне көңіл бөлуге және еңбек жолының сабақтастығын жұмыс берушіге дәл көруге мүмкіндік береді.

(Орыс тілінен аударылып берілді)

Резюме – это документ, который применяется соискателем при поиске работы. Резюме представляет собой краткую (на 1-2 страницы) характеристику трудовой деятельности человека, его профессиональных навыков и знаний.

Резюме – это визитная карточка соискателя, от того, как оно составлено, зависит решение работодателя о приглашении человека на собеседование. Поэтому к его написанию необходимо относиться с большой ответственностью. Чтобы добиться приглашения на собеседование, нужно постараться показать себя в резюме с наилучшей стороны, сделать упор на профессиональных успехах и достижениях, сильных сторонах. Для каждого отдельного случая желательно составлять новое резюме, внося в него небольшие корректировки, максимально подгоняя его под квалификационные требования определённой вакансии. Резюме пишется от третьего лица.

Существуют такие основные виды резюме:

1. Хронологическое резюме

Хронологическое резюме предполагает описание фактов трудовой биографии (работы, учёбы) в обратном хронологическом порядке, т.е. начиная с последнего места работы, учёбы. Преимущество этого вида резюме для работодателя состоит в том, что он может увидеть в нём чёткую картину трудовой деятельности человека, для соискателя – это возможность продемонстрировать карьерный и профессиональный рост в необходимой сфере деятельности. От данного вида резюме лучше отказаться, если последняя должность (либо все должности) соискателя не имеет отношения к желаемой должности либо в трудовой биографии много «пропусков» – периодов времени, когда человек не работал.

2. Функциональное резюме

Функциональное резюме, в отличие от хронологического, не требует указания хронологии трудовой деятельности. Основной упор здесь делается на профессиональных навыках и достижениях в разных сферах деятельности. Функциональное резюме выгодно применять в случае наличия «пропусков» в трудовой биографии, при желании получить работу без опыта в данной сфере либо при возвращении к этому направлению деятельности после длительного перерыва.

3. Комбинированное резюме (функционально-хронологическое)

Данный тип резюме объединяет основные черты функционального и хронологического резюме. В нём подчёркиваются профессиональные навыки и достижения в разных сферах деятельности, при этом основные факты трудовой биографии излагаются в обратном хронологическом порядке. Преимущество этого вида резюме состоит в том, что оно позволяет обратить внимание работодателя на профессионализм соискателя в разных направлениях деятельности и увидеть чёткую последовательность трудовой деятельности.

Грамматикалық минимум

Жалқы есімдер (собственные имена существительные)

- кісі аттары мен тектері: *Балжан Мелісқызы, Алмас Әлімұлы, Сәуле Өмірбек*
- жер-су атаулары: *Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Әуезов көшесі, Арал теңізі, Балқаш көлі*

Оқу орындарының, ұйымдар мен мекемелердің атаулары:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Арай» фирмасы, «Нұр Отан» республикалық саяси партиясы

Жіктеу есімдіктері (личные местоимения): *мен, сіз, сен, ол*

- **Сан есімдер (реттік сан есім) (порядковое имя числительное)**

жұрнақтары – суффиксы - *ыншы, -інші, -ншы, -нші;*

- Мысалы: *1987 жылы – бір мың тоғыз жүз сексен жетінші жылы*

- *9 наурызда - тоғызыншы наурызда*

- *1976 жылы – бір мың тоғыз жүз жетпіс алтыншы жылы*

- *7 мамырда – жетінші мамырда*

Етістіктің өткен шағы (прошедшее время)

- **Жедел өткен шақ (прошедшее категорическое время)**

- **Жұрнақтары (суффиксы):** *-ды, -ді, -ты, -ті*

Мысалы: *бітіру – бітірді, тамамдау – тамамдады, түсу – түсті,*

Бұрынғы өткен шақ (давно прошедшее время)

-жұрнақтары (суффиксы): *-ған, -ген, -қан, -кен*

Мысалы: *бітіру – бітірген, тамамдау – тамамдаған, түсу - түскен*

5-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

РЕЗЮМЕ

Марков көшесі 45 «а», 9-пәтер,
телефоны: 87024066644

e-mail: sdk1990ki@mail.ru

Аты-жөні: Садиева Динара

Өзі жайында мағлұматтар:

туылған жылы, жері: Атырау облысы, Индер ауданы, 28.08.1990 ж.

Ұлты: қазақ

Жанұя жағдайы: тұрмыста емес

Мақсаты:

Оқып, теориялық білім алу, сонымен қатар тәжірибелік еңбек жасау арқылы жоғары дәрежеге жету.

Білімі:

2005-2009 ж.-Ақтөбе политехникалық колледжінің техник-бағдарламашы мамандығын қызыл дипломмен аяқтады.

2009 ж. – қазіргі уақытқа дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті, халықаралық қатынастар бөлімінде оқиды.

Тілдерді білуі:

Қазақ тілі – ана тілі; орыс тілі, ағылшын тілі – еркін; түрік тілі – сөздік қолдану арқылы меңгерген.

Компьютерлік білімі: Windows XP, MS Office(WORD, EXCEL, Power Point, Access), ActivStudio, Adobe Photoshop, Movie maker.

Құштарлығы: автокөлік, музыка, спорт.

Жеке қасиеттері:

Жауапты, адамгершілігі мол, ұстамды, тиянақты және алдына қойған мақсатқа жетуді көздейді.

6-тапсырма. Резюме үлгісін толтырыңыз.

РЕЗЮМЕ

Мекенжайы:

телефоны:

e-mail:

Аты-жөні:

Өзі жайында мағлұматтар:

Ұлты:

Отбасы жағдайы:

Мақсаты:

Білімі:

Тілдерді білуі:

Компьютерлік білімі:

Құштарлығы:

Жеке қасиеттері:

Сөздік

өмірбаян - автобиография
дүниеге келу, туу – родиться
қосымша мәліметтер – дополнительные сведения
күштарлық – увлечение
ұлт – национальность
жоғары білім – высшее образование
орта білім – среднее образование
халықаралық қатынастар факультеті – факультет международных отношений

7- тапсырма. Сөз тіркестерін аударыңыз.

Общая информация о себе, трудовая деятельность, дополнительные трудовые навыки, могу применять знания и опыт в соответствии с опытом и исполняемыми в настоящее время должностными обязанностями, обладаю опытом работы в области создания (включая разработку проектов) и эксплуатации межрегиональных АСУ, обеспечение безопасности информации, имею легковой автомобиль и водительские права категории В и С, своими основными качествами считаю инициативность, коммуникабельность и настойчивость.

ӨТІНІШ

Жұмысқа қабылдау, басқа лауазымға ауысу, қызметтен босату, демалыс кезінде қызметкерлер мекеме (ұйым, компания) басшысының атына өтініш жазады, онда жұмысқа қабылдау, басқа лауазымға ауысу, қызметтен босату немесе демалыс беру туралы, өз лауазымын көрсете отырып жазады. Өтініш еркін нысанда құрастырылады, қолмен жазылады, А4 форматы қағазында рәсімделеді.

Өтініштің мынадай типтік құрылымы бар:

- адресат (өтініш кімге арналған);
- өтінуші (өтінішті құрастыратын адам);
- құжат түрінің атауы (өтініш);
- өтініш мәтіні;
- құрастырушының қолы;
- өтініш құрастырылған күн.

Мынадай жағдайларда өтініш жазылады:

- академиялық демалыс сұрау;
- шетелге оқуға кетуге байланысты уақытынан бұрын сессия тапсыру;
- жұмысқа қабылдау;
- басқа жұмысқа ауыстыру;
- кезекті демалыс сұрау;
- кезектен тыс демалыс сұрау;

- материалдық көмек сұрау;
- пәтер бөлу;
- жалақыны көтеру туралы өтініш айту және т.б.

(Орыс тілінен аударылып берілді)

ЗАЯВЛЕНИЕ

При приёме на работу, переводе на другую должность, увольнении, отпуске работники составляют заявление на имя руководителя учреждения (организации, компании), в котором излагают просьбу о зачислении на работу, переводе, увольнении либо предоставления отпуска, указывая свою должность. Составляется заявление в произвольной форме, пишется от руки, оформляется заявление на листе формата А4.

Заявление имеет следующую типовую структуру:

- адресат (кому адресовано заявление);
- заявитель (кто составляет заявление);
- наименование вида документа (**Заявление**);
- текст заявления;
- подпись составителя;
- дата составления заявления.

Заявление пишется в следующих случаях:

- просьба об академическом отпуске;
- о преждевременной сдаче сессии по причине отъезда за рубеж;
- о принятии на работу;
- о переводе на другую работу;
- просьба об очередном отпуске;
- просьба о внеочередном отпуске;
- просьба о материальной помощи;
- о выдаче квартиры;
- просьба о повышении заработной платы и др.

Грамматикалық минимум

Барыс септігі (дательный падеж)

Жалғаулары (окончания):

-ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не. Мысалы:

Қажызғалиқызы Әнелге,

Төкенқызы Әселге,

Жаннат Шәкенұлына,

Бұланбай Бағдат Бақытұлына, Талғат Жақыповқа, Айым Сұлтановаға

Шығыс септігі (исходный падеж)

Жалғаулары (окончания):

-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен

Мысалы: *Талғат Жақыповтан, Ахмад Амангелдіұлынан, Айым Сұлтановадан, Меліс Бекеттен*

Реттік сан есімдер (порядковые имена числительные):

1-курс, 2010 жылдың 5 қарашасынан, 2010 жылдың 14 қыркүйегі

Жіктеу есімдіктері (личные местоимения): *мен, сен, сіз, ол*

Қысқарған сөздер (Аббревиатура)

Мысалы: *ЖШС (Жауапкершілігі шектеулі серіктестік) – Товарищество с ограниченной ответственностью (ТОО)*

Тұйық етістік (Инфинитив)

Мысалы: *өтіну, сұрау (просить), қабылдау (принимать, принять, приём), рұқсат ету(разрешить), босату (освободить), ауысу (перевестись), бөлу (выделить), тіркеу (регистрировать)*

Қарату формалары (формы обращения)

Ханым (госпожа), мырза (господин), төраға (председатель), муж. р. төрайым (председатель) жен. р.

Сөздік

ауыстыру – перевести

рұқсат беру – разрешить

растау – подтверждение, подтвердить; заверение, заверить

денсаулығыма байланысты – по состоянию здоровья

мерзімінен бұрын сессия тапсыру – преждевременно сдать сессию

еңбек өтілі – трудовой стаж

тәжірибе – практика; опыт

8-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры-----

Халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенті
Д. Садиевадан

Өтініш

Денсаулығыма байланысты жазғы емтихан сессиясын мерзімінен бұрын тапсыруға рұқсат беруіңізді сұраймын. Денсаулығым туралы анықтаманы қоса ұсынып отырмын.

мерзімі

қолы

9-тапсырма. Үлгіні оқыңыз.

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Халықаралық қатынастар
факультетінің деканы -----
халықаралық құқық бөлімінің
3- курс студенті Т. Берікмөйіновтан

Өтініш

Менің шетелге оқуға кетуіме байланысты қысқы емтихан сессиясын мерзімінен бұрын тапсыруға рұқсат беруіңізді өтінемін. Шетелге оқуға баруымды растайтын қажетті құжаттарды қоса ұсынып отырмын.

мерзімі

қолы

10-тапсырма. Құжатты жазыңыз.

Халықаралық қатынастар
факультетінің деканы-----
халықаралық құқық мамандығының
студенті
Көпесбай Данияр Сүлейманұлынан

Өтініш

Мені халықаралық қатынастар бөлімінен халықаралық құқық бөліміне ауыстыруыңызды сұраймын.

мерзімі

қолы

11 -тапсырма. Жаңа сөздермен сөздікті пайдалана отырып жұмыс істеңіз.

Алматы қаласының әкімі ----мырзаға
ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар
факультетінің түлегі

Өтініш

Мені 2010 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, Алматы қаласының әкімшілігінің Сыртқы істер департаментіне жұмысқа қабылдауыңызды өтінемін. Білімім – жоғары, заңгермін.

Қажетті құжаттарды өтінішпен бірге ұсынып отырмын.

мерзімі

қолы

12-тапсырма. Зат есімдердің қай септікте тұрғанын анықтаңыз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Халықаралық қатынастар факультетінің
деканы-----
халықаралық қатынастар факультетінің
3-курс студенті Беденова Данадан

Өтініш

Сізден 3-курстың қысқы сессиясында «Еңбек құқығы» пәнінен болатын емтиханды тест түрінде тапсыруға рұқсат беруіңізді өтінемін.

мерзімі

қолы

13-тапсырма. Құжатты оқыңыз.

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің ректоры -----
мырзаға
Халықаралық қатынастар факультетінің
1-курс студенті И. Қадыровтан

Өтініш

Маған денсаулығымға байланысты бір жылға академиялық демалыс беруіңізді өтінемін.

Денсаулығым туралы анықтаманы қосымша тіркеп отырмын.

мерзімі

қолы

14-тапсырма. Құжатты оқып, аударыңыз.

Халықаралық қатынастар факультетінің
деканы-----

халықаралық құқық бөлімінің
3-курс студенті С. Өмірбековадан

Өтініш

Менің 2 апталық жазғы тәжірибемді Көксу аудандық сотында өтуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

мерзімі

қолы

15-тапсырма. Етістіктердің қай шақта тұрғанын анықтаңыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің ректоры
мырзаға-----

Халықаралық қатынастар
факультетінің 3-курс студенті
М. Боранбаевтан

Өтініш

Отбасымның Алматы қаласына көшуіне байланысты мені Еуразия университетінің халықаралық қатынастар факультетінің 3 - курсынан ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті, қазақ бөлімінің 3-курсына ауыстыруыңызды өтінемін.

Тиісті құжаттарды өтінішпен бірге ұсынып отырмын.

мерзімі

қолы

Еуразия университетінің
ректорының келісімі

қолы

16-тапсырма. Тәуелдік жалғауы бар сөздерді көрсетіңіз.

«Нұр» компаниясының төрағасы
Қ. Өтегенов мырзаға
Алматы қаласы, Абай көшесі,

Өтініш

Мені 2005 жылдың 10 қарашасынан бастап заңгер лауазымына қабылдауыңызды сұраймын. Білімім – жоғары, еңбек өтілім – 7 жыл.

Қажетті құжаттар өтінішке тіркелген.

мерзімі

қолы

17-тапсырма. Мәтінді оқып, өтініш үлгісін жазыңыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің ректоры -----
Халықаралық қатынастар
факультетінің
2-курс студенті
Асыл Қасымқызынан

Өтініш

Сізден университеттің №1 жатақханасынан орын бөлуіңізді өтінемін.

мерзімі

қолы

18-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма. Академиялық демалыс сұрау, жазғы емтихан сессиясын мерзімінен бұрын тапсыру тақырыптарына өтініш жазыңыз.

19-тапсырма. Сөз тіркестерін сәйкестендіріңіз.

Өтініш	сұрау
сынақ	ұйымы
кәсіподақ	иесі
жолдама	кітапшасы
қабылдауыңызды	бөлімі
жатақханадан	өтінемін
халықаралық құқық	орын сұрау

20-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1. Өтініш дегеніміз не?*
- 2. Өтініш қандай ретпен жазылады?*

3. *Өтініш қандай жағдайларда жазылады?*
4. *Өтініштің реквизиттерін атаңыз?*
5. *Өтініш қандай құжат түріне жатады?*

СӨЖ тапсырмасы. Мекемелер мен ұйымдарда әртүрлі жағдайларға байланысты жазылатын өтініш түрлерінің үлгілерін жинастырып, кейсіпке дайындау.

БАЯНАТ

Баянат– қызметтік мәлімдеу, баяндау деген мағынаны білдіреді. Құрылымы мен мазмұны жағынан өтінішке ұқсас. Рапорт әскери мекемелерде, әскери жоғары оқу орындарында және құқық қорғау органдарында жазылады.

Рапорт – служебное сообщение, доклад. По структуре и содержанию аналогичен заявлению. Рапорт пишется в военных учреждениях, военных высших учебных заведениях, а также в правоохранительных органах.

21-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылыми-техникалық
орталығының бөлім бастығы
С.Қ. Ыбрайханов мырзаға

БАЯНАТ

Айлық жоспардың орындалуы туралы

Сізге Ұлттық ғылыми-техникалық орталықтың 2-бөлімінің қараша айы бойынша жұмыс жоспары орындалғанын мәлімдеймін.

Бөлім хатшылығына келіп түскен 30 хаттың 27-не жауап қайтарылып, 5 арыз өтініш тіркелді. Орталықта кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуде бөлімше қызметкерлері А. Есбосынов, Д. Садықова және М. Тегіспаева белсенділік танытты.

Жоғарыдағы аталған бөлім қызметкерлеріне атқарған жұмыстары үшін ынталандыру шараларын қарастыруыңызды сұраймын.

Бөлім бастығының

орынбасары

мерзімі

қолы

22-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылыми-техникалық
орталықтың Бас директоры
мырзаға
Алматы қаласының тұрғыны
Тұрарова Гүлнар Талғатқызынан

БАЯНАТ

Мені осы орталықтың Хатшылық бөліміне жұмысқа алуыңызды сұраймын.

мерзімі

қолы

кеңесші – консультант

Мемлекеттік рәміздер - государственные символы

Жоспар – план

ынталандыру шаралары – меры поощрения

Хатшылық – Секретариат

23-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.

Заместителю директора Национального
научно-технического центра РК
Сембекову Н.Ж.

Рапорт

В соответствии с утвержденным планом организационно-практических мероприятий на 2009 год о поэтапном переходе делопроизводства на государственный язык в ННТЦ в 3 квартале планируется оформление фойе административного здания Центра и кабинета казахского языка.

В связи с этим прошу Вашего указания ХОЗО 2 Центра на изготовление стенда «Государственные символы Республики Казахстан» и стендов для кабинета казахского языка.

Арыз, талап арыз, шағым

Арыз, талап арыз, шағым – хабарламаның түрі. Бұл құжаттарда азаматтардың заңмен қорғалатын құқықтарының бұзылуы көрсетіледі. Өтінішке қарағанда арыздың мазмұны мен тақырыбы кең әрі әр алуан.

Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттік ұйымдар мен лауазымды тұлғалардың аттарына хабарламалар жібереді. Хабарламалар ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Хабарламада аты-жөні көрсетілген лауазымды адам немесе мемлекеттік үкімет пен басқару органының басшысы хабарламаны дер кезінде карауға, ол жөнінде тиісті шешім қабылдауға және белгіленген мерзімде нақты жауабын беруге міндетті.

Хабарламаның үш түрі бар: **арыз, өтініш және ұсыныс**. Олар мазмұны жағынан әртүрлі болып келеді: мысалы, өтініште азаматтардың заңмен бекітілген жеке құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуы мазмұндалатын хабарлама жасалады. Әрбір адам өзіне берілген құқықтарды пайдалану үшін өтініш жазады, сонымен қатар өзі жұмыс істейтін ұжымдарда, мекемелерде, өзі тұратын тұрғын үйлерде, мемлекеттік органдар қызметінде байқалған кемшіліктерді атап жазады.

Арызда – азаматтардың заң арқылы қорғалатын жеке құқықтары мен мүдделерінің бұзылу фактісі туралы хабарлама жасалып, оны қалпына келтіру туралы талап-тілек айтылады, хабарлама жасаушының ойынша, іс-қимылы дұрыс жүргізілмейтіндіктен өзінің құқықтары мен мүдделерін бұзып отырған мемлекеттік органдардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды адамдардың атына сын айтылады.

Ұсыныс — белгілі бір мемлекеттік органның, ұйымның, мекеменің жұмысын жақсартуға жетілдіруге назар аударатын, осыған байланысты қойылған міндеттерді шешудің жолдары ұсынылатын хабарлама түрі.

Хабарламаның барлық түрі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың кеңсесінде тіркеуден өтеді. Арнайы тіркеу карточкасы, аннотациялық парақ толтырылады.

Арыз (өтініш, кейде шағым).

Арыз – ұйым басшысының, лауазымы жағынан жоғары тұрған адамның атына белгілі бір ақпаратты, өтінішті, мәліметті жеткізу мақсатында жазылатын іс қағазының бір түрі. Арыз көлемі жағынан шағын болады 1-3 бет немесе 500-5000 белгі аралығында.

Арыз көбінесе жеке адам атынан жазылады. Іс жүзінде қойылған мәселе бірден бірнеше адамның немесе үлкен ұжымның мүддесін көздейтін ұжымдық (коллективтік) арыз түрлері де кездеседі. Арыз белгілі бір себеппен ғана жазылады. Әдетте онда бір ғана мәселе көтеріледі. Арыз онда айтылған мәселені шешуге құқы бар адам атына жазылады.

Арыздың бірнеше түрі бар. Олар: өтініш түрінде жазылатын арыз, шағым түрінде жазылатын арыз, түсініктеме түрінде жазылатын арыз, констатация түрінде жазылатын арыз. Бұлардың әрқайсысы әртүрлі мағынада жазылады. Арыз жазу ережесі барынша қарапайым десе де болады.

Арыздың реквизиттері:

- құжат мекенжайы (арыз кімге арналған);
- құжат аты;
- негізгі мәтін;
- қосымша болса оған сілтеме;
- жазылу мерзімі;
- қолы;
- арыз мазмұнымен келісушілер қолы.

Мекенжайына лауазым иесінің, мекеме, ұйым басшысының ресми қызметінің толық аты, қажет жағдайда тегі, аты-жөні кіреді. Мекенжайы парақтың оң жағына жазылады. Егер арыз бірнеше лауазым иесіне бірден жазылып отырған болса, олардың барлығының ресми қызметі (қажет жағдайда тегі, аты-жөні) мекенжайында көрсетілуі керек.

Мысалы,

Қарағанды металлургия зауытының бастығы А. Кемелхановқа

Тақырыбы парақ ортасына мекенжайынан төмен жазылады. Мысалы, ШАҒЫМ АРЫЗ

ТҮСІНІКТЕМЕ

Негізгі мәтін кіріспе сөзден басталады. Мысалы, «Менің Сізге арыз беру себебім,». Ары қарай құжаттың мәнін ашатын, арыз жазуға себеп болып отырған негізгі мәселе сөз болады. Мәтін соңында күнделікті қызмет этикасын сақтау сөздерін қолдана отырып, адресаттан қандай шешім күтетіндігі жазылады. Мысалы, «Айтылғандарды ескере отырып, шара қолдануыңызды сұраймын», «Нұсқау беруіңізді сұраймын» т.б. Мәтін парақтың бар кеңдігіне, тақырыптан төмен жазылады.

Жазылу мерзімі. Арыздың жазылған күні, айы (жазбаша) және жылы көрсетіледі. Жазылу мерзімі негізгі мәтіннен төмен, парақтың сол жақ бөлігінде орналасады. Мысалы,

2009 жыл 9 сәуір (қолы)

Арыз берушінің атқаратын қызметінің толық ресми аты-жөні жазылады, қол қойылады. Парақтың оң жағына тегі, аты-жөні жазылады. Мысалы,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазіргі шығыс тілдері кафедрасының

оқытушысы _____ Ж.Нұрмаханов (қолы)

Егер арызға қол қоюшылар бірнеше адамнан тұрса, онда олар иерархиялық тәртіппен, я болмаса әліпби тәртібімен жазылады. Қол қоюшылар бірнеше адамнан тұрса, онда арызға қол қою парағы тіркеледі.

Арыз мазмұнымен келісуші қолы қойылғанда келісім туралы қысқаша ақпарат та жазылады. Мысалы, «Келісемін», «Қарсы емеспін». Бұл жерде де мерзімі жазылып, атқаратын лауазымы көрсетіледі.

Жалоба, исковое заявление, претензия

Жалоба, исковое заявление, претензия – вид оповещения. В этих документах излагаются нарушения гражданских прав, которые защищаются законом. В отличие от заявления, содержание и темы жалоб (претензий) могут быть различными.

Согласно Законам Республики Казахстан, граждане РК могут писать оповещения в государственные организации и на имя должностных лиц. Оповещения могут быть в письменной и в устной форме. Глава государственной организации и органа управления, или же должностное лицо, на чье имя адресовано оповещение, своевременно должен рассмотреть, принять надлежащее решение и дать в точно указанное время ответ.

Существует 3 вида оповещений: жалоба, заявление и предложение. Эти 3 документа отличаются по содержанию. Например, в заявлении пишется об осуществлении каких-либо прав и интересов гражданина, утвержденных законом. Каждый человек может написать заявление для использования прав, данных ему законом, также может написать о пробелах, замеченных им в жилых домах, в работе государственных органов.

В жалобах указывается о каких-либо фактах нарушения прав и интересов граждан, защищаемых законом, о пожеланиях или предложениях об их исправлении, также пишется критика на деятельность государственных органов, предприятий, организаций, и на должностных лиц, нарушивших права и интересы граждан.

Предложение – это вид оповещения, в котором пишется о методах улучшения работы определенных государственных органов, организаций, предприятий, а также пути в решении поставленных ими обязанностей. Все виды оповещений проходят регистрацию в канцелярии государственных органов, организаций. Заполняются специальная регистрационная карточка и аннотационный лист.

Жалоба (заявление иногда претензия).

Жалоба – это один из видов документов делопроизводства, цель которого осведомить о какой-либо важной информации главу организации или должностного лица, вышестоящего человека. Объем заявления может состоять от 1 до 3 страниц и содержать от 500 до 5000 знаков. Чаще всего заявление пишется от имени отдельного человека. Часто встречаются коллективные виды жалоб, в которых затрагиваются проблемы нескольких человек или же интересы целого коллектива. Заявление пишется только с какой-либо определенной целью. Обычно, в нем говорится только об одной проблеме. Заявление пишется на имя человека, у которого есть право решить проблему, написанную в заявлении.

Существует несколько видов жалоб. Это: жалоба, написанная в виде заявления; жалоба, написанная в виде претензии; жалоба, написанная в виде объяснительной; жалоба, написанная в виде констатации. Все эти виды пишутся в разных случаях и имеют разное значение.

Реквизиты жалобы:

- адресация документа (на чье имя написано);
- название документа;
- основной текст;
- если есть приложение, должна быть сноска;
- дата написания;
- подпись;
- подписи соглашающихся с содержанием заявления.

В адресацию входит полное официальное название должности начальника учреждения, организации, при необходимости пишут фамилию и имя. Адресация пишется на правой стороне документа. Если заявление пишется нескольким должностным лицам, то полностью пишется официальное название их должностей (при необходимости фамилия и имя).

Например:

Начальнику Карагандинского металлургического завода А. Кемелханову

Тема пишется посередине ниже адресации. Например:

Претензия

Объяснительная

Основной текст начинается с вводного слова. Например, «Причина моего заявления Вам...». Дальше открывается смысл документа, показывающий причину заявления. В конце текста пишутся слова, используемые по этикету, выражающие пожелания адресата в решении проблемы. Например, «Упомянув вышесказанное, прошу принять меры», «Прошу ваших указаний» и т.д. Текст пишется на все пространство страницы, ниже темы.

Дата написания. Пишется день, месяц (письменно) и год написания заявления. Например: 9 апреля 2010 год.

Подпись пишется полностью, официальное название должности человека, пишущего заявление. На правой стороне страницы пишется фамилия и имя. Например:

Преподаватель кафедры современных восточных языков КазНУ имени аль-Фараби Ж. Нурмаханов (подпись).

Если в заявлении ставятся подписи нескольких людей, то они расписываются по иерархии или в алфавитном порядке. Если количество подписей большое, то прилагается специальный лист для подписей. Рядом с подписью согласившегося с содержанием текста пишется краткая информация. Например: «Согласен», «Не имею ничего против». Здесь же указывается должность, дата.

(Қазақ тілінен орыс тіліне аударылып берілді)

Грамматикалық минимум

Барыс септігі (дательный падеж)

Жалғаулары (окончания):

-ға-ге, -қа-ке, -на-не. Мысалы: Берік Тұрсынов мырзаға, Назигүл Жақыпқызы ханымға, Санжар Айдосұлына, Жанат Өкеновке

Шығыс септігі (исходный падеж)

Жалғаулары (окончания):

-нан - нен, -дан-ден, -тан-тен.

Есептік сан есім (количественные имена числительные)

Көсемше (деепричастие)

-ып, -іп, -п - жұрнақтары

Есімше (причастие)

-ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -йтын, -йтін жұрнақтары

Сөздік

мырзаға – господину

бас тарту – отказываться

шара қолдануыңызды сұраймын – прошу принять меры

шара қолдану – принять меры

талап ету – требовать

зиян – вред, ущерб

жол апаты – дорожно-транспортное происшествие

24-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

Алматы қаласы Бостандық аудандық

сотының төрағасы

М.Ж. Баймұхамедов мырзаға

А.Қ.Жанбосыновтан

Талап арыз

Мен, А.Қ. Жанбосынов, «Қайнар» Акционерлік Қоғамының қызметкері, 2009 жылдың 18 тамыз күні жұмыс уақытында бөлім бастығының тапсырысымен ВАЗ-2107 жеңіл көлігімен басқа мекемеге бара жатқан кезде, үлкен жол апатына түсіп, ауыр жарақат алуыма байланысты денсаулығым келтірілген зиянның орнын толтыруды талап етемін.

мерзімі

қолы

25-тапсырма. Құжатты оқыңыз.

Алматы қаласы
ЖШС «Әлия» компаниясының
төрағасы Қ.Б. Бектұрсыновқа

Талап арыз

Мен, К.С. Оралханов, 2009 жылдың 17 тамызында жұмыс орнында аяғыма ағаш кесіндісі түсіп, жарақат алғанымға байланысты денсаулығымға келтірілген зиянның орнын толтыруды талап етемін.

мерзімі

қолы

26-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Арыз қалай (не үшін) жазылады?
2. Арыздың қандай түрлері бар?
3. Арыз (өтініш) дегеніміз не?
4. Арыз қалай рәсімделеді?
5. Арыздың реквизиттерін атаңыз.

ЖЕКЕ ІС ПАРАҒЫ

Кадрлар жөніндегі жеке іс парағы – жұмысқа қабылдану, ұйымдар, мекемелер мен ведомстволар талап еткен жағдайларда толтырылатын арнаулы бланк түріндегі ресми құжат. Жеке іс парағында көрсетілген мәліметтер еңбек кітапшасында, өмірбаянда берілетін мәліметтермен дәлме-дәл сәйкес жазылады, жеке адамның азаматтық хал-жағдайы, кәсібі мен мамандығы, қоғамдық қызметі мен еңбек жолы толық көрсетіледі.

Жұмысқа қабылданушы жеке іс парағын төлқұжаты, әскери билеті, еңбек кітапшасы, білімі туралы құжаттары, сондай-ақ басқа жеке құжаттары негізінде өз қолымен қатесіз, түзетулерсіз бір данада толтырады.

Личный листок по учёту кадров – официальный документ в виде заполняемого бланка при приеме на работу, а также по месту требования для организаций, учреждений, ведомств. Сведения, указываемые в личном листке, должны совпадать с автобиографией, трудовой книжкой человека, а также полностью указывается его личное семейное положение, квалификация и специальность, общественная и трудовая деятельность.

Личный листок заполняется поступающим на работу собственноручно в одном экземпляре без пометок и исправлений на основании паспорта, военного билета, трудовой книжки, документов об образовании и иных личных документов.

Грамматикалық минимум

Жалқы есімдер (собственные имена существительные)

Ырықсыз етіс тұлғасы (страдательный залог)

жұрнақтары (суффиксы) : -ыл, -іл, -л, -ын, -ін, -н.

Мысалы: *марапаттау – марапатталды*

қабылдау – қабылданды

көрсету – көрсетілді

Сан есім – (имя числительное): *1987 жылы 8 наурызда*

27-тапсырма. Құжатты оқып, толтырыңыз.

Кадрлар жөніндегі жеке іс парағы

ЛИЧНЫЙ ЛИСТОК

По учету кадров

1. Тегі. Фамилия					
Аты. Имя			Әкесінің аты. Отчество		
2. Жынысы. күні. Пол			3. Туған жылы, айы, Год, число и м-ц рождения		
4. Туған жері. Место рождения					
5. Ұлты. Национальность Гражданство			6. Азаматтығы.		
7. Білімі. Образование					
Жоғары оқу орнының аты, орналасқан жері. Название учебного заведения и его местонахождение	Факультет немесе бөлім. Факультет или отделение	Оқуға түскен жылы. Год поступления	Оқуды бітірген немесе шыққан жылы Год окончания или ухода	Егер аяқтамаса, қай курстан кейін шықты Если не окончил то с какого курса ушёл	Оқу орнын бітіргеннен кейін қандай мамандық иесі болды. Диплом немесе жеке куәлігінің нөмірі. Какую специальность получил в результате окончания

					учебного заведения, номер диплома или удостоверения
8. Ана тілі, басқа қандай тілдерді білесіз және қандай дәрежеде Родной язык, какими другими языками владеете и в какой степени (читайте и переводите со словарём, читаете и можете объясняться, владеете свободно)					
9. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы Учёная степень, учёное звание					
10. Ғылыми еңбектері және өнертабыстары Какие имеете научные труды и изобретения					
11. Сіз және сіздің туыстарыңыз соттық жауапкершілікке тартылды ма? (қашан, не үшін, қандай шара қолданды) Имеете ли Вы и Ваши родственники судимость (кем, когда и за что осужден, мера наказания)					

Жақын туысқандары: жұбайы, ата-анасы, ағалары, әпкелері, балалары
 Близкие родственники: супруги, их родители, братья, сёстры, дети.

12. Бастапқы еңбек жолынан бергі атқарған жұмыстары (жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы оқуын, әскери қызметін және бір мезгілде атқарған екінші жұмыстарын қоса алғанда)

Выполняемая работа с начала трудовой деятельности (включая учебу в высших и средних специальных учебных заведениях, военную службу и работу по совместительству).

Бұл тармақты толтырған кезде мекеме, ұйым мен кәсіпорындардың аттарын сол кездегі атауларымен жазу керек; әскери қызметтегі лауазымы, әскери бөлімшенің нөмірі және орналасқан жері көрсетіліп жазылады.

При заполнении данного пункта учреждения, организации и предприятия необходимо именовать так, как они назывались в свое время; военную службу

записывать с указанием должности, номера воинской части и места дислокации.

Айы, жылы Месяц и год		Лауазым жұмыс істеген мекеме, ұйым, кәсіпорын, сондай-ақ министрліктің (ведомствоның) атауымен көрсетілген Должность с указанием учреждения, организации, предприятия, а также министерства (ведомства)	Мекеме, ұйым, кәсіпорын орналасқан жер Местонахождение учреждения, организации, предприятия
кірген вступления	шыққан ухода		

13. Жеке іс парағын толтыру мерзіміндегі отбасы жағдайы, жақын туыстарыңыз Семейное положение в момент заполнения личного листка, Ваши близкие родственники*

Туыстық дәрежесі Степень родства	Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество*)	Туған жылы мен жері Год и место рождения	Жұмыс орны, лауазымы Место работы, должность	Тұрғылықты мекенжайы Место жительства

--

* Близкие родственники: супруги, их родители, братья, сёстры, дети.
Указать и прежние фамилии, имена и отчества этих лиц, если они изменили их в установленном законом порядке, а также данные на бывших супругов

14. Шетелде болуы (қызмет, іссапар, делегациямен баруы) Пребывание за границей (работа, служебная командировка, поездка с делегацией)

Айы және жылы Месяц и год		Қай елде В какой стране	Шетелде болғандағы мақсатыңыз Цель пребывания за границей
Қай кезден бері С какого времени	Қай кезге дейін По какое время		

15. Сайланбалы органдарға қатысуы (қайда, қашан) В какие выборные органы избирался или избран (где, в какие и когда)
--

16. Әскери міндетке қатыстылығы. Отношение к воинской обязанности
--

(әскери міндетті, міндетті емес, әскери мамандығы (военнообязанный, невоеннообязанный)

әскери атағы, әскери билет нөмірі Военно-учётная специальность, воинское звание, номер военного билета
--

және жеке нөмірі (личный номер)

17. Мемлекеттік наградалары, (қашан, кіммен және қандай марапат түрі)
--

Какие имеете правительственные награды	(когда, кем и чем награждены)
--	-------------------------------

18. Төлқұжат. Паспорт тіркелім	(сериясы, нөмірі, кім және қашан берді, мекенжайы)
(серия, номер, кем и когда выдан, адрес прописки)	
19. Тұрғылықты жері. Адрес местожительства	

«.....».....20..... г.

Қолы. Личная подпись.....

(Орыс тілінен аударылып берілді)

Сөздік

жеке іс парақ /ғы/ - личный листок

кадрлар жөніндегі жеке іс парағы – личный листок по учету кадров

кадрлар жөніндегі жеке іс парағын толтыру – заполнить личный листок по учету кадров

азаматтығы – гражданство

мамандық – специальность

дәреже – степень

атақ – звание

ғылыми еңбек – научный труд

лауазым – должность

сайланбалы органдар – выборные органы

әскери қызметке қатысы – отношение к воинской службе

әскери атағы – воинское звание

міндетті – обязан

міндетті емес – не обязан

28-тапсырма. Құжат үлгісімен танысып, сауалнамаға жауап беріңіз.

САУАЛНАМА АНКЕТА

Сұрақтар Вопросы	Жауаптар Ответы
1. Тегі, аты-жөні Ф.И.О.	

<p>2. Егер тегіңіз, аты-жөніңіз өзгерген болса, онда қашан, қай жерде және не себептен екенін көрсетіңіз Если изменяли фамилию, имя или отчество, укажите когда, где и по какой причине</p>	
<p>3. уған жылы, күні, айы және туған жері (село, ауыл, қала, аудан, облыс) Год, число, месяц и место рождения (село, деревня, город, район, область)</p>	
<p>4. Ұлты Национальность</p>	
<p>5. Білім және білім бойынша мамандығы, қашан және қандай оқу орнын бітірді Образование и специальность по образованию, когда и какое учебное заведение окончил</p>	
<p>6. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы Учёная степень, учёное звание</p>	
<p>7. Ғылыми еңбектеріңіз, өнертабысыңыз бар ма Имеете ли научные труды, изобретения</p>	
<p>8. Қандай шет тілдерін және Қазақстан халықтары тілдерін білесіз, қандай деңгейде (сөздікпен оқып, аударала аласыз, оқып-түсінісесіз, еркін білесіз) Какими иностранными языками и языками народов Казахстана владеете и в какой степени (читаете и переводите со словарём, читаете и можете объясняться, владеете свободно)</p>	
<p>9. Соттық жауапкершілікке тартылдыңыз ба, қашан, не үшін Привлекались ли Вы к судебной ответственности, когда и за что</p>	
<p>10. Шетелде болдыңыз ба, қашан және қандай мақсатпен Были ли Вы за границей, когда и с какой целью</p>	
<p>11. Шетелде туыстық немесе басқа да жақын байланыстарыңыз бар ма, қандай, қай кезден бері, не жұмыс істейді (тегі, аты-жөні, жасы, туыстылығы) Имеются ли родственные или иные близкие связи за границей, где, с какого времени и чем занимаются (Ф.И.О., возраст, степень родства)</p>	

12. Сіздің жақын туыстарыңыз (әйеліңіз, (күйеуіңіз), әкеңіз, шешеніз, ересек бауырларыңыз және ересек балаларыңыз)
Ваши ближайшие родственники (жена (муж), отец, мать, взрослые братья, сестры и взрослые дети)

Туыстық дәрежесі Степень родства	Тегі, аты- жөні*) Фамилия, имя, отчество*)	Туған жылы мен жері Год и место рождения	Жұмыс орны, лауазымы Место работы, должность	Тұрғылықты мекенжайы Адрес местожительства

***) Егер әйелі күйеуінің тегінде болса, оның тұрмысқа шыққанға дейінгі тегін де көрсетуі тиіс**

Если жена имеет фамилию мужа, необходимо указать также её девичью фамилию

13. Бастапқы еңбек жолынан бергі атқарған жұмыстары (жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы оқуын, әскери қызметін және бір мезгілде атқарған екінші жұмыстарын қоса алғанда)

Выполняемая работа с начала трудовой деятельности (включая учёбу в высших и средних специальных учебных заведениях, военную службу и работу по совместительству)

Бұл тармақты толтырған кезде мекеме, ұйым мен кәсіпорындардың аттарын сол кездегі атауларымен жазу керек; әскери қызметтегі лауазымы, әскери бөлімшенің нөмірі және орналасқан жері көрсетіліп жазылады.

При заполнении данного пункта учреждения, организации и предприятия необходимо именовать так, как они назывались в своё время; военную службу записывать с указанием должности, номера воинской части и место дислокации.

Айы және жылы Месяц и год		Лауазым жұмыс істеген мекеме, ұйым, кәсіпорын, сондай-ақ министрліктің (ведомствоның) атауымен көрсетілген Должность с указанием учреждения, организации, предприятия, а также министерства (ведомства)	Мекеме, ұйым, кәсіпорын орналасқан жер Местонахождение учреждения, организации, предприятия
Кірген поступления	Шыққан ухода		

Айы және жылы Месяц и год		Лауазым жұмыс істеген мекеме, ұйым, кәсіпорын, сондай-ақ министрліктің (ведомствоның) атауымен көрсетілген	Мекеме, ұйым, кәсіпорын орналасқан жер

кірген поступления	Шыққан ухода	Должность с указанием учреждения, организации, предприятия, а также министерства (ведомства)	Местонахождение учреждения, организации, предприятия

14. Бұрынғы қызмет істеген жұмыс орнындағы жабық жұмыстарға рұқсаттамасының бар-жоқтығы

Наличие допуска к закрытым работам по прежним местам службы и работы

15. Әскери міндетке қатыстылығы және әскери атағы

Отношение к воинской обязанности и воинское звание

Құрамы

Состав

(командалық, әкімшілік, техникалық және т.б) (командный, административный, технический и т.д)

16. Тұрғын мекенжайы

Домашний адрес

17. Төлқұжат, жеке куәлігі

Паспорт, удостоверение личности

(сериясы, нөмірі, кім және қашан берді) (серия, номер, кем и когда выдан)

«.....».....20.....г.

Қолы, подпись.....

МІНЕЗДЕМЕ

М і н е з д е м е – мекемелер мен ұйымдарда және өзге де белгілі қызмет орындарында берілетін жеке адамның іскерлігін, біліктілігін, кәсіби деңгейін

сипаттайтын ресми құжат. Мінездеме нақты, объективті, дәл және жүйелі болуы қажет. Мінездеме басқа мекеме /сот, прокуратура/ сұраған жағдайда, оқуға, магистратураға түсу кезінде, сондай-ақ қызметкердің, маманның кәсіби біліктілігін көрсету мақсатында беріледі.

Негізінен, мінездеме төмендегідей мәліметтерден тұрады:

- қызметкердің аты-жөні, тегі;
- туған күні, жылы;
- білімі, қандай оқу орны, қай жерде, қашан;
- мекеме (кәсіпорын) басшысының қолы;
- мекеме мөрі.

Х а р а к т е р и с т и к а – официальный документ, характеризующий деловитость, компетентность, профессиональный уровень личности. Выдается общественной организацией и администрацией учреждения по требованию суда, прокуратуры, при поступлении на учебу, в магистратуру и другие организации, а также с целью отразить профессиональные качества работника. Характеристика должны быть точной, объективной и конкретной. Характеристика в основном состоит из следующих сведений:

- имя, отчество и фамилия сотрудника;
- дата рождения;
- образование, какие учебные заведения где и когда окончил;
- подпись руководителя учреждения (предприятия);
- печать учреждения (предприятия).

Грамматикалық минимум **Изафеттік құрылым - Структура Изафет**

Мысалы: *Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Америка Құрама Штаттары, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Қазақ ұлттық университеті, университет ректоры*

Жалқы есімдер (собственные имена существительные) Мысалы: *Дана Айбекқызы, Алмас Әлімұлы, Әділет Болатұлы, Артур Қанатұлы.*

Етістіктің өткен шағы (прошедшее время глагола): *берілді, дәлелдеді, таныта білді, дүниеге келген, меңгерген.*

Сын есім (имя прилагательное): *ынталы, тиянақты, сыпайы.*

Қажетті сөздер (необходимые слова): *қарапайым (скромный), білікті (компетентный, знающий, квалифицированный), іскер (деловой), сабырлы (сдержанный, спокойный), мәдениетті (культурный), байсалды (уравновешенный), тәрбиелі (воспитанный), білімді (образованный), кішіпейіл (вежливый), көпшіл (общительный), адал (честный), өнегелі (примерный), тындырымды (исполнительный), батыл (решительный), белсенді (инициативный).*

29-тапсырма. Үлгіні оқып, курстасыңызға мінездеме жазыңыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар факультетінің түлегі Әлімжанұлы Алмасқа

МІНЕЗДЕМЕ

Әлімжанұлы Алмас әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетіне 2005 жылы түсіп, 2009 жылы «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша бакалавр біліктілігі берілді. Білім алу барысында өзін тек жағымды жағынан көрсетті. Өзіне жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді дер кезінде тиянақты орындап, ұқыптылық пен жауапкершілік таныта отырып, университетте жоғары сапалы білім алғандығын өндірістік тәжірибе жүзінде көрсете білді. 2005-2009 оқу жылдары аралығында ол өзін тек жақсы жақтарынан көрсетіп, жоғары оқу орнында алған білімін іс тәжірибеде кәсіби білікті маман ретінде дәлелдеді.

Достары мен студенттер арасында беделді, өзіне сенім арттыра білді. Ол өз ұжымы арасында сыпайы, әдепті, ынтымақтастық қарым-қатынасты ұстана алады.

Мінездеме талап ету орнына беріледі.

**Халықаралық қатынастар
факультетінің деканы**

(қолы)

Маман

(қолы)

30-тапсырма. Құжатты аударыңыз.

Мінездеме

Асанова Айнұр Қамбарқызы, 1986 жылы 16 ақпанда Алматы қаласында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматы. 2003 жылы Алматы облысындағы №4 орта мектепті тамамдаған. Қазір әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінің 3-курс студенті.

Ол достары мен құрбылары арасында беделді, ынталы, тиянақты, еңбекқор және өз ісіне жауапты адам. Сонымен қатар, Айнұрдың ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, көпшілікпен жұмыс істей біледі. Қазақ, орыс және француз тілдерін жетік меңгерген. Қазіргі уақытта қытай мен ағылшын тілдерін оқып үйренуде. Бос уақытында көркем әдебиетті оқумен, жан-жақты ізденумен өткізеді.

31-тапсырма. Етістіктердің қай шақта тұрғанын көрсетіңіз.

Мінездеме

Елікбаева Асыл Айдарқызы, 1986 жылы 12 шілде күні Алматы қаласында дүниеге келген. Ұлты – қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы. 1993-2003 жж. Ғ. Мүсірепов атындағы №86 мектеп-гимназияда оқып, 2003 жылы оны үздік аттестатпен бітіріп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетіне түсті. Қазіргі уақытта «Студенттермен алмасу бағдарламасы» бойынша Пекин университетінің халықаралық қатынастар факультетінде жарты жылдық курстан өтуде.

Ол өте талапшыл, ой-өрісі кең, шығармашылық қабілеттері бар, жан-жақты тұлға. Асыл ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі, үнемі түрлі пікірсайыстар мен университеттің қоғамдық жұмысына белсенді араласады. Берілген міндеттер мен уәделеріне өте жауапты. Құрбы-құрдастары арасында беделі жоғары, ал ұстаздар оны тек жақсы жағынан сипаттайды.

Студенттік «Сұңқар» қоғамдық ұйымы

Сөздік

беделді – авторитетный (ая-ое)
мақтаныш – гордость
жұлделі орын – призовое место
пікірсайыс – дискуссия
ұйым – организация
тәжірибелі – опытный

32-тапсырма. *Берілген тұрақты сөз тіркестерінің мәнін ашып, сөйлем құрастырыңыз.*

Сегіз қырлы бір сырлы, қанына біткен қасиет, міз бақпау, айтқанынан қайтпау, жұмған аузын ашпау, он саусағынан өнер тамған, қаһарынан қар жауған, өзін жақсы жағынан көрсету, қолы ашық, тілі ұзын, басы бос, тас бауыр, шық бермес шығайбай, өркөкірек, қой аузынан шөп алмас.

33-тапсырма. *Мақалдардың мәнін ашып, жаттап алыңыздар. Оларға мәндес орыс халқының қандай мақалдарын білесіз?*

Адам деген ардақты ат.

Адамның күні адаммен.

Көз – нұрдың ұясы,
Көңіл – сырдың ұясы.

Саналы адам
Сағынды сындырмас.
Санасыз адам
Жағынды тындырмас.

Мінез – адамды өсіреді,
Мінез – адамды өшіреді.

Мінезге бай болсаң, бай боласың.
Кішірею – мінездің мінезі.

34-тапсырма. Құжатты қазақ тіліне аударыңыз.

Характеристика

ФИО, дата рождения, обучался на дневном отделении _____ (название учебного заведения) с сентября 2005 года по июнь 2009 года.

За период обучения _____ (ФИО) зарекомендовал себя способным, дисциплинированным и прилежным студентом. Настойчиво осваивал материал учебных дисциплин. По основным общеобразовательным и специальным дисциплинам, а также курсовым работам получал, в основном, отличные и хорошие оценки. Выпускная квалификационная работа по дисциплине «_____» на тему: «_____» отличается самостоятельностью и носит творческий характер.

При прохождении ознакомительной практики в _____ и производственной практики в _____ (ФИО) показал хорошие знания уголовного, гражданского, административного законодательства и навыки его практического применения. Зарекомендовал себя как исполнительный и добросовестный практикант, обладающий аналитическим мышлением. О приобретении высокой профессиональной подготовки в процессе обучения свидетельствуют характеристики, полученные _____ (ФИО) с мест прохождения практик.

_____ (ФИО) активно участвовал в работе студенческого научного общества, выступал на конференциях, принимал участие в конкурсе на лучшую студенческую научную работу.

_____ (ФИО) воспитан, доброжелателен, пользуется авторитетом среди студентов.

_____ (ФИО) способен к профессиональной деятельности в соответствии с полученной квалификацией, обладает способностью к творческой деятельности и может быть рекомендован к поступлению в магистратуру.

Характеристика дана для представления в магистратуру

Декан факультета _____

35-тапсырма. Жазғаяттық тапсырма. Досыңызға, таныс адамыңызға мінездеме жазыңыз.

36-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мінездеме құжатының жазылу түрі қандай?
2. Мінездеменің қандай түрлерін білесіз?
3. Мінездемеде қандай мәліметтер көрсетілуі қажет?
4. Сіз алатын мамандық иелері үшін қандай қасиеттер қажет?
5. Ұлы тұлғалар мінезі туралы не білесіз?

СӨЖ тапсырмасы. Студенттің мінездемесі, военкоматқа мінездеме, оқу орнынан мінездеме, жүргізушінің мінездемесі, тәжірибе өткен жерден мінездеме, жұмыс орнынан мінездеме жазып, кейс папка дайындау.

ҰСЫНЫМ ХАТ

Ұсыным хат (ағылшын тілінен – «*letter of reference*» немесе «*Letter of recommendation*») – кез келген ұсыным хаттың мақсаты – нақты адам (жеке тұлға) немесе ұйым, кәсіпорын, мекеме (заңды тұлға) туралы объективті жан-жақты ақпарат беру болып саналады. Негізінен, ұсыным хат жұмыс берушінің қызметкер туралы жеке пікірі болып келеді, әдетте, нақты немесе кез келген әлеуеттік жұмыс берушіге жағымды қолдау көрсету негізінде беріледі. Ұсыным хат өз кезегінде, жеке тұлғадан да, заңды тұлғадан да туындауы мүмкін. Ұсыным хат міндетті түрде мынадай ақпаратты құрауы тиіс:

1. Тақырыбы.
2. Ұсыным беруші Сізді қашаннан және қалай біледі?
3. Компаниядағы жұмыс фактін растау – сіз не, қайда, қашан істедіңіз (мысалы: «осындай уақыт аралығында осындай жерде жұмыс істедім» немесе «осындай жобада осындай ретінде қатыстым»).
4. Қысқаша сипаттама Ұсыным (Рекомендация) беруші сіздің қандай негізгі жетістігіңізді атап көрсете алады. Ұсыным беруші сіздің қандай күшті қырларыңызды атап көрсете алады.
5. Хат компанияның бланкісінде рәсімделіп, мөрмен және қол қоюмен бекітілуі тиіс.

6. Ұсыным хатқа қол қоятын адамның байланыс координаттары: тегі, аты, әкесінің аты және оның байланыс телефоны.

(Орыс тілінен аударылып берілді)

37- тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

Мұрат Әлжанұлы Хасановқа ұсыным хат

Мұрат Хасановтың... кадрлар бөлімінде 2009 жылдың 1 шілдесінен 31 тамызы бойынша тағылымдамадан өтіп жатқанын осы хатпен растаймын.

Тағылымдама кезінде Мұрат өзін оң қырынан көрсетті. Оның міндетіне компьютерлік бағдарламаның базасындағы (салық төлеуге дейін және кейін) қызметшілердің еңбек ақысының есебі, әлеуметтік пакеттер: жәрдемақылар, жеңілдіктер және сыйақылар жасау кірді. Ол өз міндеттерін тез игерді және оларды үздік атқарды.

Мұрат жеткен жетістігінде тоқтамады және корпоративтік тренингтер («_____») ұйымдастыруға, сондай-ақ жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде әңгімелесу өткізуге («_____») қатысуға мүдделілік көрсетті.

Жұмыс стилі бойынша Мұрат командалық жұмысқа бейім, өзіне берілген тапсырмалар бойынша жауаптылық пен орындаушылық көрсетеді.

Ол жаңа адамдармен байланысқа оңай кіреді, көпшіл, ұқыпты және зейінді. Жалпы Мұратты үздік қызметкер және перспективалық қызметкер ретінде сипаттаймын.

«_____» **ООО**

Кадрлар бөлімінің бастығы

Тел. 999-999

e-mail _____

_____/Т.А.Ә./

РЕКОМЕНДАТЕЛЬНОЕ ПИСЬМО

Рекомендательное письмо (англ. *"Letter of reference"* или *"Letter of recommendation"*) – целью любого рекомендательного письма является предоставление объективной всесторонней информации о конкретном человеке (физическом лице) или организации, предприятии, учреждении (юридическом лице). Чаще всего рекомендательное письмо представляет собой личный отзыв работодателя о работнике, обычно с ручательством за него, который тот может предъявить конкретному или любому потенциальному работодателю. Рекомендация может исходить, в свою очередь, как от частного лица, так и от лица юридического.

Рекомендательное письмо обязательно должно содержать в себе следующую информацию:

1. Заголовок.

2. Как долго и в каком качестве вас знает рекомендатель.
3. Подтверждение факта работы в компании — что, где, когда вы делали (например: «работал с такого-то по такое-то там-то», или «участвовал в таком-то проекте в качестве такого-то»).
4. Краткая характеристика (Какие ваши основные достижения может отметить рекомендатель. Какие ваши сильные стороны может отметить рекомендатель).
5. Письмо должно быть на бланке компании, заверено печатью и подписью.
6. Контактные координаты: должность, фамилия, имя, отчество того, кто подписывает рекомендательное письмо и его контактный телефон.

38-тапсырма. Жаңа сөздермен сөздікті пайдалана отырып жұмыс істеңіз.

Рекомендательное письмо

Мурату Альжановичу Хасанову

Настоящим подтверждаю, что Мурат Хасанов проходил стажировку в отделе кадров ... «_____» с 1 июля по 31 августа 2003 г.

За время стажировки Мурат зарекомендовал себя положительно. В его обязанности входил расчет заработной платы служащих на базе компьютерных программ (до и после налогообложения), составление социальных пакетов: систем пособий, льгот и премиальных. Он быстро освоился со всеми обязанностями и выполнял их отлично.

Мурат не остановился на достигнутом и проявил интерес к участию в организации корпоративных тренингов («_____»), а также проведению собеседований при приеме на работу новых сотрудников (_____).

По стилю работы Мурат склонен к работе в команде, демонстрируя ответственность и исполнительность по данным ему поручениям.

Он легко входит в контакт с новыми людьми, коммуникабелен, аккуратен и внимателен.

В целом могу охарактеризовать Мурата как отличного работника и перспективного сотрудника.

Начальник отдела кадров

«_____»

_____/И.О.Фамилия/

т.999-999,

e-mail: _____

39-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

г. Алматы
ул. Гагарина 67, кв.32
Василий Романовский

Рекомендательное письмо для Станислава Иванова
1 июня 2009 год

Вниманию всех заинтересованных лиц:

Мне представилась благоприятная возможность тесно сотрудничать со Станиславом в течение 6 месяцев его работы в компании “Ридан”. Он сидел за соседним столом, и мы совместно работали над несколькими проектами. Мне приятно сообщить, что Станислав проявил себя в коллективе как коммуникабельный, искренний человек и идеальный сотрудник.

Станислав всегда выполнял больше работы, чем ему было поручено при осуществлении наших совместных проектов. Он часто брал на себя инициативу в новых начинаниях и способствовал развитию событий, когда работа продвигалась медленно. Совместная с ним работа доставляла мне удовольствие, так как вышестоящие лица всегда похвально отзывались о совместно выполненных нами заданиях. Станислав был в прекрасных отношениях со всеми сотрудниками офиса, и, в свою очередь, все сотрудники хорошо к нему относились.

Я настоятельно рекомендую Станислава на должность, которую он сочтет для себя подходящей. Он из тех людей, с которыми приятно работать всем.

Начальник отдела проектов

ООО «_____»

_____/ Василий
Романовский/

т.999-999,
е-mail: _____

40-тапсырма . Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ұсыным хат қандай жағдайда жазылады?
2. Ұсыным хат қалай рәсімделеді?
3. Ұсыным хат қандай ақпараттан тұрады?
4. Ұсыным хат пен мінездеменің қандай айырмашылықтары бар?
5. Жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның атынан ұсыным хат жазыңыз.

ТҮСІНІКТЕМЕ

Түсініктеме – қандай да бір оқиғаның, жеке адамдардың әрекеттерінің себептерін түсіндіретін құжат.

Объяснительная записка – это документ, объясняющий причины действия людей, какого-либо события.

Грамматикалық минимум

Барыс септігі (дательный падеж)

-ға-ге, -қа-ке, -на-не: Асыл Айбарқызына, Бауыржан Қамбарұлына

Шығыс септігі (исходный падеж)

-нан-нен, -дан-ден, -тан-тен: Қайрат Жанжігітұлынан, Мөлдір Асқарқызынан, Медет Саматовтан

Есептік сан есім (количественные имена числительные). Мысалы: *3-курс, сәуірдің 6-да, қараша айының 5-10 аралығында*

Себеп-салдар жалғаулықтары (причинно-следственные союзы)
себебі, өйткені (потому что), сондықтан (поэтому)

Жедел өткен шақ (прошедшее категорическое время)

-ды, -ді, -ты, -ті: қатыстым, кешігіп қалдым, қатыса алмадым

Сөздік

түсініктеме – объяснительная

себеп – причина

анықтама – справка

іс-шаралар – мероприятия

қатысу – участвовать

41-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Халықаралық қатынастар
факультеті
қазіргі шығыс тілдері
кафедрасының меңгерушісі
халықаралық қатынастар
факультетінің
3-курс студенті А. Анарбекқызынан

Түсініктеме

Менің сізге түсініктеме беру себебім, ақпанның 3-4-де сабаққа қатыса алмадым, өйткені университеттің іс-шараларына қатыстым.

мерзімі

қолы

42-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Халықаралық қатынастар
факультетінің
деканы----
халықаралық қатынастар
бөлімінің
3-курс студенті Ә.Ө. Нұровадан

Түсініктеме

Қараша айының 5-11 аралығында сабақтарды денсаулығыма байланысты жіберіп алдым. Дәрігердің анықтамасын қоса тіркеп отырмын.

мерзімі

қолы

43-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма.

Дәлелді немесе дәлелсіз себептермен сабаққа кешігіп қалғаныңыз туралы түсініктеме жазыңыз.

кімге:-----

лауазымы

аты-жөні

кімнен:

аты-жөні

ТҮСІНІКТЕМЕ

ПРЕСС-РЕЛИЗ

Пресс-релиз анықтамасы бойынша (ағылшын тілінен – *press-release* – баспасөз үшін шығарылым) – «Баспа, радио, телевизия қызметкерлері үшін шұғыл жариялауға немесе таратуға жататын құжаттар мен ақпаратты құрайтын арнайы бюллетень». Бұл жарияланымның негізгі міндеті – журналистерге, содан кейін оқырмандардың кең аясына қоғамдық маңызы бар оқиғалар туралы хабардар ету. Пресс-релиз – бұл назар аудару үшін әрекет құралы, ол компаниялар және көрсетілетін қызмет туралы белгілі бір қоғамдық пікірді жасау және ұстау үшін құрал қызметін атқарады.

Оны жазу үшін кез келген оқиға түрткі болуы мүмкін:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН УКРАИНА АРАСЫНДАҒЫ КОНСУЛДЫҚ ШАРТ

1-бап. Консулдық мекеменің ашылуы

1. Консулдық мекеме – консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында тек сол мемлекеттің келісімімен ғана ашыла алады.

2. Консулдық мекеменің орналасқан жері, оның сыныбы және консулдық өңірі, сондай-ақ осыған қатысты кез келген өзгерістер, тек қана өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекет арасындағы уағдаластықтар бойынша анықталады.

2-бап. Жалпы ережелер

Консулдық қызмет адамы:

1. өзін өкіл етіп жіберген мемлекеттің, өз азаматтарының және заңды ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оларға көмек көрсетіп, жәрдем беруге;

2. өзін өкіл етіп жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекет арасындағы сауда, экономикалық, құқықтық, туристік, экологиялық, ғылыми-техникалық, ақпараттық, мәдени және ізгілік байланыстарды дамытуға, сол сияқты олардың арасындағы достық қатынастарға жәрдемдесуге;

3. консулдық орналасқан мемлекеттің сауда, экономикалық, мәдени, ғылыми өміріндегі жағдайлар мен оқиғаларды барлық заңды жолдармен анықтауға, олар туралы өзін өкіл етіп жіберген мемлекетке хабарлауға құқылы.

3-бап. Қорытынды ережелер

1. Осы Шарт бекітілуге тиіс және бекіту грамоталарымен алмасқаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

2. Осы Шарт шектелмеген мерзімге жасалды және Уағдаласушы Тараптардың бірі екінші Уағдаласушы Тарапты осы Шартты күшінен айырғысы келетіні туралы жазбаша түрде хабардар еткен күннен бастап 6 (алты) ай өткенге дейін қолданыста болады.

Киев қаласында 1994 жылғы 20 қаңтарда әрқайсысы қазақ және украин тілдерінде екі данадан жасалды және екі мәтіннің де күші бірдей.

26-тапсырма. Жаңа сөздермен жұмыс.

Уағдаластық, мүдде, ізгілік байланыс, достық қарым-қатынас, заңды жолдармен анықтау, жүктеу, қорытынды ереже, күшіне ену, күшін жою, уағдаласушы тараптар, әрқайсысының күші бірдей, айрықша маңыз бере отырып, алаңдатушылық білдіре отырып, мәдени өмір, ғылыми өмір, жәрдем көрсету, консулдық мекеме.

27-тапсырма. Мәтінді оқып, етістіктердің шағын анықтаңыз.

Қазақстан Түркиямен байланысын күшейтпек

Түркияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Лале Үлкер ханым мен ҚР Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі, Қазақстан-Түркия парламентаралық ынтымақтастық тобының жетекшісі Уәлихан Қоңырбаевтың кездесуі болып өтті. Жүздесуде Қазақстанның тәуелсіздік алған тұстағы Түркия елінің алғаш рет құттықтап, қолдау білдіргені, екі мемлекет арасындағы саяси-экономикалық, рухани-мәдени, білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастық қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқаны туралы әңгіме қозғалды. Тараптар парламентаралық байланысты өркендете түсудің келешегі жайлы пікір алмасты.

(«Ана тілі» газетінен)

28-тапсырма. Құжатты оқып, аударыңыз.

Мемлекетаралық келісім – Межправительственное соглашение

Иран Ислам Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастығы туралы

К Е Л І С І М

Иран Ислам Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі, бұдан былай Екі жақ деп аталады, өзара сыйластық негізіндегі достық қатынастарды дамытуға ұмтылушылықты ескере келіп, теңдік пен өзара тиімділік негізінде сауда - экономикалық ынтымақтастықты ұлғайтуды көздей отырып, төмендегілерге келісті:

1-бап

Екі жақ елдің әрқайсысында қолданылып жүрген заңдар мен ережелердің шеңберінде екі ел арасындағы ұзақ мерзімді және тұрақты сауда- экономикалық қатынастарды дамыту үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды және осы мақсатпен тиісті қолайлы жағдайлар жасайды.

2- бап

Екі жақ екі елдің тиісті органдары тауарларды сырттан әкелуге және сыртқа шығаруға лицензиялар берілуін және кедендік баж салығы үшінші елдегі тауарлар үшін белгіленгендегіден жоғары болмауын қамтамасыз етуге келісті.

3-бап

Екі жақ сауда және экономиканың түрлі саласындағы ынтымақтастығы үшін өздерінің кәсіпорындарын, фирмалары мен ұйымдарын ынталандырып отыруға келісті.

4-бап

Осы Келісімнің шеңберінде өзара тауар жеткізу мен қызмет көрсету әрбір елдің қалыптасқан заңдары мен ережелеріне сай екі елдің жеке адамдары мен құқықты жақтардың арасында жасасқан шарттардың негізінде жүзеге асырылатын болады.

5-бап

Екі жақ өзара тауар жеткізу және қызмет көрсету дүние жүзілік баға мен халықаралық сапа стандартына сәйкес жүзеге асырылатындығына келісті.

6-бап

Осы Келісімнің шеңберіндегі өзара тауар жеткізу және қызмет көрсетудің төлемі Иран Ислам Республикасының Орталық Банкі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік Банктерінің жасасқан банкаралық келісімдерінің негізінде жүзеге асырылатын болады.

7-бап

Сауда байланыстарын өрістетуге, нарық мүмкіндігі мен тауар маркетингін зерттеу үшін Екі жақ сауда делегацияларын, маман делегацияларын, сауда ақпаратын алмасуды, өткізілетін халықаралық сауда көрмелеріне белсенді қатысушыларды ынталандыру, арнайы көрмелер мен семинарлар ұйымдастыруға ықпал жасап, бұл бағытта қажет болған жағдайларды жасауға келісті.

8-бап

Әрбір жақ өз елінің қалыптасқан заңы мен ережелерінің шеңберінде сауда мен экономиканың түрлі саласында кәсіпорындар, ұйымдар мен фирмалар

өкілдіктерінің өз жерінде ашылып, жұмыс істеулеріне өзара жәрдемдесу принципінде ықпал ететін болады.

9-бап

Екі ел арасындағы жеткізілген тауарларды әрбір жақтың заңдарына сәйкес сыртқа шығарушы елдің келісімімен үшінші елге шығаруына болады.

10-бап

Екі жақ осы Келісімнің орындалу барысын бірлескен сауда- экономикалық комиссиясының жыл сайынғы екі ел астанасында кезекпен өткізіліп тұратын мәжілісінде қаралып тұратындығына келісті.

11-бап

Осы Келісімге қажет болған жағдайда әрбір елдің қалыптасқан заңдылығын ескере отырып, Екі жақтың келісуімен өзгерістер немесе қосымшалар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Келісімнің қолданылу мерзімі біткеннен кейін оның ережелері ол қолданыста болған кезеңде жасалған және Келісімнің қолданыста болу мерзімі біткен кезге дейін орындалмаған барлық келісімшарттар бойынша қолданылады.

13-бап

Осы Келісім үш жыл мерзімге жасалды және егер Екі жақтың бірі оның қолданыста болу мерзімі біткенге дейін алты ай бұрын қолданылуын тоқтатқысы келетіндігі туралы екінші жаққа жазбаша түрде хабарламаса, бұл мерзімі біткен соң бір жылға өзінен-өзі ұзартылады.

Аңдатпа мен 13 баптан тұратын осы Келісім Тегеран қаласында 1371 Күндік жылдың /Хиджра/ 11 абанына сай 1992 жылғы 2 қарашада парсы және қазақ тілінде жасалынды әрі екі текстің күші бірдей.

Осы Келісімді түсіну жөнінде пікір алалығы пайда болған жағдайда Екі жақтың өкілдерінің бекіткен ағылшын тіліндегі тексті басшылыққа алынады.

**ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН**

АБДУЛХУСЕИН ВАХАДЖИ

С. ӘБШЕВ

Сөздік

сауда-экономикалық ынтымақтастық – торгово-экономическое сотрудничество

қажетті шаралар – необходимые меры

кедендік баж – таможенная пошлина

арнайы көрмелер – специальные выставки

қос тараптық, көп тараптық – двусторонние, многосторонние

уағдаластық негізінде – на основе договоренности

келісім, пакт – пакт

бейбітшілік келісімі (пактісі) – пакт мира

ынталандыру – поощрять
құзыретті органдар – компетентные органы
аңдатпа – преамбула

Глоссарий

Преамбула (аңдатпа) – латын тілінен – praebulo – алдыңғы деген мағынаны білдіреді, заңнамалық немесе өзге құқықтық актінің кіріспе бөлімі, сондай-ақ халықаралық шарттар немесе декларацияларда оның мақсаты мен міндеттері баяндалады.

Преамбула – от латинского praebulo – предшествую, вводная часть законодательного или иного правового акта, а также декларации или международные договора, в которой излагаются их цели и задачи.

29-тапсырма. Құжатты оқып, сөйлем түрлерін анықтаңыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДА ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ОРНАТУ ТУРАЛЫ

ПРОТОКОЛ

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы саяси, экономикалық және мәдени салалардағы достық пен ынтымақтастық қатынастарды өзара дамытуды басшылыққа ала отырып,

екі жақты сыйластық, территория бүтіндігін және бірі-бірінің ішкі істеріне араласпау негізінде, халықаралық құқықтан, оның ішіндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысынан туындаған өз міндеттерін адалдығын білдіре отырып,

дипломатиялық қатынастар туралы 1961 жылғы сәуірдің 18-індегі Вена Конвенциясына сай дипломатиялық қатынастар орнатуға және Елшілік деңгейіндегі Алматы мен Тегеран қалаларында дипломатиялық өкілдіктер алмасуға келісті.

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы ұлттық мүдделеріне сай орнатқан дипломатиялық қатынастары халықаралық және аймақтық ынтымақтастықты нығайтатындығына сенімді.

Күші бірдей екі текст қазақ және парсы тілдерінде екі данадан 1992 жылғы қаңтардың жиырма тоғызында Алматы қаласында жасалынды.

**Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін**

**Иран Ислам Республикасы
Үкіметі үшін**

Дипломатиялық сөздіктен:

Протокол

Одно из наименований международных договоров – халықаралық шарттар атауының бірі

Является приложением к основному договору – негізгі шартқа қосымша болып табылады

Заключительный протокол – қорытынды хаттама

Протокол подписания – қол қою хаттамасы

Протокол о внесении поправок в договор – шартқа түзету енгізу туралы хаттама

Протокол дипломатический – дипломатиялық хаттама

Совокупность общепринятых правил, традиций и условностей – жалпы жұрт қабылдаған ережелер, дәстүрлер және шарттылықтар жиынтығы

Соблюдают правительства, ведомства иностранных дел, дипломатические представительства и официальные лица в международном общении – халықаралық қатынаста үкіметтер, сыртқы істер ведомстволары, дипломатиялық өкілдіктер және ресми адамдар сақтайды

Дипломатический протокол каждой страны имеет свои особенности – әрбір елдің дипломатиялық хаттамасының өз ерекшеліктері бар

Является важным политическим инструментом дипломатии – дипломатияның маңызды саяси құралы болып табылады.

Протокол государственный – мемлекеттік хаттама

Есіңізде сақтаңыз!

Термин сөзінің шығу тегі терең. Ежелгі Римде термин сөзі шекараның тәңірлік иесі, территориялар мен учаскелерді бөліп тұратын шекаралық бағаналар мен тастардың қорғаушысы, күзетушісі ұғымында қолданылды. Бұл тастар қасиетті саналды. Егер кімде-кім бұл тастарға қол тигізсе және тиіссе, онда ол қарғысқа ұшырайды деп саналды. «Ғылыми терминдер осыған ұқсас тастар болып межеленіп бөлінген, қайта танымға қызмет етті» (Б.С. Мейлах).

«Термин – слово или словосочетание, являющиеся названием определенного понятия какой-нибудь специальной области науки, техники, искусств» (С.И. Ожегов).

(«Аударма әлемі» Ә. Тарақовтан)

30-тапсырма. «Дипломатия» сөздігін пайдалана отырып, дипломатиялық терминдердің мағынасын түсіндіріңіз.

Агреман, аккредитование, альтернат, аудиенция дипломатическая, декларация, денонсация, коалиция, коммюнике, конвенция, кондоминиум, консенсус, мораторий, оптация, промультация, протекционизм.

31-тапсырма. Мәтінді оқып, термин сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

Табысты келіссөз

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Германия Канцлері Ангела Меркельдің Қазақстанға жасаған сапары табысты болды», – деп мәлімдеді.

– Келіссөздер біздің қарым-қатынастарымыздың ашықтығын, транспаренттілігін, біздің елдер арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени ынтымақтастықты тереңдетуді қалайтынымызды айқын көрсетті. Біздің жемісті өткен келіссөздеріміздің нәтижесінде Қазақстан-Германия ынтымақтастығының дамуына үлкен жол ашылды. Сапар нәтижесінде сегіз ведомствоаралық келісімге, сондай-ақ жалпы құны 2 млрд. еуродан асатын бизнес–келісімдерге қол қойылды, – деді Елбасы Н. Назарбаев Ақордада А. Меркельмен болған келіссөздерден кейін өткен баспасөз мәслихатында. Елбасының айтуынша, келіссөздер кезінде Германия бизнесінің Қазақстан экономикасына қатысу мүмкіндігін кеңейту мәселелері талқыланған.

(«Ана тілі» газетінен)

Глоссарий

Дипломатиялық келіссөздер (дипломатические переговоры) – мемлекеттер өкілдерінің сыртқы саясат стратегиясын, тактикасын немесе тиісті дипломатиялық акцияларды (шараларды) келісу, пікір алмасу, өзара ақпарат алмасу, шарттарды әзірлеу мен жасасу, даулы мәселелерді реттеу және т.с.с. мақсатымен екі жақты және көп жақты қатынастардың саяси, экономикалық және өзге де мәселелерін ресми талқылау. Дипломатиялық келіссөздер – мемлекеттер арасында туындайтын даулар мен жанжалдарды бейбіт шешудің негізгі құралы, халықаралық құқықта ең көп тараған және бекітілген даму және мемлекеттер арасындағы қатынастарды тереңдету әдістерінің бірі.

Дипломатиялық келіссөздерге қатысушылардың деңгейі (мемлекет Басшылары, Үкімет Басшылары, Сыртқы істер Министрлері және т.с.с.) талқыланатын мәселелердің маңыздылығына қарай анықталады. Жалпыға бірдей танылған әдет-ғұрыпқа сәйкес мемлекет Басшысы, Үкімет Басшысы, Сыртқы істер министрі арнайы өкілеттіктерсіз дипломатиялық келіссөздер жүргізуге және халықаралық шарттарға қол қоюға құқылы; қалған лауазымды тұлғаларға дипломатиялық келіссөздер жүргізу және қорытынды құжаттарға қол қою үшін тиісті дәрежеде ресімделген өкілеттіктер берілуі тиіс. Дипломатиялық келіссөздер қатысушылардың жеке кездесулері немесе жазбаша дипломатиялық хат алысу арқылы жүргізіледі. Келіссөздердің

ауызша және жазбаша нысандары көбіне қатар пайдаланылады. Дипломатиялық келіссөздер алдында, қағида бойынша, үлкен әзірлік жұмысы жүргізіледі, ол делегацияның позициясын (ұстанымын) әзірледі, қорытынды құжаттардың жобаларын дайындауды қамтиды.

Толеранттылық (латын тілінен *tolerantia* – төзім), жеке адамдардың, топтардың арасындағы нәсілдік және басқа да айырмашылықтардың заңдылығын мойындау, басқалар бойындағы ұқсассыздықтарға төзіммен қарау.

Толерантность (от лат. *tolerantia* — терпение) — терпимость к чужому образу жизни, поведению, обычаям, чувствам, мнениям, идеям, верованиям.

СӨЖ тапсырмасы. БАҚ материалдарын пайдалана отырып, Қазақстан-Қытай, Қазақстан-АҚШ, Қазақстан-Түркия арасында дипломатиялық келіссөздер өткізудің жобасын дайындау.

СОӨЖ тапсырмасы. «Халықаралық келіссөздер» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу.

32-тапсырма. Мәтінді оқып, термин сөздерді анықтап, талдау жасаңыз.

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Екінші Саммитінің ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Біз, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңеске (АӨСШК) мүше мемлекеттердің мемлекеттер немесе үкіметтер басшылары:

МЫНАЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕЙМІЗ:

I

Біз БҰҰ Жарғысында, сондай-ақ АӨСШК-ге мүше мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін Қағидаттар декларациясында және Алматы Актісінде тұжырымдалған қағидаттар негізіндегі көп жақты ынтымақтастық өңірлік және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті ұстап тұру үшін қай кездегіге қарағанда бүгін қажет екеніне сенімдіміз. Осы мақсатта біз консенсус негізінде қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселелері бойынша ортақ көзқарастарды талдап жасау арқылы саяси үнқатысудың форумы ретіндегі АӨСШК-ні дамыту жөніндегі күш-жігерімізді белсенді ете түсеміз.

Біз даулар мен жанжалдарға киліккен барлық мүше мемлекеттерді оларды бейбіт жолмен БҰҰ Жарғысында көзделген қағидаттарға сәйкес реттеуге шақыруды және соған ынталандыруды жалғастырамыз.

Біз лаңкестікті оның барлық формалары мен көріністерінде үзілді-кесілді айыптаймыз және лаңкестікті ештеңемен ақтауға болмайтынын атап көрсетеміз. Біз жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің негізін бұзатын бұл

қатерге қарсы күресу үшін ұлттық, өңірлік және көп жақты негіздегі іс-әрекетімізді күшейтуге бел байладық. Лаңкестікке оның барлық формалары мен көріністерінде қарсы күрес бәрін қамтитын, дәйекті және қосарланған стандарттарға жол бермейтіндей болуы тиіс. Лаңкестік қандай да бір дінмен, ұлтпен, өркениетпен немесе этностық топпен орайластырыла алмайды және орайластырылмауы тиіс. Біз халықаралық лаңкестікке қарсы күресте БҰҰ-ның орталық рөлін мойындаймыз. Біз лаңкестік бойынша БҰҰ аясында қабылданған 13 халықаралық конвенцияның қатысушысы болып табылмайтын елдерді оған қосылуға шақыруды жалғастырамыз. Бұл салада әмбебап құқықтық құралды жасау жөніндегі міндетті әлі орындау керек болады. Осыған байланысты біз БҰҰ Бас Ассамблеясы аясында халықаралық лаңкестікпен күрес бойынша бәрін қамтитын конвенция жасасу бойынша күш салуды жақтаймыз.

II

Біз Кеңес Төрағасы ретіндегі Қазақстан Республикасының үнқатысуды нығайтып, АӨСШК үдерісін дамытудағы рөлін атап өтеміз.

Біз консенсус негізінде ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін АӨСШК үдерісін алға жылжыту жөніндегі біздің күш-жігер жұмсауымызды жалғастырамыз.

Біз Қазақстан Республикасы аумағында АӨСШК Хатшылығын құруды, мұның өзі Кеңесті дамытуда маңызды белес болып табылатынын қанағаттанушылықпен атап өтеміз.

III

Біз АӨСШК-ге өсе түскен қызығушылықты қанағаттанушылықпен атап өтеміз. Осыған байланысты біз 2004 жылы Таиланд Корольдігінің және 2006 жылы Корея Республикасының толық құқылы мүшелер ретінде АӨСШК-ге кіруін құттықтаймыз.

IV

Біз 5 қазанды Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында Азияда өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру туралы идеяны ұсыну құрметіне АӨСШК күні деп жариялауды шештік.

V

Біз АӨСШК-нің Үшінші Саммитін 2010 жылы өткізуді шештік.

VI

Біз АӨСШК үдерісі Бірінші Саммитте қойылған міндеттерді іске асыруда алға жылжыды деп есептейміз. Осы Декларация өңірде сенім ахуалын жасау

және ынтымақтастыққа жәрдемдесу жөніндегі жұмысты жалғастыру жолымен АӨСШК үдерісін одан әрі дамытуға деген біздің ерік-жігерімізді бейнелейді.

33-тапсырма. Мәтінді оқып, сөйлем түрлерін анықтаңыз.

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы

ДЕКЛАРАЦИЯ

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы, төменде Екі жақ деп аталады, мемлекетаралық қатынастарын өзара түсіністік, әділеттілік және бірін-бірінің ішкі істеріне араласпау негізінде құру тілегін арқау ете отырып, халықаралық құқық нормаларына, ең алдымен Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне адалдығын қуаттай отырып, жалпыға бірдей бейбітшілік пен халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға ұмтыла отырып, мыналар жөнінде келісті:

1-бап

Екі жақ саясат, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, экология, мәдениет, ізгілік, ақпарат және басқа салаларда өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейтіп, тереңдетуге шаралар белгілейді.

2-бап

Екі жақ тең дәрежедегі және достықтағы мемлекеттер ретінде өз қатынастарын дамытады. Екі жақ егемендікті, территориялық тұтастықты, күш қолданбауды және қарумен қоқан-лоққы жасамауды, дау-дамайды бейбіт реттеуді, адам құқығын сақтауды құрметтеу принциптері негізінде іс-қимыл жасайтын болады.

3-бап

Екі жақ сыртқы істер министрліктері арасында екі жақты қатынастар мен өзара мүдделі халықаралық және аймақтық мәселелер жөніндегі консультациялар өткізіп тұруға қол жеткізіп, сондай-ақ екі елдің Сыртқы істер министрлері кезегімен Алматы мен Тегеранда жыл сайын кездесіп, келіссөз жүргізіп тұратындарын қуаттады.

4-бап

Екі жақ жан-жақты экономикалық ынтымақтастық үшін заң, қаржы және сауда тұрғысынан қолайлы жағдайлар жасауға және осы саладағы ақпарат, тәжірибе әрі техникалық білімдермен алмасып отыруға, күш салуға келісті.

5-бап

Энергетика мен отын ресурстары, оның ішінде мұнай мен газ салаларындағы екі ел арасындағы ынтымақтастықты өрістетудің маңыздылығын ескере келіп, екі жақ Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі арасындағы 1992 жылғы 22 тамызда, бұл 1371 Күндік жылғы /Хиджра/ 20 мордаға сәйкес, қол қойылған өзара түсіністік туралы Мазмұндамада көзделген келісімді орындауға зор мән береді.

6-бап

Екі жақ Қазақстан мен Иран кәсіпорындары, фирмалары мен ұйымдары арасындағы тікелей байланыстар және сауда-экономикалық ынтымақтастықты өркендетуге қолайлы жағдай жасайды.

Осы мақсатпен екі жақта сауда жәрменкелерін өткізуде, көрмелер ұйымдастыруда, фирма, ұйым өкілдіктерін ашуда бір-біріне жәрдемдесіп, өзара делегациялар алмасуға, іскерлік байланыстарды өрістетуге ықпал етеді.

7-бап

Екі жақ ғылым мен техниканың осы замандағы жетістіктерін адам мүддесі, оның денсаулығы мен игілігі үшін пайдалану мақсатымен ғылыми-техника саласындағы ынтымақтастықты белсенді түрде дамытып, ғалымдар мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің бірлескен бастамаларына жәрдем жасап, қолдау көрсетеді.

8-бап

Екі жақ көлік саласындағы бар келісімдердің орындалу барысына қанағат білдіріп, екі жақ үшін де жүк және жолаушылар тасымалдау үшін, Каспий теңізіндегі екі жақтың порттары арасында су жолы желісін тартудың, екі ел арасында автомобиль қатынасын орнатудың, Мешхед-Серахс-Теджен темір жол қатынасын ұйымдастырудың, сондай-ақ Трансазия темір жол құрылысының маңыздылығын нақтылай түседі.

9-бап

Екі жақ қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы мен Иран Республикасы арасында почта және телекоммуникация байланысын ұйымдастыруға және дамытуға жәрдемдеседі.

10-бап

Екі жақ қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану саласында тығыз ынтымақтасып маңызды экологиялық тауқыметтерді шешудегі, айналадағы ортаға зиянды ықпал болдырмау жөніндегі бірлескен бағдарламалар жасаудағы хабарлар мен жинақталған тәжірибені алмасып отырады.

11-бап

Екі жақ қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдарымен контрабанда жасауға, әуе және теңіз қарақшылығына, мәдени, тарихи құнды заттарды заңсыз тасуға қарсы күрес саласында ынтымақтасып, тәжірибе алмасып тұрады.

12-бап

Екі жақ түрлі салалардағы мамандар, сондай-ақ экономиканың басшы кадрларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру ісіндегі ынтымақтастыққа маңызды мән береді. Екі жақ өзара студенттер, стажерлар, мектеп пен жоғары оқу орындарының оқытушыларын алмасуға жәрдемдесетін болады.

13-бап

Екі жақ өз мүмкіндіктерін ескере келіп, төтенше апат болған жағдайда бір-біріне жан-жақты қайырымдылық көрсетіп жәрдем жасайды, табиғат сұрапылының алдын алуға, оның зардабын жоюға күш-жігер жұмсайды.

14-бап

Екі жақ Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы парламенттерінің арасында қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.

15-бап

Екі жақ өзінің өзара қарым-қатынастарына, жоғарғы дәрежедегі кездесулер өткізуде зор маңыз беріп, оларды алда жалғастыра берудің қажеттілігін құптайды.

Декларация Қазақстан Республикасы Президенті бастаған Қазақстан Республикасының жоғары мәртебелі делегацияларының ресми сапары кезінде және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Иран Ислам Республикасының Президенті А. Хашеми-Рафсанджани сенім мен өзара түсіністік рухында өткен достық келіссөз нәтижесінде талқыланып, Тегеран қаласында 1371 Күндік жылдың /Хиджра/ II абанына сай 1992 жылғы 2

қарашада екі дана етіліп, қазақ және парсы тілдерінде жасалды және екі текстің де бірдей күші бар.

**Қазақстан
Республикасы үшін**

**Иран Ислам
Республикасы
үшін**

Президент Н. Ә. Назарбаев

**Президент А. Хашеми-
Рафсанджани**

Дипломатиялық сөздіктен:

Дипломатиялық декларация

1. мәлімдеме; 2. мәлімдеу, жариялау

Бір тараптық, қос тараптық, көп тараптық мәлімдеме, өзінің сыртқы және ішкі саясатының қағидаларын жариялау, нақты мәселелер бойынша өз айқындамасы туралы мәлімдеу, бірлескен мәлімдеме, мемлекеттер мен үкіметтерді тану, халықаралық шарттардың мәлімдемелер түрінде жасалуы.

Одностороннее, двустороннее, многостороннее заявление, провозглашение принципов своей внешней и внутренней политики, заявлять о своей позиции по конкретным вопросам, совместная декларация, признания государств и правительств, заключение международных договоров в виде декларации.

Пікірталас:

Еуро-Атлантика және Еуразия аумағындағы жалпыға ортақ, бөлінбейтін және ұжымдық қауіпсіздікке арналған маңызды мәселелер қай саммитте талқыланды?

Сенім, дәстүр, ашықтық, толеранттылық сөздерінің мағынасын қалай түсінесіз?

СООЖ тапсырмасы.

ЕҚЫҰ Саммиті, «Астана декларациясы» туралы дөңгелек үстел өткізу.

34-тапсырма. Құжат түрімен танысып, сөйлем түрлерін анықтаңыз.

***ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІНДЕ ГАЗА СЕКТОРЫ МАҢЫНДА***

2010 ЖЫЛДЫҢ 31 МАМЫРЫНДА ОРЫН АЛҒАН ОҚИҒА ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Қазақстан Жерорта теңізінде Газа Секторы маңында болған оқиғаны терең қайғымен қабылдады және қаза тапқандар мен жарақаттанғандардың отбасыларына көңілін білдіреді.

Біз Газа Секторы тұрғындарына халықаралық гуманитарлық көмек көрсету қажет деп есептейміз.

Қазақстан Республикасы бұл қайғылы оқиғаны тез арада жан-жақты тексеруді қолдайды және барлық мүдделі тараптарды ұстамдылық танытып, қақтығысты одан әрі шиеленістіруге жол бермеуге шақырады.

35-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

Келісімдерді жүзеге асыру, конвенция, лаңкестік, көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық, демеу беру, қаржылай көмек, меморандум, жаһандану үдерісі, өркениет, олқылықтарға жол бермеу, халықаралық коалиция, ұымдасқан қылмыс, заңсыз көші-қон, коммюнике.

36-тапсырма. Мәтінді оқып, қазақ тілінде коммюнике жобасын дайындаңыз.

Совместное Коммюнике Китайской Народной Республики и Республики Казахстан

По приглашению Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева с 11 по 12 июня 2010 года Председатель Китайской Народной Республики Ху Цзиньтао посетил с государственным визитом Республику Казахстан. Главы двух государств провели переговоры в теплой и дружеской атмосфере.

В ходе визита также состоялись встречи председателя Ху Цзиньтао с Председателем Сената парламента Республики Казахстан Касым-Жомартом Токаевым, Председателем Мажилиса Парламента Республики Казахстан Уралом Мухамеджановым и Премьер-министром Республики Казахстан Каримом Масимовым.

1.Главы государств провели глубокий обмен мнениями по казахстанско-китайским двусторонним отношениям, текущей ситуации в регионе и на международной арене. Стороны заявили, что строительство отношений равноправного и доверительного казахстанско-китайского стратегического партнерства является правильным историческим выбором, имеющим важное значение для укрепления всестороннего сотрудничества, упрочения дружбы двух народов и обеспечения региональной безопасности.

Стороны подтверждают, что дальнейшее углубление казахстанско-китайского стратегического партнерства является приоритетным направлением

внешней политики и отвечает коренным интересам двух государств и их народов. Стороны будут поддерживать и укреплять политический диалог на высоком уровне, углублять всестороннее сотрудничество.

2. Китайская сторона высоко оценила усилия казахстанской стороны и лично Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в укреплении мира и стабильности в Центральной Азии, а также в урегулировании острых региональных вопросов.

Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев поблагодарил Председателя Китайской Народной Республики Ху Цзиньтао за постоянную поддержку китайской стороной казахстанских внешнеполитических инициатив и вновь подтвердил, что казахстанская сторона поддерживает политику одного Китая, выступает против любых форм "независимости Тайваня". Казахстанская сторона поддерживает мирное развитие отношений между двумя берегами пролива и важное дело по мирному объединению Китая. Китайская сторона высоко оценила позицию казахстанской стороной по данному вопросу.

3. Главы государств пришли к единому мнению о необходимости углублять сотрудничество в двусторонних и многосторонних форматах в борьбе с терроризмом, сепаратизмом, экстремизмом, транснациональной организованной преступностью, контрабандой наркотиков и другой незаконной деятельностью, усилить взаимодействие двух государств в правоохранительной сфере, в области обороны и безопасности.

4. Стороны будут поддерживать высокий уровень взаимодействия, проводить консультации и принимать совместные решения, направленные на противодействие современным вызовам и угрозам безопасности в регионе. Стороны намерены расширять сотрудничество в международных и региональных делах, способствовать созданию благоприятной международной обстановки для развития двух государств. Будут укреплять координацию и взаимодействие в рамках Организации Объединенных Наций, Шанхайской организации сотрудничества, Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии и других многосторонних форматов для содействия миру, стабильности и развитию в регионе и мире в целом. Отмечают важный вклад двух государств в успешное проведение 3-го Саммита СВМДА в Стамбуле 8 июня 2010 года и заседания Совета глав государств-членов ШОС в Ташкенте 10-11 июня 2010 года.

Китайская сторона поздравила казахстанскую сторону со вступлением в председательство в Шанхайской организации сотрудничества. Стороны подчеркнули, что ШОС играет важную роль в обеспечении региональной безопасности и стабильности, в стимулировании развития и процветания государств-членов, что необходимо максимально использовать потенциал Организации, способствовать ее здоровому и устойчивому развитию.

В связи с 10-летием образования ШОС в 2011 году Стороны отметили, что будут совместно с другими государствами-членами Организации планировать проведение ряда мероприятий, продвигать сотрудничество в различных областях в рамках ШОС, придадут новый импульс развитию Организации.

5. Главы государств отметили широкое совпадение интересов и позиций двух Сторон в региональных и международных делах. Обменялись мнениями по ситуации в Кыргызской Республике. Подчеркнули необходимость продолжать содействие Кыргызстану в восстановлении экономики, предоставлять Кыргызстану гуманитарную помощь. Стороны считают, что ООН и другие международные организации должны продолжить оказывать Кыргызстану скоординированную помощь.

6. Стороны высоко оценивают своевременные и действенные меры двух государств, а также взаимодействие Сторон по преодолению влияния глобального финансово-экономического кризиса. Стороны будут прилагать активные усилия по совершенствованию структуры двусторонней торговли, улучшению условий для инвестиций, расширению сфер, а также наращиванию объемов торгово-экономического сотрудничества для вывода их на докризисный и даже более высокий уровень.

7. Стороны с удовлетворением отметили успешную реализацию крупных совместных инфраструктурных проектов в области энергетики, добычи полезных ископаемых, электроэнергетики, железных дорог, а также в других сферах. Стороны подчеркнули необходимость активных мер по эффективному обеспечению безопасности и защите законных прав и интересов граждан и юридических лиц другой Стороны на территории своего государства, созданию благоприятных условий для углубления между двумя государствами практического взаимодействия в различных областях и продвижения успешной реализации крупных проектов двустороннего сотрудничества.

Стороны в рамках Программы сотрудничества между правительством Республики Казахстан и правительством Китайской Народной Республики в несырьевых секторах экономик, подписанных в августе 2007 года, будут и далее активно реализовывать План мероприятий к Программе, продвигать конкретные проекты сотрудничества в области машиностроения, транспортной инфраструктуры, сельского хозяйства, текстильной промышленности, строительных материалов, строительства электростанций, нефтехимической и обрабатывающей промышленности, фармацевтики и других сферах. Стороны будут реализовать соответствующие проекты путем усиления кредитного сотрудничества.

По материалам Агентства Синьхуа 13-06-2010

(Интернет материалдарынан алынган)

Глоссарий

Коммюнике – (француз тілінен – *communiqué*, латын тілінен – *communicatio* – мәлімдеу, хабар) – Халықаралық келіссөздер, келісімдер, мемлекет өміріндегі маңызды оқиғалар барысы немесе нәтижелері туралы ресми хабарлама.

Мысалы, әскери операциялардың, саммиттердің, кездесулердің барысы жөнінде.

Коммюнике (фр. *communiqué* от лат. *communicatio* – сообщение, передача) Официальное уведомление о ходе или результатах международных переговоров, соглашений, ключевых событиях в жизни страны. Например, о ходе военных операций, саммитах, сборах.

37-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Халықаралық келісім жобасы, консулдық шарт қалай жасалады?
2. Дипломатиялық келіссөздер дегеніміз не?
3. Жақында өткен дипломатиялық келіссөздер туралы әңгімелеңіз.
4. Протокол дегеніміз не?
5. Декларация – халықаралық шарттардың мәмілелер түрінде жасалуы және т.б. қандай жағдайда мәлімдемелер жазылады?
6. Коммюнике – ресми құжатының мағынасы нені білдіреді?

СӨЖ тапсырмасы. Интернеттен, БАҚ материалдары бойынша соңғы 1-2 айдың ҚР мәлімдемелерін оқып, баяндама жазыңыз.

ЕЛШІЛІК

Елшілік – бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттегі елші басқаратын өкілдігі. Елшілікті төтенше және толық құқықты елші басқарады.

Елші – хаттамалық қатынас бойынша ең жоғары дәрежедегі дипломатиялық өкілдіктің басшысы. Елші мемлекеттердің өзара келісімімен тағайындалады. Ол тағайындалмас бұрын мына сатылардан өтеді:

1. агреман сұрау;
2. қызметке тағайындалуы;
3. тағайындалған елге келуі;
4. сенім грамотасы тапсырылған соң қызметке ресми түрде кірісуі.

Елшінің негізгі міндеттері:

1. Өзін аккредиттеуші мемлекет пен оның азаматтарының мүддесін қорғау;
2. өзі орныққан ел өкіметімен келіссөздер жүргізу;
3. аккредиттеуші мемлекет пен өзі орныққан мемлекет арасында өзара достық қарым- қатынасты дамыту;
4. елші аккредиттеуші елдің атынан сөйлейді.

Елшілік қызметкерлерінің пайдалана алатын белгілі бір жеңілдіктері бар. Мысалы: жеке басына, тұрғын үйіне қол тигізбеу, кедендік жеңілдік, мемлекет ішінде еркін жүру құқы.

Елшілік ұстау шығыны әр мемлекеттің өз мойнында.

Бүгінде әлемнің 30-ға жуық елінде Қазақстанның елшілігі бар, 40-тан астам елдің елшіліктері біздің елде жұмыс істейді.

38-тапсырма. Мәтінді оқып, жаттап алыңыз.

АНТ

Мен, Қазақстан Республикасының азаматы—————, Сыртқы істер министрлігіндегі дипломатиялық қызметке кірісе отырып, маған Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен сыртқы экономикалық саясаты бағытын жүзеге асыруға қатысуыма жоғары сенім жүктелгендігін терең сезіне отырып, салтанатты түрде:

- Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде өзіме жүктелген қызметтік міндеттерді адал да шын ниетпен, кәсіби деңгейде орындауға;

- өз Отанымның ұлттық мүдделерін қасиетті парыз, жоғары жауапкершілік сезіммен жан сала қорғауға және ол үшін күресуге, Қазақстан Республикасы Президенті белгілеген саясатты дәйекті түрде жүргізіп, Қазақстан халқына қызмет етуге;

- халықаралық құқық субъектісі ретінде Қазақстан Республикасының саяси беделі мен ролін біліктілікпен, табанды да нақты істермен арттыра беруге Ант етемін!

Бұл Антты бұзуым Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің мемлекеттік қызметкері деген жоғары атаққа сай келмейтінін толық түсінемін.

мерзімі

қолы

Т.А.Ә.

39-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.

Профессиональные навыки

Навык переговоров и повседневной дипломатии

Навык наблюдения, анализа и подготовки докладов

Представительский навык

Навык управления миссией

Коммуникативный навык и навык публичной дипломатии

Навыки, связанные с сопоставлением разных культур

Личные качества

Политические знания

Личная теплота и отзывчивость

Интеллектуальное любопытство и стремление к обучению

Интеллектуальная многосторонность

Лидерство

Практический ум

Глоссарий

Елші – 1) 1961 ж. дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында бекітілген, қазіргі кезде қабылданған халықаралық құқыққа сәйкес жіктеулер – I сыныпты дипломатиялық өкілдіктің басшысы (қаз. Дипломатиялық сыныптар мен дәрежелер); мемлекет басшысымен аккредиттеледі (қаз. Аккредиттеу). Толық ресми атауы – Төтенше және Өкілетті Елші (ағыл. *Ambassador Extraordinary and Plenipotentiary*).

1815 ж. Веналық регламент өзге сыныпты дипломатиялық өкілдіктерден елшінің өкілдік сипат ерекшелігін мойындады.

Қазіргі халықаралық құқық дипломатиялық өкілдіктердің басшылары мен өзге де сыныпты дипломатиялық өкілдіктерді басқаратын елшілердің арасында құқықтық айырмашылықты мойындамайды. 1961 ж. Вена конвенциясы «ағалыққа және этикетке қатысты өкілдіктердің басшылары арасында, олардың сол немесе басқа сыныпқа жатуына байланысты ешқандай айырмашылық жүргізілмеуі тиіс» – деп айқындайды. Бұл – мемлекеттердің егемендік теңдік қағидасының бір көрінісі болып табылады.

2) Елші – сыртқы қатынас органдарының дипломатиялық қызметкерлеріне берілетін жоғары дипломатиялық дәрежесі.

Төтенше елшілік – мемлекеттің тәуелсіздігін, ұлттық мерекені, мемлекет басшысы өз қызметіне кірісуін (коронациялар) жариялау салдарына қатысты салтанаттарға және мейрамдарға қатысу үшін, мемлекет басшысы және басқа ресми тұлғаларды жерлеулерге қатысу үшін өзге мемлекетке бағытталатын мемлекеттің делегациясы.

Қазіргі халықаралық тәжірибеде Төтенше елшілік жиі арнайы үкіметтік делегация деп аталады. Кейде төтенше елшіліктің қызметтері сәйкес елде тұрақты болып табылушы дипломатиялық өкілдікке жүктеледі.

40-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

ДИПЛОМАТ-ТҰЛҒА

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев



1953 жылы 17 мамырда дүниеге келген. Мәскеу Мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын, Пекин Лингвистикалық институтын (ҚХР), Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын бітірген. Халықаралық істер жөніндегі маман, саяси ғылымдарының докторы. Ағылшын, қытай және француз тілдерін жетік меңгерген. Дипломатиялық дәрежесі – Төтенше және Өкілетті Елші. Мамандығы бойынша КСРО Сыртқы

істер министрлігінің орталық аппаратында, шетелдік өкілдіктерінде қызмет еткен. 1992 жылдың наурызынан бастап – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, бірінші орынбасары. 1994 жылдың қазанынан бастап – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі.

1999 жылдың наурызынан бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі. 1999 жылдың қазан – 2002 жылдың қаңтар аралығында – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі. 2002 жылы қаңтар – 2003 жылы маусым аралығында – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысы – Сыртқы істер министрі. 2003 жылы маусым – 2007 жылы қаңтар аралығында – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2007 жылдың қаңтарынан бастап – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, үшінші сайланымдағы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы болып тағайындалады. «Парасат», «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» ордендерімен, төрт медальмен марапатталған. Қазақстанда және шет елдерде жарық көрген халықаралық қатынастар мәселелері жөніндегі алты кітаптың және көптеген мақалалардың авторы.

2011 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің Бас директоры қызметіне тағайындалды.

41-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңыз.

Сауд Арабия елшісін қабылдады

Бүгін Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясы Корольдігінің Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Хишам Абдел Уаххаб Зараны қабылдады.

Қасиетті Ораза айының басталуымен құттықтай отырып, жүздесушілер екі ел арасындағы экономикалық және мәдени салалардағы, сондай-ақ көпсалалық тұрғыдағы ынтымақтастықтың жоғары деңгейін және оның табысты дамып келе жатқанын атап өтті. Хишам Абдел Уаххаб Зараа Қазақстанның экономикалық және сыртқы саяси жетістіктері мен халықаралық аренадағы артып келе жатқан ролін жоғары бағалады және біздің еліміздің 2011 жылы

Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалық етуі табысты өтетініне сенім білдірді. Елші Сауд Арабиясы аш-Шура Мәжілісі (Консультативтік Кеңес) Төрағасының Эр-Риядқа ресми сапармен келуге шақыруын Қ. Тоқаевқа табыс етті.

(«Ана тілі» газетінен)

42-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Дипломатқа тән қасиеттерді атаңыз.

2. Белгілі бір дипломатты таңдап, оның сыртқы және ішкі келбетін жазыңыз.

3. Ұлы Абылай хан, халқымыздың үш дана билері – Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би туралы не білесіз?

4. Елшілік дегеніміз не?

5. Елшінің негізгі міндеттерін атаңыз.

СӨӨЖ тапсырмасы.

«Дипломатия жаршысы» журналынан белгілі дипломаттар туралы оқып, презентация жасау.

**Халықаралық ұйымдар
Международные организации**

Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы

Алғашқы кезде Еуропаның Қауіпсіздік және Ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің негізі 1973 жылы Кеңестер Одағының ұйытқысымен қаланыпты. 1973 жылы шілде айында Шығыс пен Батыс елдері арасында орын алған шиеленісті жағдайды реттеу үшін Хельсинкиде 33 мемлекеттің басшылары бас қосқан еді. Сол кезде басталған келісімшарттың соңғы қорытындысына 1975 жылы 1 тамызда Хельсинкиде қол қойылды, ол тарихқа «Хельсинки келісімі» деген атпен енді. Еуропа Қауіпсіздігі және Ынтымақтастығы Кеңесінің ресми құрылған кезі де сол 1975 жыл болып саналады. Алғашқыда оның құрамында 33 ел болды. Бүгінгі таңда бұл халықаралық ұйымға Еуропа, Орта Азия және Солтүстік Американың 56 мемлекеті мүше. Құрылғанына 40 жылдай уақыт болған ЕҚЫҰ – әлемдегі ең беделді ұйымның бірі. Ол үш бағытта жұмыс атқарады — қауіпсіздік, ынтымақтастық және адам құқы.

Жетпісінші жылдары бұл ұйым тек Еуропадағы Кеңес ретінде құрылды. Тоқсаныншы жылдары күрделі өзгерістер болып, бүгінгі аты беріліп, заңдастырылды. БҰҰ Жарғысына сай, ұйымның басты мақсаты – Еуропада болуы мүмкін дағдарыстың, жанжалдардың алдын алу, болдырмау, болып

жатқан жанжалдарды реттеу, осы ұйымға мүше елдердің қарулануын бақылау, сенім мен қауіпсіздік шаралары, адам құқықтары, экономикалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сайлауға бақылау жасау, басқа да демократиялық процестерді дамыту. Бұл халықаралық ұйым құрылған кезінен бастап әлемдегі бейбітшілікті сақтау ісіне зор үлесін қосып келеді.

ЕҚЫҰ-ның басқарушы органы –Тұрақты кеңес болып табылады. Аталған ұйымға мүше елдердің басшыларының және үкімет басшыларының кездесуі–ЕҚЫҰ Саммиті сирек өткізіледі. Қырық жылдай уақытта жоғары дәрежедегі осындай саммит тек алты рет ғана болыпты, олардың қатарында 1975 жылғы ұйымның негізгі құжатын қабылдаған Хельсинки Саммиті, 1990 жылғы Жаңа Еуропа Хартиясына қол қойылған Париж Саммиті, 1994 жылғы ұйымның негізгі құрылымын өзгертуге шешім қабылдаған Будапешт Саммиті, Будапешт келісімі бойынша Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы болып өзгерді. 1996 жылғы «XXI ғасырдың Еуропасы үшін жалпы және жан-жақты қамтитын қауіпсіздік үлгілері» туралы Декларация, «Қарулануға бақылаудың негіздері» және «Қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимыл бойынша форумның күн тәртібін дамыту» туралы құжаттарды бекіткен Лиссабон кездесуі және 1999 жылғы Еуропа қауіпсіздік Хартиясына қол қойылған Стамбул Саммиті бар.

ЕҚЫҰ-ның бюджеті 2009 жылы 185,7 миллион еуроны құрады. Бюджет қаржысы ұйымға мүше елдердің төлеген жарнасы негізінде құралады. Ұйымның орталық аппаратында 370 адам қызмет істейді. Оған қоса, ұйымның түрлі жобалары мен миссияларын жүзеге асыруға қатысатын 1000-нан астам адам бар және ұйым өз миссиясын орындайтын елдерден тартылатын 2000-дай сол елдердің азаматтары да оның қызметіне атсалысады.

ЕҚЫҰ Еуро-Атлантика және Еуразия кеңістігін біріктіріп отыр. 1992 жылдың қаңтарында Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының мүшесі болып қабылданды. 1995 жылы Вена қаласынан Қазақстан Республикасы өзінің тұрақты өкілдігін ашты. 2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төраға болып сайланды.

2010 жылы 1-2 желтоқсанда Астанада, жаңа мыңжылдықта тұңғыш рет ЕҚЫҰ-ның VII Саммиті өтті. Оның жұмысына ұйымға мүше және серіктес елдердің, БҰҰ, ИКҰ, Еуропа Кеңесі, ЕО, ТМД, ЕуразЭҚ, ҰҚШҰ, ШЫҰ т.б. ірі халықаралық және өңірлік ұйымдардың 73 ресми делегациясы қатысты. Бұл бес мыңға тарта өкілдер мен меймандар. Астана Саммитінің жұмысын 1300 қазақстандық және шетелдік журналистер жария етіп отырды.

Астанадағы ЕҚЫҰ Саммитінің нәтижелері – бұл:

- ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердің жоғары деңгейде кездесулер өткізу дәстүрлерінің жаңғыруы, қауіпсіздіктің аса маңызды мәселелері мен трансұлттық қауіп-қатерлерді шешу жолдары жөніндегі ашық диалог.

- ЕҚЫҰ жұмысына берілген жаңа серпін. Біртұтас және бөлінбейтін Еуро-Атлантикалық және Еуразиялық қауіпсіздік қоғамдастығын құрудың бастамасы.

-ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердің қауіптің жаңа ошақтары мен қауіпсіздікке төнер қатерлерді еңсеру жөніндегі пайымын танытатын тарихи Астана Декларациясының қабылдануы.

-Қазақстанның халықаралық беделінің айқын көрінісі, Мемлекет басшысының Еуразиялық интеграциялық бастамалары мен оның жаһандық әлемдік проблемаларды шешу жөніндегі ұсыныстарын дүние жүзінің мойындауы.

-Ұлтаралық татулық пен келісімнің қазақстандық моделін, республиканың әлеуметтік-экономикалық және саяси жетістіктерін, кемелдігі мен тұтастығын паш ету.

-Қазақстан елордасы танымалдығының жаңа деңгейі. Астана бұған дейін ЕҚЫҰ Саммиттерін өткізуге ұйтқы болған Еуропаның ірі қалаларының қатарынан орын тепті.

-ЕҚЫҰ VII Саммиті – сенім, дәстүр, ашықтық, толеранттылық.

Біріккен Ұлттар Ұйымы – екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО, АҚШ, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттерінің белсенділік танытуымен құрылған халықаралық ұйым Бас кеңсесінің орналасуы – Нью-Йорк, АҚШ. Ағымда БҰҰ құрамына 192 мемлекет кіреді. «Біріккен Ұлттар» атауын АҚШ Президенті Ф.Д.Рузвельт ұсынды, Декларациясы Сан-Францискода 1945ж. 24 қазанда қабылданды. Бұл БҰҰ-ның ресми күні болып жарияланды.

Устав – это свод правил, с помощью которого регулируются отношения между организациями, учреждениями, предприятиями и физическими лицами, а также устанавливаются права, обязанности физических и юридических лиц.

Устав – это один из официальных документов, который пишется по государственному стандарту. Любое предприятие выполняет свою работу согласно уставу. Устав принимается и утверждается на учредительном, общем собрании организации, учреждения, предприятия или же на Совете Учёных. Юридическое лицо подлежит государственной регистрации в органах Юстиции РК.

В правом верхнем углу пишется фамилия, имя, отчество должностного лица учреждения (организации, предприятия, товарищества), утвердивший этот документ, проставляется дата. Слово «Устав» пишется в середине страницы, ниже пишется порядковый номер документа, место издания, основные правила сформированного предприятия, основные обязанности, занимаемая должность, юридический статус, права и обязанности, цели и виды деятельности организации (учреждения, предприятия, товарищества), имущество организации (учреждения, предприятия, товарищества), органы управления, трудовой коллектив, реорганизация, ликвидация организации, заключительные правила. В конце устава указывается фамилия, имя, отчество главы организации (учредителя товарищества, директора предприятия, учреждения), ставится подпись.

Структура устава:

- общие положения;
- учредитель товарищества;
- юридический статус;
- права и обязанности участника товарищества;
- цель и вид деятельности организации (учреждения, предприятия, товарищества);
- имущество организации (учреждения, предприятия, товарищества);
- органы управления товариществом;
- трудовой коллектив товарищества;
- реорганизация товарищества;
- ликвидация организации (учреждения, предприятия, товарищества);
- заключительные правила;
- имя, фамилия и подпись главы организации (учредителя товарищества, директора предприятия, учреждения).

Реквизиты устава:

- наименование учреждения(предприятия, организации);
- вид документа (Устав);
- индекс, дата, гриф утверждения;
- текст;
- подпись руководителя учреждения (товарищества, предприятия).

1-тапсырма. Тұрақты орамдарды пайдаланып, сөйлем құраңыз.

Мемлекеттік тіркелуден өту, серіктестіктің нөмірі, заңды тұлға, құқығына ие болу, өз атынан мәмілелер жасау, мүлікті және мүлікті емес, заңмен қарастырылған, жалпы жиналыстың шешіміне сәйкес, серіктестік таратылған жағдайда, серіктестікке қатысушының міндеттері, Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленетін, қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз ету, соттың шешімі бойынша, тарату комиссиясы, Серіктестіктің Құрылтайшысы.

СӨЖ тапсырмасы. «Халықаралық Ұйымдар» сайтынан БҰҰ Жарғысы туралы баяндама жасаңыз.

Пікір алмасу: Мына құжаттар туралы не білесіз?

Жеті Жарғы – 17-ф. аяғы мен 18-ф. басында қалыптасқан қазақ құқықтарының жиынтығы. Өмірге әкелген — Тәуке хан мен оның билері. Мұны олар Әз Тәукенің «Жеті Жарғысы» деп атады.

БҰҰ-ның Жарғысы – Біріккен Ұлттар Ұйымының және оның басты органдар қызметінің мақсатын, принциптерін, мүшелігін, нысанын және тәртібін анықтайтын халықаралық шарт. Жарғы 1944 ж. Думбартон – Окс

конференциясында, 1945 ж. Қырым (Ялта) конференциясында, 1945 ж. 26 маусымда 50 мемлекет өкілдері қол қойған Сан-Франциско конференциясындағы ұзақ та күрделі келіссөздер нәтижесінде жасалды.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1. Жарғы қандай ресми құжат түріне жатады?*
- 2. Жарғының құрылымы қандай?*
- 3. Жарғының реквизиттерінде қандай ерекшелік бар?*
- 4. БҰҰ Жарғысының негізгі мақсаты қандай?*
- 5. Жеті Жарғы – тарихи құжат туралы не білесіз?*

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

Лауазымдық нұсқаулық – өндірістік өкілеттіліктер мен қызметкердің міндеттерін реттейтін құжат. Лауазымдық нұсқаулықты бөлімше басшысы өзінің тікелей бағыныштылары үшін әзірлейді. Оның тікелей қарамағында тұрған лауазымның лауазымдық нұсқаулығын ұйымның басшысы бекітеді. Нұсқаулықтың өзге лауазымдарын функциялары бойынша тиісті орынбасарлары бекітеді. Әрбір қызметкердің лауазымдық нұсқаулығының бірінші данасы кадрлар бөлімінде, екіншісі – бөлімше басшысында, үшіншісі – қызметкерде сақталады.

Лауазымдық нұсқаулықтарды бөлімшелер туралы ережемен сәйкес әзірлейді. Лауазымдық нұсқаулықтардың жиынтығы бөлімшенің барлық функцияларын қамтиды және қызметкерлер арасындағы жүктеме, олардың біліктілік деңгейі ескеріле отырып теңдей бөлінеді. Әрбір лауазымдық нұсқаулық осы жұмыстың өзге жұмыстардан қалай ерекшеленетіні туралы біржақты анықтаманы құрайды. Ұйымды лауазымдық нұсқаулықтармен қамтамасыз ету толығымен кадрлар бөлімінің бастығына жүктеледі. Лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеудің мазмұны мен процедурасын реттейтін стандарт жоқ, осыған байланысты әрбір ұйымның белгілі бір лауазымды сипаттауды дербес жасақтау мүмкіндігі бар. Жалдамалы жұмысшылар үшін заңның өзіне немесе соттың шешіміне қарағанда, заңнан туындайтын құқықтық актілер, лауазымдық және қызметтік нұсқаулықтар маңыздырақ.

Лауазымдық нұсқаулық персоналды басқару кезінде қажетті ақпаратты құрайды:

Лауазымдық нұсқаулық – бұл қызметкердің өзі үшін іс-қимыл басшылығы. Лауазымдық нұсқаулық оған мынадай білім береді: одан қандай іс-қимылдар күтіледі және қандай критерийлер бойынша еңбек нәтижелері бағаланады, осы лауазым аясында қызметкердің біліктілік деңгейін арттыру үшін бағдарларға түсінік беріледі. Лауазымдық нұсқаулықты талқылауға қатысу қызметкерге еңбектің шартына, ұйымдастырылуына, оны бағалау критерийіне әсер етуге мүмкіндік береді. Лауазымдық нұсқаулық – қызметкердің еңбек жолының нәтижелерін бағалауды өткізу, оның әрі қарай ішкі қозғалысы және қайта

дайындауы (жоғарылау, ауысу, босату, басшы кадрлардың резервіне қабылдау, қосымша оқуға жіберу және т.б.) туралы шешім қабылдауына негіз болып табылады.

Лауазымдық нұсқаулық жалдау кезінде қызметкерлерге негіздемелік іріктеуді, бос лауазымдарға кандидаттардың сәйкестігі деңгейін бағалауды өткізуге арналған ақпаратты құрайды.

(Орыс тілінен аударылып берілді)

Должностная инструкция – документ, регламентирующий производственные полномочия и обязанности работника. Должностные инструкции разрабатывает руководитель подразделения для своих непосредственных подчиненных. Должностные инструкции на должности, находящиеся непосредственно в его подчинении, утверждает руководитель организации. На другие должности инструкции утверждают соответствующие заместители по функции. Первый экземпляр должностной инструкции на каждого работника хранится в отделе кадров, второй — у руководителя подразделения, третий — у работника.

Должностные инструкции разрабатывают в соответствии с положением о подразделении. Комплект должностных инструкций охватывает все функции подразделения и равномерно распределяет нагрузку между работниками с учетом уровня их квалификации. Каждая должностная инструкция содержит однозначное определение того, чем данная работа отличается от всех иных работ. Ответственность за полноту обеспечения организации должностными инструкциями лежит на начальнике отдела кадров. Не существует стандарта, регламентирующего содержание и процедуру разработки должностной инструкции, в связи с чем каждая организация имеет возможность самостоятельно формировать описание той или иной должности. Практика показывает, что зачастую подзаконные правовые акты, должностные и служебные инструкции важнее для работников по найму, чем сами законы или решения суда. Должностная инструкция содержит информацию, которая необходима в процессе управления персоналом:

Должностная инструкция – это руководство к действию для самого работника: она дает знание того, каких действий от него ожидают и по каким критериям будут оценивать результаты труда, представляет ориентиры для повышения уровня квалификации работника в рамках данной должности. Участие в обсуждении должностной инструкции дает возможность работнику влиять на условия, организацию, критерии оценки его труда. Должностная инструкция – основа для проведения оценки результатов трудовой деятельности работника, принятия решения о его дальнейшем внутреннем движении и переподготовке (повышении, перемещении, увольнении, зачислении в резерв руководящих кадров, направлении на дополнительное обучение и т. п.). Должностная инструкция содержит информацию для

проведения обоснованного отбора работников при найме, оценке уровня соответствия кандидатов на вакантные должности.

3-тапсырма. Үлгіні оқып, Лауазымдық нұсқаулықтың құрылымына назар аударыңыз.

**Халықаралық қатынастар факультеті
қазіргі шығыс тілдері кафедрасының
аға оқытушысына
ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Аға оқытушының лауазымы конкурстық негізінде болып табылады.

1.2. Аға оқытушы кафедра меңгерушісіне және факультет деканына тікелей бағынады. Кафедра меңгерушісінің, факультет деканының, деканның оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының өкімдерін орындайды.

1.3. Өз қызметінде аға оқытушы Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарын, білім беру жүйесінің бағыты мен дамуын, педагогикасын, психологиясын айқындайтын салалық нормативтік, құқықтық актілерін, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің нормативтік актілерін, нұсқаулықтарын, Ережелерін, мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттарын, ҚазҰУ Жарғысын, университет бұйрықтары мен ҚазҰУ 604-08, 605-08, 701-08, 703-09, 706-08, 707-08, 708-08, 709-08, 711-08, 714-08, 802-09, 803-08 рәсімдерін және жоғары білім беру жүйесінің дамуы мен әрекет ету мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

2. БІЛІКТІЛІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1. Аға оқытушыға қойылатын біліктілік талаптары: жоғары білімі, ғылым кандидатының дәрежесі немесе PhD докторының академиялық дәрежесі (философия докторы) мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек тәжірибесі үш жылдан кем болмау, оның ішінде оқытушы қызметінде кем дегенде бір жыл болуы немесе мамандығы бойынша практикалық жұмыстағы еңбек өтілі екі жылдан кем болмауы тиіс.

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Кафедраның аға оқытушысы міндетті:

3.1. Ағымдағы оқу жылының жүктемесі бойынша жеке жоспарын орындауға.

3.2. Оқытудың кредиттік технологиясын білу, тізімдемелер мен сынақ кітапшаларын түзетулерсіз толтыру (оқу құжаттары).

3.3. Зертханалық-практикалық сабақтар, курстық және дипломдық жобалар, білім беру қызметінің басқа да түрлерін өткізу.

- 3.4. Оқытын пәндер бойынша оқытушылардың сабақ өткізу дайындығына жетекшілік ету, әдістемелік көмек көрсету.
- 3.5. Жоғары білім беру саласында оқу технологиялары мен белсенді әдістерді заманауи технологиялар негізінде енгізу.
- 3.6. Оқыту пәндері бойынша ПОӘК (УМКД) дайындау (қағаз және электронды түрде).
- 3.7. Ғылыми-әдістемелік семинарлар, ғылыми және ғылыми-тәжірибелік конференциялардың өткізілуін ұйымдастыру.
- 3.8. Оқу, оқу-әдістемелік, тәрбиелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.
- 3.9. Бекітілген тәртіпке сәйкес жеке жұмыс жоспарының орындалуы туралы кафедра меңгерушісіне есеп беріп отыру.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

Аға оқытушының құқықтары:

- 4.1. Факультеттің, университеттің әкімшілігіне кәсіби қызметті қамтамасыз ету туралы сауалдарды қойып отыру.
- 4.2. Халықаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында, оқу үдерісін ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу.
- 4.3. Кафедраның оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарының жоспарын жасауға қатысу.
- 4.4. Кафедра тақырыбына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізу.
- 4.5. Бекітілген тәртіпке сәйкес халықаралық, республикалық, университеттік және факультеттік ғылыми, әдістемелік съездерге, конференцияларға, мәжілістерге, семинарларға қатысу.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Аға оқытушы еңбек тәртібінің сақталуына жауапты.

Аға оқытушы өзінің лауазымдық міндеттерінің орындалуына жауапты.

Лауазымдық нұсқаулықпен танысқандар: _____ (қолдары)

(Орыс тілінен аударылып, қысқартылып берілді)

СОӨЖ тапсырмасы. «Лауазымдық нұсқаулықтар» блогынан өз мамандығыңыз бойынша мәлімдеме дайындаңыз.

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Лауазымдық нұсқаулық дегеніміз не?
2. Лауазымдық нұсқаулықты кім бекітеді?
3. Лауазымдық нұсқаулық қандай құжат негізінде әзірленеді?
4. Лауазымдық нұсқаулықтың құрылымы қандай?
5. Лауазымдық нұсқаулық қандай қажетті ақпараттан тұрады?

ХАТТАМА

Хаттама – мәжілістерде, отырыстарда мәселелерді талқылау және шешімдер қабылдау деректерін белгілейтін ресми құжат. Хаттаманы хатшы отырыс, мәжіліс кезінде жүргізеді.

Хаттаманың реквизиттері:

- ұйымның, мекеменің атауы;
- құрылымдық бөлімшенің атауы;
- құжат түрінің аты (хаттама);
- құжаттың тіркеу нөмірі, айы, күні, жылы;
- қатысқандар туралы мәлімет (саны, аты-жөні, лауазымы);
- күн тәртібі;
- төрағаның және хатшының қолы.

Протокол – это официальный документ, фиксирующий ход обсуждения вопросов и принятия решений на совещаниях, заседаниях. Протокол ведётся секретарём, который записывает выступления участников заседания, совещания.

Реквизиты протокола:

- наименование организации, учреждения;
- наименование структурного подразделения;
- название вида документа (протокол);
- регистрационный номер документа, дата;
- сведения об участниках (количество, ф.и.о., должность);
- повестка дня;
- подпись председателя и секретаря.

Грамматикалық минимум

Бұйрық райының 3-жағы (3 лицо повелительного наклонения):

-сын, -сін. Мысалы: *белгіленсін, қабылдансын, міндеттелсін*

Тұйық етістік (инфинитив)

Мысалы: *жүзеге асыру (осуществить), қаулы қабылдау (принять постановление), шешім қабылдау (принять решение), баяндау (доложить), міндеттеу (обязать), жүктеу (возложить)*

Көсемше (деепричастие):

-ып, -іп, -п жұрнақтары (суффиксы): *жазып, қабылдап, мақұлдап*

Сөздік

ұжым – коллектив
жиналыс – собрание
мәжіліс, отырыс – заседание
мәселелер бойынша – по вопросам

жарыссөз – дебаты, прения
күн тәртібі – повестка дня
қаулы – постановление
шешім– решение

5-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылыми-техникалық орталығы

2009 жылдың 20 қарашасы

№ 6 хаттама

Жаңа жылды қарсы алу жөніндегі комиссия мәжілісі

Қатысқандар: 12 адам (тізімі қоса беріліп отыр)

Күн тәртібі:

1. Өткізілетін шаралардың жоспарын талқылау.
2. Қаржы-қаражат мәселесі.

Тыңдалды:

1.Ә.Мұратовтың өткізілетін шаралардың жоспары туралы баяндамасы.
(Баяндама мәтіні қоса беріліп отыр).

Сөйлегендер: М. Есенұлы, Т. Жанатқызы

Қаулы:

Орталық қызметкерлерінің балаларына берілетін сыйлықтарды алу мәселесін қолданбалы математика институтына арту қажет. Безендіру мәселесіне әр институттан 5 адамнан бөлу қажет.

Төраға

ҚОЛЫ

Хатшы

ҚОЛЫ

6-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Халықаралық қатынастар факультеті

2009 жылдың 21 қазаны

№ 2 хаттама

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде – болашаққа интеллектуалдық секіріс» тақырыбындағы актілік дәрісіне байланысты халықаралық қатынастар 80-тобының кураторлық-эдвайзерлік сағаты.

Қатысқандар: 24 студент

Күн тәртібі:

1. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде – болашаққа интеллектуалдық секіріс» тақырыбындағы актілік дәрісімен таныстыру. Куратор-эдвайзер С.Б. Бексұлтанова.

2. Елбасының актілік дәрісі бойынша студенттердің ой-пікірлері (пікірсайыс).

3. Студенттердің оқу үлгерімі, сабаққа қатысу мәселелері.

4. Әртүрлі мәселелер.

Сөз сөйлегендер: Бүбешева Жанар, Әмірханов Эльнар, Ақшабаева Роза, Рылов Андрей.

Қаулы: Халықаралық қатынастар 80-тобының студенттері Н.Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасын бірауыздан қолдап, креативтілікке, зиялылыққа, біліктілікке ұмтылуға шешім қабылдады.

Төрайымы – С.Б. Бексұлтанова (қолы)

Хатшысы – А. Сұлтангелеева (қолы)

7-тапсырма. Үлгімен танысып, аяқтаңыз.

«ҚР Ұлттық ғылыми-техникалық орталығы» 6-бөлімінің мәжілісі

№__ ХАТТАМАСЫ

_____, 20__ ж.

Қатысқандар: _____ адам / тізімі қоса беріліп отыр/

Қатыспағандар: _____ адам

Дәлелді себеппен: _____ адам

Дәлелсіз себеппен: _____ адам

Шақырылғандар: _____

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру мәселелері»

2. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөлім басшысының бірінші орынбасарының баяндамасы.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

/сөздің қысқаша жазбасы/

«_____»" 6-бөлімнің жалпы жиналысы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының» орындалуы _____ міндеттелсін.

2. Бағдарламаны жүзеге асыруға ұжым мүшелерінің белсенді атсалысуы жөніндегі шаралар белгіленсін.

Төрағасы: (қолы) _____

Хатшысы: (қолы) _____

8-тапсырма.

Етістіктерді ырықсыз етіс тұлғасында жазыңыз.

Үлгі: жазу – жазылды.

Талқылау, қарсы алу, бекіту, сайлау, қабылдау, өткізу, жүргізу, ұсыну, тағайындау, мақұлдау, шешу, тексеру, орындау, келісу, айту, қол қою.

9-тапсырма. Мына сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, Президент Жарлығына сәйкес, нормативтік актілерге сәйкес, бірінші мәселе бойынша, күн тәртібіндегі мәселе бойынша, баяндама бойынша, іссапарда болуына байланысты, Президент Жарлығы туралы, Парламенттің шешімі туралы, Парламент шешімін жүзеге асыру, жиналыстың қаулысын жүзеге асыру.

10-тапсырма. Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс.

Баяндама, хаттаманың көшірмесі, қорытынды, сауал қою, қалыс қалу, дауыс беру, шешім қабылдау, талқылау, кеңейтілген мәжіліс, төралқа, жауап беру, төраға, төрайым, сөз сөйлеу, тізім, дәлелді себеппен, дәлелсіз себеппен, хаттама мәтіні, қаулымен танысу.

Бұйрық

Бұйрық – мекеме немесе кәсіпорын қызметкерлеріне байланысты қандай да бір міндетті шешу үшін кәсіпорын немесе мекеме басшысы шығаратын ресми нормативтік құжат.

Бұйрық мынадай жағдайларда: жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, басқа лауазымға ауыстыру, ұйымдастыру, қаржыландыру жұмыстарына байланысты және т.б. әртүрлі шаралар бойынша шығарылады.

Приказ – это нормативный официальный документ, издаваемый руководителем учреждения и предприятия для решения каких-либо задач, связанных с сотрудниками предприятия или учреждения.

Приказы

Приказы могут издаваться в следующих случаях: при приёме на работу, при увольнении работников, при переводе на другую должность, по организационным вопросам, по вопросам финансирования, а также по различным видам мероприятий.

Грамматикалық минимум

Бұйрық райының 3 - жағы (3 лицо повелительного наклонения):
жұрнақтары *-сын, -сін: босатылсын, қабылдансын, өткізілсін*

11-тапсырма. Үлгімен танысыңыз.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми-техникалық орталығы

Алматы қаласы

Бұйрық № 5

2009 ж. қарашаның 24

Байланыс электромеханигі Батыров Мырза Қанатұлы ҚР ЕТЗ 26-бабының 4 тармағы бойынша (уақытша жұмысқа жарамауынан 4 ай жұмысқа шықпағаны үшін) 2009 жылдың 24 қарашасынан жұмыстан босатылсын.

Негіздеме: Алматы қаласының 4 емханасының 2009 жылғы «20» 11 а 1/9 анықтамасы

Бас директор

Ә.С. Талжанұлы

12-тапсырма. Мәтінді оқып, жазыңыз.

Бұйрық

«Парасат» ЖШС

Жұмысқа қабылдау туралы

Арна Бағдатқызы «Парасат» ЖШС-на штаттық кестеге сәйкес жалақы көлемінде қаржыгер қызметіне қабылдансын.

Айрықша жұмыс жағдайлары үшін 10% көлемінде үстемақы белгіленсін.

Директор

ҚОЛЫ

13-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.

Приказ №.....

г. Алматы

«....» 2009 г.

«О приеме на работу»

ПРИКАЗЫВАЮ:

1. Принять на работу Александрову Анну Сергеевну, на должность юриста Юридического департамента с «....».....2009 г. с заработной платой в размере тенге.

2. Установить Александровой Анне Сергеевне испытательный срок с «.....»2009г. по «.....».....2009 г.

Основание: заявление о приеме, ИТД.

Председатель Правления

Согласовано:

С приказом ознакомлен (-а):
Александрова Анна Сергеевна.....

14-тапсырма. Құжатты оқып, қазақ тілінде мәтінін құрастырыңыз.

Приказ №.....

г.Алматы

«....» 2009 г.

«О командировке»

ПРИКАЗЫВАЮ:

1. Направить Александрову Анну Сергеевну – юриста Юридического департамента в командировку в г. Астана с «....».....2009 г. по «.....» 2009 г. для решения производственных вопросов.

2. Бухгалтерии выдать необходимую денежную сумму на командировочные расходы под отчет.

Основание: служебная записка.

Председатель Правления

Согласовано:

С приказом ознакомлен (-а):
Александрова Анна Сергеевна.....

15-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.

Приказ №.....

г. Алматы

«.....» 2009 г.

«Об отпуске»

ПРИКАЗЫВАЮ:

Предоставить Александровой Анне Сергеевне, юристу Юридического департамента, ежегодный оплачиваемый трудовой отпуск на 12 календарных дней с «.....».....2009 г. по «.....».....2009 г. за период работы с2008 г. по2009 г.

Основание: заявление об отпуске.

Председатель Правления

Согласовано:

С приказом ознакомлен (-а):

Александрова Анна Сергеевна.....

Сөздік

командировка – іссапар
необходимая денежная сумма – қажетті ақшалай сома
сохранение денежной заработной платы – бұрынғы жалақысын сақтай отырып
испытательный срок – сынақ мерзімі
правление – басқарма

16-тапсырма. Мына етістіктерді бұйрық райдың II, III жағында қойыңыз.

Үлгі: сұрақ қою – сұрақ қой, сұрақ қойыңыз, сұрақ қойсын.

Талап ету, тарату, шақыру, атқару, жүргізу, байланысу, жариялау, белгілеу, өткізу, дайындау, есеп беру, қамтамасыз ету, орналастыру, тағайындау.

17-тапсырма. Сөз тіркестерін аудару.

Приказ о предоставлении отпуска работнику, предоставить отпуск, ежегодный дополнительный оплачиваемый отпуск, учебный отпуск, без сохранения заработной платы, с приказом (распоряжением) работник ознакомлен, руководитель организации, наименование организации, табельный номер, дата составления.

СӨЖ тапсырмасы. Қызмет бабында кездесетін бұйрық түрлеріне кейіп-папка дайындау.

18-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Хаттама дегеніміз не?
2. Хаттаманың реквизиттерін атаңыз.
3. Хаттама қандай құжат түріне жатады?
4. Бұйрық–ресми нормативтік құжатты кім шығарады?
5. Бұйрықтың қандай түрлерін білесіз?
6. Бұйрық қалай жазылады?


19-тапсырма. Кроссвордты шешіңіз.

Тігінен:

1. Ата Заңның орындалуын қамтамасыз ететін өкім.
2. Нормативтік құжат.

Көлденеңінен:

3. Мәселелерді талқылайтын, шешімдер қабылдайтын құжат.
4. Үкімет тарапынан шығарылатын құжат.
5. Мекеме, ұйым басшысы шығаратын ресми құжат.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

Грамматикалық минимум

Жалқы есімдер (собственные имена существительные):

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Нәзір Төреқұлов

Тұйық етістік (инфинитив):

жүзеге асыру, тағайындау, босату

Изафеттік құрылым (структура изафет): *Қазақстан Республикасы, Сыртқы істер министрі*

Бұйрық райдың III жағы (повелительное наклонение III лица):

бекітілсін, босатылсын, тағайындалсын

Реттік сан есімдер (порядковые числительные): *2010 жылғы Імамыр, 3-бап, баптың 13,14-тармақтары, 3-тарау*

Сөздік

бекіту – утвердить; утверждать

Жарлық – Указ

қаулы – постановление

лауазым – должность; звание; титул; чин; ранг

тағайындау – назначать, назначить

тұрақты өкіл – постоянный представитель

тізбе – перечень

20-тапсырма. Құжат мәтінімен танысыңыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 7 наурыз N 299-ІІ

Осы Заң Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметі жұмысының құқықтық негіздерін, сондай-ақ ұйымдастырылу тәртібін айқындайды.

2-тарау. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПЕРСОНАЛЫ, ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЛАУАЗЫМДАРҒА ТАҒАЙЫНДАУ

8-бап. Дипломатиялық қызмет персоналы

1. Дипломатиялық қызмет персоналын мыналар құрайды:
 - 1) дипломатиялық қызмет қызметкерлері;
 - 2) дипломатиялық қызмет жұмыскерлері.
2. Дипломатиялық және әкімшілік-техникалық лауазымдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

9-бап. Дипломатиялық қызмет органдарына қызметке тұру

1. Дипломатиялық қызметке жоғары білімі бар, өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін тиісті іскерлік, моральдық, кәсіби қасиеттерге қол жеткізген әрі денсаулық жағдайы дұрыс Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшілерін Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдерін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және кері шақырып алады.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасарлары, ведомстволардың басшылары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады. (РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. (16-18-тармақтары)

Басқа лауазымдарға тағайындауды және дипломатиялық қызметтен босатуды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі жүргізеді.

3. Дипломатиялық қызмет органдарына қызметке тұру азаматтар алдын ала міндетті арнайы тексеруден өткеннен кейін жүзеге асырылады.

4. Шет елдегі жұмыстан кейін Қазақстан Республикасына оралған дипломатиялық қызметтің қызметкері, егер ол осы Заңның 22-бабында көзделген жазаларға тартылмаған болса, бұрын Сыртқы істер министрлігінде атқарған лауазымынан төмен емес лауазымға тағайындалады.

5. Дипломатиялық қызмет органдарына қызметке алғаш тұрған адамдар үшін үш айға дейін міндетті сынақ мерзімі белгіленеді.

Сынақ мерзімінен өтудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі белгілейді.

6. Бұрын сотталған және ақтала алмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған, сондай-ақ ұнамсыз себептермен мемлекеттік қызметтен босатылған адамдар дипломатиялық қызмет органдарына қызметке қабылданбайды.

3-тарау. ДИПЛОМАТТЫҚ ДӘРЕЖЕЛЕР

10-бап. Дипломаттық дәрежелер

Дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне атқаратын лауазымы және біліктілігі ескеріле отырып, мынадай дипломаттық дәрежелер беріледі:

- 1) атташе;
- 2) үшінші хатшы;
- 3) II сыныпты екінші хатшы;
- 4) I сыныпты екінші хатшы;
- 5) II сыныпты бірінші хатшы;
- 6) I сыныпты бірінші хатшы;
- 7) II сыныпты кеңесші;
- 8) I сыныпты кеңесші;

- 9) II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл;
- 10) I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл;
- 11) Төтенше және Өкілетті Елші.

11-бап. Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі

1. Төтенше және Өкілетті Елші, I және II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломаттық дәрежелерін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Басқа дипломаттық дәрежелерді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі береді.

Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ережемен белгіленеді.

2. Қызметкердің дипломаттық дәрежесі, әдетте, дипломатиялық қызметте атқаратын лауазымына сәйкес болуға немесе бір саты жоғары не төмен болуға тиіс.

3. Дипломаттық дәрежелерді беру тиісті куәліктер тапсырумен және қызмет тізіміндегі (еңбек кітапшасындағы) жазбалармен расталады. Осы Заңның 13-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, дипломаттық дәрежелер өмір бойына беріледі және сақталады.

12-бап. Дипломаттық дәрежелерде болу мерзімдері

1. Дипломатиялық қызмет қызметкерлері үшін дипломаттық дәрежелерде болудың мынадай мерзімдері белгіленеді:

- 1) атташе, үшінші хатшы, II және I сыныпты екінші хатшы үшін - екі жыл;
- 2) II және I сыныпты бірінші хатшы, II сыныпты кеңесші үшін - үш жыл.

I сыныпты кеңесшіден бастап және одан жоғары дипломаттық дәрежелерде болу мерзімдері белгіленбейді.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің дипломаттық дәрежелерде болу мерзімдеріне:

- 1) Сыртқы істер министрлігіндегі және оған бағынысты ұйымдардағы жұмыс;
- 2) шет елдердегі мекемелердегі жұмыс;
- 3) Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасы аумағындағы өкілдіктеріндегі жұмыс;
- 4) бұрынғы КСРО мен одақтас республикалардың сыртқы істер министрліктеріндегі жұмыс;
- 5) халықаралық ұйымдардағы жұмыс;
- 6) Сыртқы істер министрлігінің жоғары оқу орындарындағы және ғылыми мекемелеріндегі ғылыми немесе оқытушылық жұмыс;
- 7) Сыртқы істер министрлігінің саласы бойынша оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілікті арттыру;
- 8) Сыртқы істер министрлігі жоғары оқу орындарына, аспирантураға, докторантураға және ғылыми мекемелерге уақытша жіберген адамдардың оқу мерзімі есептеледі.

13-бап. Дипломаттық дәрежені мерзімнен бұрын және кезектен тыс беру, төмендету, одан айыру және қалпына келтіру

1. Жекелеген жағдайларда, жұмыста елеулі табыстарға қол жеткізсе немесе айрықша еңбек сіңірсе, белгіленген мерзім өткенге дейін (мерзімінен бұрын дәреже беру) немесе дәреже берудің кезегі сақталмастан (кезектен тыс дәреже беру) дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің дәрежесі өсірілуі мүмкін.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерлері, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінен жұмыстан босатылған адамдар Қазақстан Республикасының және өздері болатын елдердің заң актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда олардың дипломаттық дәрежесі төмендетілуі немесе олар дипломаттық дәрежесінен айырылуы мүмкін.

Мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны үшін дипломатиялық қызмет органдары жүйесінен босатылған кезде дипломатиялық қызмет қызметкері сонымен бір мезгілде дипломаттық дәрежесінен де айырылады.

Дипломатиялық қызмет қызметкерін дипломаттық дәрежесінен айыру немесе оның дәрежесін төмендету дәреже берілгендегідей тәртіппен жүргізіледі.

Дипломатиялық қызмет қызметкерінің бұрынғы дипломаттық дәрежесін қалпына келтіру қызметтік аттестаттаудан өткеннен кейін жүргізіледі.

4-тарау. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ӨТУ

14-бап. Дипломатиялық қызмет органдарында лауазым ауыстыру, қызмет атқару

1. Дипломатиялық қызмет персоналының лауазым ауыстыруы кадрлардың біліктілігі, кәсіби даярлығы, олардың ротациясы мен мамандану принциптері ескеріле отырып, қызмет бабындағы қажеттілікке сәйкес жүзеге асырылады.

Дипломатиялық қызмет органдарында бос қызмет орындарына тұру, келесі жоғары тұрған және төмен тұрған санаттарда қызметке тұру жолымен қызмет бабында орын ауыстыруды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерінің лауазымы шет елдердегі мекемелердегі жұмысы кезеңінде, оның шет елде болу мерзімі қызмет бабындағы қажеттілікке байланысты ұзартылған жағдайларды қоспағанда, бір реттен артық өсірілмейді.

15-бап. Ротация

1. Дипломатиялық қызмет органдарында дипломатиялық қызмет персоналының ротациясы жүзеге асырылады.

Ротация шеңберінде дипломатиялық қызмет персоналы, оның кәсіби даярлығы мен мамандануы ескеріле отырып, шет елдегі дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа жіберіледі немесе өздерінің қызметін Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде жүзеге асырады.

2. Дипломатиялық қызмет персоналының ротациясы мынадай түрлерге бөлінеді:

1) сыртқы ротация – Сыртқы істер министрлігінен шет елдердегі мекемелерге және шет елдердегі мекемелерден Сыртқы істер министрлігіне ауысу;

2) ішкі ротация – Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелері арасында ауысу.

3. Шет елдердегі мекемелердегі жұмыстар арасындағы кезеңде дипломатиялық қызмет персоналының Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелеріндегі жұмыс мерзімі, әдетте, кем дегенде екі жыл болуға тиіс.

4. Дипломатиялық қызмет жұмыскерлерінің шет елдердегі мекемелердегі үздіксіз жұмыс мерзімі үш жылдан аспауға тиіс.

Қызмет бабындағы қажеттілік пен сол адамның келісімі бойынша аталған мерзімді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі ұзартуы мүмкін.

5. Дәлелсіз себептермен шет елдегі мекемеге жұмысқа барудан бас тарту тәртіптік тұрғыдан теріс қылық болып табылады және тәртіптік жаза қолдану үшін негіз бола алады.

Шет елдегі мекемеге жұмысқа барудан бас тарту үшін дәлелді деп танылатын себептердің тізбесін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі белгілейді.

6. Шет елдегі дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа жіберу кезінде дипломатиялық қызмет персоналына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде біржолғы жәрдемақы төленеді.

7. Осы баптың 3, 4-тармақтарының күші шет елдердегі мекемелердің басшылары ретінде жұмысқа жіберілетін адамдарға, кеңесші-уәкілдерге, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдерінің орынбасарларына, сондай-ақ сирек кездесетін шет тілдерін меңгерген дипломатиялық қызмет персоналына қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев
(қысқартылып алынған)

Глоссарий

Ротация (латын тілінен *rotatio* – шеңбер айналым қозғалысы деген мағынаны білдіреді) – кезектесу, орын ауысу, қандай-да бір лауазымға кезекпен келу, құрамның жаңаруы. Ротация – саяси қызметтің аса маңызды нысандарының бірі.

Ротация (от лат. *rotatio* – круговое вращательное движение) – чередование, смена, поочередное пребывание в какой-либо должности, обновление состава. Ротация – одна из важнейших форм политической деятельности.

21-тапсырма. Құжатты оқып, бұйрық райда тұрған етістіктерді анықтаңыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қаңтардағы № 57 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің ведомстволық наградалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қаңтардағы № 57 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 2, 21-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1, 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) «Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін» Нәзір Төреқұлов атындағы медаль;

2) «Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы;

3) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің Құрмет грамотасы Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің ведомстволық наградалары болып табылады деп белгіленсін.

2. Қоса беріліп отырған:

1) дипломатиялық қызметтің ведомстволық наградаларының сипаттамасы мен үлгілері;

2) «Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін» Нәзір Төреқұлов атындағы медальға қоса берілетін куәліктің сипаттамасы мен үлгісі бекітілсін»;

осы қаулыға қоса беріліп отырған 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

К. Мәсімов

22-тапсырма. Мына сөздермен және сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

Ратификация, шарт, заң, өзара қарым-қатынас, ынтымақтастық, халықаралық заң, халықаралық пакт, құқық, кең ауқымды мәселелер, жобаны жүзеге асыру, кездесу барысында, қарқынды даму, халықаралық конвенция.

Мына сөздер синоним бола ма?

Шарт – келісімшарт, конвенция, пакт.

23-тапсырма. Терминдерді сөздік дәптеріңізге жазып алыңыз.

Дипломатиялық сөздіктен:

конвенция – конвенция, келісімшарт

конвенция оның қатысушыларына нақты міндеттемелер жүктейді – конвенция возлагает на её участников конкретные обязательства

пакт – келісім, пакт қос тараптық немесе көп тараптық халықаралық шарттың атауы – наименование двустороннего или многостороннего международного договора

пролонгация – ұзарту

халықаралық шарттың қолданыс мерзімін ұзарту, белгілі бір немесе беймәлім уақыт кезеңіне жасалады – продление срока действия международного договора, осуществляется на определённый или неопределённый период времени

паритет – теңдестік (паритет) тараптардан теңдей өкілдердің қатысуымен жүргізілетін келіссөздерді білдіреді – означает ведение переговоров при равном представительстве сторон

24-тапсырма. Құжатты оқып, аударыңыз.

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Латвия Республикасы үкіметінің арасындағы
Құқықтық ақпарат алмасу туралы
келісімді жасасу туралы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасы Үкіметінің арасындағы құқықтық ақпарат алмасу туралы келісімнің жобасы мақұлданын.
2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп латыш тарапымен келіссөздер жүргізсін және уағдаластыққа қол жеткізгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан аталған Келісімді жасассын.
3. Қазақстан Республикасының Әділет министрі Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасы Үкіметінің арасындағы Құқықтық ақпарат алмасу туралы келісімге қол қоюға уәкілеттік берілсін, оған Келісім жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етілсін.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министр _____

25-тапсырма. Құжатты оқып, термин сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

**ЖАРЛЫҚ
УКАЗ**

**Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму
жоспары туралы**

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Даму Стратегиясын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары (бұдан әрі – Стратегиялық жоспар) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық мемлекеттік органдар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар өз қызметінде Стратегиялық жоспарды басшылыққа алсын және оны іске асыру үшін қажетті шаралар қабылдасын.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын 1 шілдеге Стратегиялық жоспарды іске асырудың мониторингі қорытындыларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсынып отырсын.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші осы Жарлықтың қосымшасына сәйкес жойылды деп танылсын.
5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев

Астана, Ақорда, 2010 жылғы ақпанның 1-і. № 922

26-тапсырма. Етістіктердің шағын және қай райда тұрғанын анықтаңыз.

Ислам Конференциясы Ұйымының Жарғысына қол қою туралы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ислам Конференциясы Ұйымының Жарғысына Қазақстан Республикасы атынан қол қою туралы ұсыныс мақұлданын.
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі Қанат Бекмырзаұлы Саудабаев Қазақстан Республикасының атынан Ислам Конференциясы Ұйымының Жарғысына қол қойсын.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев

Астана, Ақорда, 2010 жылғы 19 наурыз № 955

27-тапсырма. Құжатты оқып, мазмұндаңыз.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы
Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы № 54 Заңы

2-бап. Халықаралық шарттардың түрлері

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары:

- 1) Қазақстан Республикасының;
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің;
- 3) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары) атынан шет мемлекеттермен және (немесе) халықаралық ұйымдармен жасасады.

6-бап. Халықаралық шарттарды жасасу мәселелері бойынша шет мемлекеттермен немесе халықаралық ұйымдармен қатынастар

Халықаралық шарттарды жасасу мәселелері бойынша шет мемлекеттермен немесе халықаралық ұйымдармен қатынастар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы жүзеге асырылады.

7-бап. Халықаралық шарттардың тілі

1. Екіжақты халықаралық шарттар, әдетте, келіссөздерге қатысушы тараптардың мемлекеттік тілінде жасалады. Тараптардың келісуі бойынша халықаралық шарттардың тілі ретінде өзге тіл таңдап алынуы мүмкін.

2. Көпжақты халықаралық шарттар келіссөздерге қатысушы тараптардың келісуі бойынша белгіленетін тілдерде жасалады

26-бап. Депозитарий функцияларын жүзеге асыру

1. Қазақстан Республикасының көпжақты халықаралық шарттарының депозитарийі функцияларын, егер осы халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес мұндай функциялар Қазақстан Республикасында жүктелген болса, Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары өз атынан жасалған көпжақты халықаралық шарттардың депозитарийі функцияларын, егер осы халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес мұндай функциялар Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарына жүктелген болса, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

3. Көпжақты халықаралық шарттардың депозитарийі функцияларын орындайтын шет мемлекеттер органдарымен, халықаралық ұйымдармен немесе олардың басты атқарушы лауазымды адамдарымен хат-хабар алмасуды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

32-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы № 2679 заң күші бар Жарлығының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 144-құжат) күші жойылды деп танылсын.

(қысқартылып берілді)

Глоссарий

Депозитарий (халықаралық құқықта)

(лат. *depositum* – сақтауға берілген зат) – халықаралық көп жақты шарттың түпнұсқаларымен соған қатысты барлық құжаттарды (мәлімдемелер (арыз өтініштер), ескертпелер, ратификациялық грамоталар, қабылдау, қосылу, денонсация және т.б. туралы құжаттар) сақтайтын бір немесе бірнеше мемлекет, халықаралық ұйым немесе осындай ұйымның басты әкімшілік лауазымды тұлғасы. Депозитарий көп жақты шарттың қалыпты жұмыс істеуінде маңызды роль атқарады. Депозитарий функцияларына сондай-ақ өзіне берілген өкілеттіктерді сақтау; түпнұсқалық мәтіннен расталған көшірмелерді әзірлеу және шартта көзделуі мүмкін өзге тілдердегі шарттың кез келген басқа мәтіндерін әзірлеу, сондай-ақ шарттың қатысушыларына және шарттың қатысушысы болуға құқығы бар мемлекеттерге осы құжаттарды жөнелту; шартқа қолдар қойғызу, шартқа қатысты құжаттар, хабарламалар мен хабарлар туралы қатысушыларды ақпараттандыру; қойылатын қолдардың, ратификациялық грамоталардың немесе шарттың күшіне енуі үшін қажет қабылдау, бекіту немесе қосылу жөніндегі құжаттардың саны алынғаны немесе депозиттелгені туралы мемлекеттерді хабардар ету; шартты БҰҰ Хатшылығында тіркеу міндеті де жатады.

28-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.

Министрлер бас қосты

Сеулде Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының Әділет министрлері Рашид Түсіпбеков пен Ли Кви Намның кездесуі болды.

Кездесуге қатысушылар екі ел әділет органдарының іскерлік байланыстары мәселелерін талқылады деп хабарлайды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің баспасөз қызметі.

Р. Түсіпбеков атап өткендей, Қазақстан үшін Оңтүстік Корея елі маңызды стратегиялық әріптес. Сондықтан да үстіміздегі жылғы өткізіліп жатқан Корея Республикасындағы Қазақстан жылы аясында екі ел әділет органдарының арасында байланыстарды нығайту елеулі оқиға болмақ.

Қазіргі заманғы Корея тәжірибесі, экономикасы, әлеуметтік, саяси және құқықтық саласы орасан қызығушылық туғызып отыр.

Кездесу нәтижесі бойынша өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

(«Ана тілі» газетінен)

Есіңізде сақтаңыз!

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары

2010 жылдың қаңтары - наурызы

Бірыңғай кедендік-тарифтік реттеу туралы келісім (*Мәскеу, 25.01.2008. 01.01.2010 күшіне енді*).

Тарифтік квоталарды қолданудың шарттары мен тетігі туралы келісім (*Мәскеу, 12.12.2008. 01.01.2010 күшіне енді*).

Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы келісім (*Мәскеу, 25.01.2008. 01.01.2010 күшіне енді*).

Үшінші елдерге қатысты бірыңғай кедендік аумақта тауарлармен жасалатын сыртқы сауданы қозғайтын шараларды енгізу және қолдану тәртібі туралы келісім (*Мәскеу, 09.06.2009. 01.01.2010 күшіне енді*).

Тауарлардың сыртқы саудасы саласындағы лицензиялау ережесі туралы келісім (*Мәскеу, 09.06.2009. 01.01.2010 күшіне енді*).

Айрықша жағдайларда Бірыңғай кедендік тарифтің ставкаларынан ерекшеленетін кедендік әкелу баждарының ставкаларын қолдану шарттары мен тәртібі туралы хаттама (*Мәскеу, 12.12.2008. 01.01.2010 күшіне енді*).

Тарифтік жеңілдіктер беру туралы хаттама (*Мәскеу, 12.12.2008. 01.01.2010 күшіне енді*).

Кеден одағының тарифтік преференцияларының бірыңғай жүйесі туралы хаттама (*Мәскеу, 12.12.2008. 01.01.2010 күшіне енді*).

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Әзірбайжан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі арасындағы Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (*Баку, 02.10.2009. 12.01.2010 күшіне енді*).

